

№ 2004  
548 к

Мағира Қожахметова

Ән-әуені





Мағира Қожахметова

# Әлеп-әуені


Увертюра. Портреттер. Эсселер

Алматы «Өнер» 1983





# УБЕПТЮПА



### Қожахметова Мағира

Қ 56 Әлем — әуен: Увертюра. Портреттер.  
Эсселер.— Алматы: Өнер, 1983.— 192 бет.

М. Қожахметова мерзімдік баспасөз бетінде көркем әңгімелері мен очерк-эсселері арқылы оқырман қауымға танылып қалған қаламгер. Оның бұл кітабына біртұтас өнер тақырыбындағы ой-толғаныстары жинақталып отыр. Жас жазушының қаламы ұшқыр, тынысы кең, тілі тартымды. Таңдаған тақырыбын ақындық жүрекпен тебірене толғап, тереңнен сыр шерте алған.

Қаз2

— О-О-О!

Стадион дүр сілкініп кетті. Мұз майталмандары көгілдір айдында заулай самғап бара жатты. Олар қарапайым адамдар еді, бірақ таңғажайып бір алып-тарға да ұқсайтын.

Адамның бойында бір серпіліс бар: талай күннен бергі еңсесін езген мағынасыз марғаулықтан аға-күде арылып, құстай ұшып келеді. Алатаудың ұшар басында, аппақ айдында айналып жүр, айналып жүр, жаңағы әзірге сыздана сызылған қарағайлы құздар біресе оң, біресе сол жағынан құлдырай қалып барады. Алға — аспанға жақындаған сайын жүрегінің соғуы жиілеп, көңілінің заңғарлыққа деген құштарлығынан өн бойы дір-дір етіп, әрі қуаныш, әрі үрей құшағында: «Өз-өзімді игере алмай құлап түсер ме екенмін»,— деп, әйтеуір сүрініп кетпеудің амалын қарастыра қарыштауға.

Жүрегі көкірегіне сыймай тулайды, әлде тыныс алуы шапшаң ба, әлде қиялы шапшаң ба, бір ойы бір ойын жетелей жарысып, ақ айдыннан әрі шексіздікпен тұтасқан көгілдір әлемге ұшып кететін сияқты. Төменде, жерде, шаршап-шалдығып, тұншыға жаздап жүргендерге өзі аясында қалқып ұшқан мынау көгілдір әлемнің сиқырлы құпиясын жеткізер құдірет бар Асқақ Адамның бойында.

Өн бойына құдірет боп дарып жатқан Алатаудың, әлде кеңістік әлемінің әсері ме, дәл осы сәт оның жаны тек шырқау шыңдар мен екі құздың ортасынан орын тепкен энеубір жалғыз шынардан ғана нәр алар. Түптің-түбінде сол шыңға шығандап жетер де, шынардай шалқайып төмендегі тырмысып-тыраштанғандардың үстінен қасқая қарар.

Шыңға өрмелеудің қаншалықты қиын екендігін де түсінеді, өйткені қатерлі жолда талай-талай қалт

басқанымен, ендікпей өрлеп барады. Үнемі өршеленуден бе, тұла бойында титтей артық ет жоқ, сәл тояттаса, сәл масайса — еркінен тыс жұмбақ күш Медеуге асықтырады да тұрады. Оған апарар қиынқыстаулы соқпақтың сыны бойындағы босаңдық дегеннің бәрін сылып тастап, анау таудың алмас айдынына жеткенше өз бабына, өз сәніне еніп, бәйгеге жаратылған жүйріктей тыпыршиды.

Асқақ Адамнан бұрын жеткендер де жүр, енді енді келіп жатқандар да бар, айналасына қараса — кілең өрге озғандар. Жүздерінен жайдарылық ескен жайсаңдар ғана, ешкім-ешкімнің аяғынан шалмайды, тек алға-алға асығады. Әлдекімнің қалбалақтап, әлдекімнің қорғаншақтап, біреу-біреудің етегіне жармасып жатқанына дейін жалт-жұлт еткен мұз дереу әшкерелеп тастайтындығынан қаймыға ма, бірен-сарандардың жымысқы ойы болғанымен-дағы, мұндағы тазалық жетегінде құрдымға кетеді екен. Биікке бұлардың қай-қайсысы да оңайлықпен жетпеген, бөтен пиғылдан мүлдем аулақ адалдар ғана маңдай терін сыпырып шықса керек.

Ерекше қалықтап, ерекше зымыраған, бойларын күш-қуат кернеген, кіл өжеттердің дүрмегіне екінің бірі қайдан ілессін. Әлсіздердің айдын үстін өз мәнерінше өрнектеген өршілдер тобына өресі жете қойсын ба! Егер ілесе кеткен күнде де жалпасынан жайғасып, зу-зу еткен зымырандардың ұлтанында қалмақ. Бірақ қарап қалмас, апыл-ғұпыл тұра салып, қабілеті жетпейтінін ұқса да, мұны мойындамастан, құстай қалықтағандарды іштей күндеп қала берер. Сонда, күншілдіктің түп-төркіні әлсіздіктен өрбитін болғаны ма? Ендеше, күншілдікті де, әлсіздікті де бойына дарытпай мықтылыққа құшағын айқара ашатын Медеуінен Асқақ Адам қалайша айналмасын!

Үнемі Медеуге асығып, үнемі Медеуді айналсоқтап шықпауы да сондықтан шығар. Адымдаған сайын

бойымдағы әлсіздіктен арыламын деп, жер бетінде шабан басып көп жүріп қалып, шарықтай ұшу сапарына тым кеш шығуы да өкініш боп көкейінде тұр. Мейлі, қанатын мезгілінен кеш сермегі дейік, әйткенмен Асқақ. Адам өзінің құдіретіне сенеді: қыранға ғана тән алғырлық, ерекше бір сергектік пен серпіліс бар өн бойында. Енді оның ұсақ-түйекке шашылмай, болымсыздықтарға бас ұрмай ұзаққа шабатыны, бабындағы бүркіттей қадалғанын қағып түсіретіні ақиқат. Сол үшін де тұрақ-жай етіп Медеуді таңдаған.

Бұнда өзі-өзін қызықтамайды, дүние жүзінің бұрыш-бұрышынан қырандар мекені — Медеуді бір көріп, сонда өз өнерін — өз мәнерін көрсетуді мүдде етіп келгендерді бағалап-бағдарлайды.

Кейде Асқақ Адам таң қалады: мынау биіктіктен оқша атылып, алға ұмтылғандардан өзге ешкімді кездестірмесе, Медеуде ғана туып, басқа жерде қайталанып-қайталанбауы екі талай сәттерге таңдай қағып, тамашалайтындарды көрмесе, майталман жүйріктің, мүмкін, ғұмырында жалқы рет жарқ еткен табысына ду-ду қол шапалақталмаса, таң қалмайды-ау, қатты қапаланады, екінің бірі Асқақ Адамның мекеніне жетіп жығылмайтынына көзі жеткенімен: «Шынымен, менің айналама еңсесі езілгендер қаптап кеткені ме, қалқып ұшар құстардан гөрі домаланған құрт-құмырсқаның, тәй-тәй басқан шабандықтың көбейгені ме?..» — деп налиды. Әлде жүйріктерді жүйріктер ғана, қырандарды қырандар ғана бағалап, шебердің қадіріне дәл сондай шебердің ғана жететіндігі рас па? Әйтпесе, небір дүлдүлдер мұнда әлемдік жаңалықтар жасап жатқанда, айнала тізбектелген сансыз орындықтар неге қаңырап бос тұрады?..

Кеңістікке тым кеш қанат қаққанына және бір өкінетін себебі бар. Егер қалғып-мүлгіп етекте көп жүріп алмағанда, сөз жоқ, Медеудің даңқын одан әрі

асырар еді. Жастайынан осындай шыңдарға өрмелеп өскенде, жастайынан қай бағытқа бет түзеуді білгенінде, етек-жеңін желбіретіп бұлайша жайбарақат қалмаған болар еді. Қанша асау, асқақ болғанымендағы ұдайы жарысып, ұдайы топ жаруы үшін өзінің сүйегінің ауырлап қалғандығынан жасқана қаймығады. Сондықтан бар үмітін дүбірлете соңынан екпіндеткен ұрпағына артады.

Арманы — Медеудің даңқын (бұлайғы да аты шулы атағына қарамастан) әлемге әйгілейтін, түптің түбінде түрлі түске малынып, бір асуды бір асуға, бір белесті бір белеске жалғастыра алтайланған Ал-Қара-Көкше таулардың шыңдарында шынығып-есейген өзінің ізбасары болса екен! Әр маусым сайын жаңарған әлемдік рекордтарды туғызып жатқан Медеу болса, оның қия тасын секіріп өскен ұланы қалайша үнсіз қалсын?! Бұған оның ізбасарының мүмкіндігі зор, ертелі-кеш өзін қамшылай аяңдаса да, жетер іргесіндегі айдынға.

Тіпті, қаншалықты аспанмен тілдескен айдын болса да, оны қолдарынан туғызып-жасаған, көк жүзінде мөлдіретіп қойған Асқақ Адамның әріптестері емес пе! Яғни, сен, ол, мен — бәріміз неге асықпаймыз Медеуге, неге еселеп аспандатпаймыз оның атақ-абыройын?

Бүгін де Асқақ Адам айдынның үстінде қалықтап, қанатын оңды-солды сермей, төменге жанарын тәкаппарлана тігіп, әзірге қысылып-қымтырыла қатарына ілескен ізбасарын ұшып-қонудың, биіктеп-құлдилаудың, сүрініп-жүгірудің қилы-қилы қиын сырларына баули шырқап барады, шырқап барады...

Шырқауға самғайтыны анық, өйткені төменге топ етіп түссе-ақ болды, тынысы тарылып, демігіп қалатынын ұғынғалы бері өз мекені, өз медегі етіп асқаралы шыңдарды таңдаған. Бұдан былай оны биіктерден ғана байқарсыз, мүмкін, қызыға, мүмкін, сүйсіне,

мүмкін, қызғаныштан ішіңіз удай ашып, аспан мен Асқақ Адамның сәулеленген жарығына тура қарай алмай, көзіңізді тарс жұмып аларсыз, бірақ өзіне қарай беруге, сұқтана беруге құштар етер сізді.


Ал, сен ше? Сенің де діттейтінің сол асқақтық. Сенің де көгілдір әлем бетінде өз өнеріңді — өз өрнегіңді әшекейлеп, биіктіктер ұшпағына көтерілуге құдіретіңнің жететініне сенім мол!

Менің осыншама биік, осыншама самғау ойларыманан ғой деймін: Мегеу... о-о-о!

Стадион тағы да дүр сілкініп кетті. Көгілдір айдында жалғыз өзім құстай ұшып келеді екенмін.



# ΠΟΡΤΡΕΤΤΕΡ



## БӘРІ ДЕ ДОМБЫРАДАН БАСТАЛҒАН

Ежелден ән мен күй табиғатымызға ауадай жақын әрі қажет болғанымен, оның ғылыми-теориялық тұрғыдан жүйеленуі әлдеқайда кенже дамыған. Мұның өзі кез-келген халықтың өркендеу жолындағы заңды көрініс десек те біздің музыкалық тарихымызда басқалардан да гөрі кешіректеу қалыптасқаны рас. Соның әсерінен шығар, жекелеген шығармалары әлемдік деңгейдегі классикалық озық үлгілерден ешқандай кем түспегенімен, Құрманғазы, Ақан сері, Дәулеткерей, Мәди сияқты таланттарымыздың бәрібір дүние жүзілік кең ауқымда қабылдана бермейтіні аса өкінішті. Ел, жер, шекара деген түсініктерден мүлдем аспандап кеткен Моцарт, Бетховен, Брукнер, Малер, Сибелиус, Шостаковичтің музыкада жасаған «төңкерістеріне» адамзат баласының керемет іңкәр болуы да осыдан. Өнерде бағы тасыған бұлардың қай-қайсысымен де бәсекелесуге тең келер Құрманғазы сияқты жүз, мың жылда жалқы туатын құбылыстың жоғарыда аталғандармен бірегей қабысып тұрмау себебін ең алдымен сол өзіміздің о бастан маңдайымызға жазып қойғандай әбден мойынсұнып үлгерген салдыр-салақтығымыздан, ештеңенің парқын бойлап, жүйелеп үйренбегенімізден іздейміз.

Шүкіршілік, ұзақ уақыт бойымызды иықтап келген мұндай керенаулықтан қазір арыла бастадық. Шуман, Лист, Шопен, Бизені туғызған ортаның бұл күндері қазақтың музыкалық бай дәстүрінен де мағлұматы бар, жер шарының түкпір-түкпіріне қалықтай ұшқан халқымыздың қасиетті ән-күйлері қаншама! Осынау игілікті істің негізінде дарынды өнер шеберлеріміздің атқаратын маңызы ерекше. Бұлардың арасында әнші, күйші, биші, жыршы сияқты атаулар құлағымызға осыншалықты таныс, ал дирижер дегенде, сәл тосырмай қарайтынымызды жасырудың қажеті жоқ. Өйткені-

ні жазып-сызуы ерте дамыған елдердің өзінде он тоғызыншы ғасырдың басында ғана өнердің дербес түрінде өрістегенін ескерсек, біздегі хал-ахуалының сипатына қанағаттанған мереймен қараймыз. Ахмет Жұбанов бастап Шамғон Қажғалиев жалғастырған дирижерлер өкілдерінің бүгінгі толқыны ішінде Герберт фон Караян атындағы халықаралық конкурстың дипломанты Төлепберген Әбдірашевтің есімін айырықша атаймыз. Творчестволық бет-бағдарысы айқындалып келе жатқан жігіттің өнерге келуінің өзі ғажап жайт. Симфония, оркестр, партитура деген сөздерді кішкентай кезінде естімеген, алыс түкпірдегі қарапайым қойшы баласының мектеп бітіргенге шейін нотаның не екенінен хабарсыз болғанына сену, қазір тіпті мүмкін емес. Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының Талап аулында оныншы класты бітіргенде, дирижер мамандығын таңдауды былай қойғанда, мұның тіпті не нәрсені білдіретіні де қаперіне кірмеген. Сірә, шынында да, адамның бойындағы қабілеттің оянып, сыртқа жарқ етіп шығуында тілмен жеткізуі қиын, сиқырлы бір жұмбақ жатса керек.

Музыканттар туралы айтқанда, әдетте арнайы мектепте оқып, есін жиғаннан бергі уақытын тек соған бағыштаған жандарды елестетеміз көз алдымызға. Балалық, жастық шағы шалғай ауылда өткен Төлепбергеннің творчествосына қызыға қарайтынымыз да осы арадан басталады. Бір ретте тосын көрінер жайттардың көлеңкесінен сирек кездесер таланттың қалай дамып, қанат қаққанын тамашалаймыз. Дирижер Төлепберген Әбдірашев дегенде, ашық аспан аясында дауылы, жауыны, бораны бар, бірақ қандай жағдайда да табиғаттың әрі қатал, әрі мейірімді мінезіне қанық, жердің өзегін жарып шыққан жабайы дала өсімдігі еріксіз еске оралады. Жөн-жосықсыз мәпелеуге дағдыланбаған мұндай өсімдіктердің тамыры тым тереңге жайылып, шырыны соншалықты нәрлі болады. Осын-

дай емін-еркіндікте өскен, жан дүниесіндегі өзіне тән ерекшеліктерден бірте-бірте ірі мінез қалыптасып, соңы өнерге ұласқан ауыл жігітінің өршіл талабы, романтикалық асқақ лебі талғамды тыңдаушыға қай кезде де қадірлі. Әсіресе, дәл қазір. Сергек сезімталдық, мейірімділік, ұшқыр қиял кішкентайынан сенімді серігі болса, музыкалық білімнен сусындаған тынымсыз оқу жылдары философиялық тұжырым, ойлау жүйесінің көкжиегін одан әрі кеңейтті.

Шарасынан төңкеріле жаздап, төңірегіне елегізі қарайтын нұрлы көздерінен ұшқын шашырайтын кішкентай қара баланы әдебиет пәнінің мұғалімі Мағжан Махабетов назарынан тыс қалдырмауға тырысатын. Мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесіне де баулыған сол кісі. Домбыраның құлағында ойнайтын оқушысы халық композиторларының күйлерін орындаған кезде ұстаз жүрегі мазасызданып, өзгеше ойға шоматын. Бәлкі, үлкен өнерге апарар жолға жетектеген де Мағжан мұғалімнің әсері шығар.

Балалық шақтың әр адамның зейінінде әр қилы із қалдырып, тұтастай тағдыр жасауда мәңгі өшпейтін өзіндік белгілері болуы жиі ұшырасады. Сол өзіндік белгілер кейін алды-артыңнан сағымдай бұлдырап, ұдайы бір үміт, бір сенім белгісінде кезектесе жарысып, жан-жағыңнан демейді де отырады. Адам үшін тіршілік бал дәуреннің ертегідей елестерінен ғана алғашқы демін алады екен. Төлепбергеннің бұған титтей күмәні жоқ. Талай рет өзі де таң қалған: ең алғаш есін жиып, көзін ашқанда көргені — домбыра, тек қана домбыра. Содан кейін өзінің домбырада ойнап, әпкелерінің билеп жүргені. *«Дүниеге келсем, домбыра тартып отыр екенмін. Қос ішектен төгілген әуеннің әр буынын қалт жібермей, тетелес өскен үш апайым аппақ білектерімен әуеге таңғажайып өрнек салып, мың бұрала билейді. Олардың аққудай қалық-*

таған бейнелеріне қызыға қараймын. Құлақ тұндырған дыбыстар әлде домбырадан, әлде кеудемнен шығып жатыр ма, әйтеуір, сыртқа атоялаған күй үзіктері жанымды қоярға жер таптырар емес. Әлден уақытта домбыраның шегі мүлдем жуанғап, сан мың үнге ұласып, күркірей шыққанда, биікке қалқыған әуеннің соңынан мен де ұша жөнеліппін. Бір-бірімізге дем беріп қанаттаса ұшып барамыз, ұшып барамыз. Аспан аясы тұнған ән менен күй екен. Төменге қарасам, жаңағы домбырамды әкем ұстап отыр, қолын бұлғап қояды, қуаныштан балбұл жанған жүзі еміс-еміс елес бергендей. Мен одан сайын шабыттана самғаймын...»—

Дәл осы сурет-сәттен Төлепберген көзін ашқан. Қайда жүрсе де, «дүниеге келгенде, домбыра тартып отырғанын» ұмытпайды.

Музыкалық мәдениеті көне замандардан нақтылы жүйеге келтірілген елдердің білгіштері қайталап жазудан жалықпайтын бір тұжырым бар: «Дирижерлікке үйренбейді, дирижер боп туады». Таласу қиын. Біздерге тосын ұғым тәрізді көрінгенімен, дирижерге қажетті қасиеттің ешқайсысы да қанымызға жат болмаған. Түбірі француз тілінен өрбіген, «басқару, меңгеру» дегенді білдіретінін ескерсек, атауының ғана оқыстау естілетінін байқаймыз. Мазмұн жағынан, яғни музыканы қабылдау, түйсіну, оны түрлі бағытта тарату, дамыту, елден-елге насихаттаудан жұрдай болдық деуге хақылымыз ба?! Ендеше Әбдірашевтің о бастан дирижер боп туғанына шүбә келтірмейміз. Өзін адам қалпында сезіну сәтінің қызық көрінісінен-ақ оның табиғи болмысы әнді, күйді, сазды меңгеруге лайық, қаласа тіпті кез-келген үнді «ұстап алып лақтыруға» шамасы жететінінен хабардар қылады. Төлепберген таңдаған өнердің құдіреті де осында, «құлақтан кірген» әуенді алақанымен аялап, әлсіз діріліне шейін жан-тәнінің елегінен өткізуінде.

Мектепті бітіретін жылы анасы қайтыс болды да, ауылдан ешқайда ұзауға жағдайы келмеді. Трактор айдап, совхоздың қайнаған жұмысының бел ортасында жүрді. Бірақ жастайынан қиялын тербеткен сиқырлы күш алысқа жетеледі де тұрды. Көп ұзамай астанадағы Құрманғазы атындағы консерваторияның дайындық курсынан бір-ақ шықты. Екі жыл бойы музыка әліппесін үйреніп, қазақтың халық аспаптары кафедрасына қобыз класы бойынша оқуға түсті. Үшінші курста шебер педагог, дарынды дирижер, Қазақ ССР-інің халық артисі Тұрғыт Османовтың ақылымен бойындағы қабілетін дирижерлік бағытта жалғастыруға мүмкіндік алды. Аға тарапынан жасалынған қамқорлықтың шегі жоқ еді. Халық аспаптары оркестрінің дирижері деген мамандық бойынша консерваторияны аяқтап, Шымкент музыкалық училищесінде оқытушылық қызметке орналасты. Келесі жылы нартәуекел деп, Москваның Чайковский атындағы консерваториясына сапар шекті. Опера-симфониялық дирижер класы бойынша бағын сынамақ. Үш орынға қырықтан астам үміткер жиналған. Сол үшеудің бірі болып Лениндік сыйлықтың лауреаты, Совет Одағының халық артисі Геннадий Рождественскийдің класына қабылданғанда, қатты толқыған. 1977 жылы Москвада оқи жүріп, Батыс Берлинде өтетін дирижерлердің халықаралық конкурсына қатысу бақытына ие болды.

Бүгінгі заманның бірінші дирижері саналатын Герберт фон Караянның жеке қаражатымен ұйымдастыратын дәстүрлі конкурсынан талай-талай атақты шеберлердің кезінде тұсауы кесілген. Бү жолы да дүние жүзінің барлық түкпірінен дерлік өкілдер топтасыпты. Кіл өңкей ығай мен сығай, сырттай бәрі мықты көрінгендердің арасынан Төлепбергенге таңданып та, күмәнданып та қарағандар кездесті. Конкурс шарты оңай емес еді, он сегіз шығарма

орындау керек болса, қандайы тап келетінін қайдан білесің.

Бірінші турда Гайднның 104-симфониясының екінші бөлімі және Бетховеннің 7-симфониясының финалына дирижерлік жасады. Гайднның аталған шығармасының бұл орындауға тиіс бөлімі бейнебір лирикалық әндей құлаққа сүйкімді естілгенімен, жазылуы аса күрделі, драматизмі күшті, әр кесегі музыкалық тереңдікті қажет ететін. Төлепберген бойын дереу жиып алды. Түрлі қақтығыста дамыған симфонияның дәл осы тұсын өз деңгейінде көтеріп әкету үшін алабөтен шымырлық керек-ті. Қас-қағымда Гайдн симфониясының тұтастай бітімін болжап үлгерген Төлепберген басын изей таяқшасын көтеріп қалғанда, оркестр бір деммен тыныстап жүре берді. Шетелдік көрермендердің алдында қағылез ғана қазақтың бейнесі дереу биіктеті, залдың іші өзгеше сәулеге бөленгендей.

Алғашқы аккордтан танымастай өзгеріп сала берген жас жігітке енді жан-жақтан түрлі-түрлі көзқарастағы тыңдаушылар елеңдей қарасып, бастарын шайқап қойысты. Кезек Бетховен шығармасына жеткенде, Төлепберген манадан бері ойын тежей берген ыңғайсыздықтан жеңілдегенін байқап, бұған тастүйін дайын екенін сезді. Ішкі сарайдан лықсыған өз-өзіне деген сенімнің әсерінен бе, 7-симфонияның соңын ерекше шабытпен аяқтады. Бас-аяғы он минутке жуық уақыт аралығына сыйған әуеннің жасампаздық рухы, мерекелік лебі, терең мағынадағы қуаныштың, халық көңіл күйінің айқын суреті дирижер Төлепбергеннің саусақтары, көздері, бет әлпеті арқылы оркестрге, оркестр арқылы тыңдаушылардың сана-сезіміне дарып үлгерген еді. Герберт фон Караянды «жібіткен» де, сірә, қазақ дирижерінің тұла бойына туа біткен табиғи қасиеті шығар-ау. Алғашқы турдан кейін жабық балдың нәтижесінде бірден суырылып, оза шапқан жұлдегерді асқан атақты өнер шебері ілтисіпатпен

қабылдап: «Осы қалпыңнан тайма»,— деп, ұзақ сөйлескен.

Соңғы жылдары республикамыздың музыкалық өміріндегі маңызды жаңалықтарында Т. Әбдірашевтің елеулі үлесі бар. Оның дирижерлік қызметі сан сала-лы. Опера, балет, симфониялық шығармаларды қатар орындап келеді. Моцарттың «Дон-Жуан», Вердидің «Бал-маскарад», Чайковскийдің «Мәткенің қарғасы», Леонковаллонның «Паяцы» операларымен қоса Аданның «Жизель», Асафьевтің «Бақшасарай фонтаны», А. Серкебаевтың «Ақсақ құлан» балеттерін сахнаға шығарды. Классикалық туындыларды халыққа сол озық нұсқасында жеткізуде шаршап-шалдықпай, бойындағы творчестволық мүмкіндігін жан-жақты байытуда.

Ішкі жан дүниесіне Бах, Шуберт, Брамс, Рахманинов, Чайковский, Сибелиус сияқты романтик симфонистер жақын болғанымен, шеберлігін айқындап, өзіндік өрнегін табу үшін, әр алуан дәуір мен бір-біріне ұқсамайтын композитор шығармаларына зерделілікпен ұдайы үңіліп отырады. Дирижер ойы, қиялы, көзқарасының басты құралы оркестр десек, ондағы адамдардың әрқайсысының орындаушылық өз беті бар. Әрбір музыкалық аспаптың қыр-сырын меңгергендей, оркестр мүшелеріне де сондай сауаттылық, рухани мықтылық таныту — дирижердің көп міндеттерінің бірі ғана. Професионалдық шеберліктің, ұйымдастырушылықтың, жинақылықтың күнделікті жаттығу кезеңдерінде тигізер көмегі қанша десеңізші!

Сахна артистері мен оркестрдің арасындағы дирижер ғана қабыстыра алатын сиқырлы сәттерінің, опералық, әйтпесе балет спектакльдеріне музыкалық басшылық жасаудың қиындығы, ерекшелігі толып жатыр. Оркестрмен жұмыс істеу, көпшілік алдына шығу, артист, режиссерлермен ортақ тіл тауып, қандай



да спектакльдің көркемдік деңгейін көтеру дирижерден үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Әдетте, Төлепберген көпсөзділіктен гөрі нақтылықты ұнатады, ойындағысын оркестрге айғай-дабырамен емес, жүрек қылымен жеткізуге бейім. Сондықтан да оның жетекшілігімен өткен спектакльдерден көрермендермен қоса артистердің өзі де ризалық сезімге бөленетіні бар. Өйткені дирижер Әбдірашевтің сиқырлы саусақтарынан, сезімге, мінезге бай тұлғасынан, мейірімділік тұнған жүзінен төңірегіндегілерге жылы шуақ тарап жатады. Опера әншілері мен бишілері, әсіресе, осы қасиетіне құштар. Небір күрделі партияларда Төлепбергеннің музыка құдіретін бүкіл жанымен түйсініп, дүниедегі таңғажайып атаулы бір өзінің көз алдында тоғысқандай, жалт қарағанда, бәрі-бәрі қалпына келе қалады. Сахна артисіне бұл айтарлықтай демеу. Кейіпкер көңіл күйінің әр сәтіне шейін, жалпы шығарманың тұтас мазмұны, әуездік желісін жадында сақтап, титтей өзгерісін қалт жібермейтіні Төлепбергеннің дирижерлік елгезектігін театр артистері өте жоғары бағалайды.

Ертеңгі күннің еншісіне жүктеген жоспары да ауқымды. Қазақ халық композиторларының, Е. Рахмадиев, Ғ. Жұбановалармен бірге Т. Қажғалиев, А. Серкебаев сияқты жастардың тың дүниелерін де кеңінен насихаттауда, сондай-ақ, әлем классиктеріне өзіндік бағытпен келуге әзірге айғайлап айтуға болмайтын асыл мақсаты бар. Сол мақсатқа адаспай келе жатқан Т. Әбдірашев қазір творчестволық мазасыз ізденіс үстінде.

## ҚҰДІРЕТ

Халқымыздың құрметі мен ілтипауына лайық еңбектерімен кездесіп-сөйлесуімізге де үлкен әсер етеді. Балет сахнасында өзіндік ерекшелігімен



дүние жүзін таң қалдырған Совет Одағының халық артисі, Лениндік сыйлықтың лауреаты Майя Плисецкаяның өмірге, өнерге деген көзқарасы аса қызықты. Мұны біз 1978 жылдың жаз айларында астанамызда өткен Совет Одағының Үлкен театрының гастролі кезінде Майя Михайловна Плисецкаямен кездесіп, сөйлескенде көңілімізге ерекше түйіп едік. Атақты балеринаның ой-тұжырымдарынан оның қайталанбас талант иесі екені сезіліп, әр сөзінен суреткерге ғана лайық мінезін байқағанбыз.

— Алғаш рет көпшіліктің алдында билегенде, не бары үш жаста екенсіз. Радиодан кездейсоқ естіген вальс ырғағына көшедегі ерсілі-қарсылы ағылған адамдарға назар аудармастан билеп жүргеніңізді көргенде, анаңыздың қатты қайран қалып, кейіннен осы табиғи қабілетіңіздің одан әрі дамуына әсер еткенін, жалпы кішкентай кезіңізден-ақ болашағыңызға зор үміт артылғанын талай рет оқып, естігенбіз. Балалық шағында кім-кім де арманшыл, талабы таудай боп келетіні рас. Бұл орайда «ақын болғым келеді», «қалай жазушылыққа үйренуге болады?» «арманым биші болу»,— деп күн сайын құшақ-құшақ ағылып жататын хат иелерінің сауалдарынан-ақ сіздің тағдырыңызға өте қызығып қарайтынын әбден түсінуге болады ғой деймін.

— Мұндай хаттар маған, шынында да, көп келеді. Жалпы, тағдырын өнермен байланыстырғысы келетін адамдарға ең алдымен жаратылысынан талантты болу керек деген ойды қайталаудан жалықпаймын. Өзіңнің қабілетіңді қыңырлықпен емес, қайсарлықпен, сенімділікпен дәлелдеу қажет. Қиындықсыз өмір жоқ, бірақ сәл нәрседен: «Жолым болмады»,— деп қол сілтеу, әйтпесе: «Мен талантпын, неге маған даңғыл жол жоқ»,— деп кеуде қағу мүлдем дұрыс емес.

Бірде жап-жас қыз баланың: «Мен тек балет үшін туғанмын, неге мұны ешкім көрмейді, бағаламайды»,— деп өзін оқуға қабылдамаған комиссия мүшелеріне қарсылық білдіріп, біраз жерге арыз айтып жүгіргенінің куәсі болғаным бар. Мені қатты қобалжытқаны

жас адамның өзін соншалықты жоғары бағалап, өзіне ғашық көзбен қарап, ешкімнің ақылына құлақ аспаған менмендігі еді. Бұл арада оны тәрбиелеген ата-ана, мектеп те, достары да кінәлі. Ешқашан да өзіңе ғашық көзбен қарамау керек. Кемшілігіңді сезіп, жұрттың айтқан сынынан қорытынды шығара білген де жөн.

— Яғни, қандай да адамның тәрбиелі болуы оның өскен ортасына байланысты дейсіз ғой. Сіз өзіңіздің бір кездегі ұстаздарыңыз жайлы не айтар едіңіз? Солардың арасында керемет әсер қалдырғаны бар ма?

— Мен Москвада туып өстім. Үлкен театрдың жанындағы хореографиялық училищеде алты жыл бойы көрнекті балерина, педагог Е. П. Гердтің класында оқыдым. Сол жылдардағы училище қамқорлығын, әрине, ешқашан ұмытпаймын. Бірақ маған совет балетінің Семенова, Уланова, Дудинская, Моисеев сияқты ірі шеберлерін тәрбиелеп шығарған профессор Агрипина Яковлевна Ваганованың жетекшілігінде өткен төрт ай таңғажайып әсер етті десем, артық айтқандық емес.

Онымен кездескенге шейін мен тек билеуді, бидегі «өзімді» ұнатсам, кейін жұмыс істеуді үйрендім. Балерина еңбегінің ар жағында қаншалықты творчество жатқанын ұғындым. Сахнаға шыққанда би қимылдарының еркін көрініп, бұған төгілген маңдай тер мен көл-көсір еңбегіңді міндетсінбеу керектігін түсіндім.

— Адамның бойында қандай қасиетті айрығыша бағалайсыз?

— Жан дүниесінің сезімге байлығын, басқалармен қарым-қатынаста біркелкі, бір сөзді болуын, кәдімгі тәртіптілікті қалаймын. Кез-келген адам өмір бақи өзін-өзі тәрбиелеп жүргені дұрыс. Төзімділік жоқ жерде, ішкі мәдениет жоқ жерде айналаңа сүйкімсіздіктен басқа ештеңе ұялатпайсың. Жаныңдағы адамдардың ақылымен, ой-пікірімен әрдайым санасып жүргенге не жетсін. Мысалы, мен үшін басқалардың

айтқан сын-ескертпелері жеке сеніміме, көзқарасыма айналып жатса, тек қана қуанамын.

— Қиын сәттерде Сізге не көмектеседі?

— Қандай жағдайда да өзімнің еңбегіме деген құштарлығым — өз ісіме деген сенімім үлкен әсерін тигізді. Классикалық музыка тыңдаймын, кітап оқимын. Пушкин мен Вознесенскийдің шығармаларын аса сүйіп оқимын. Бірақ ең бастысы — өзімнің күшіме, көзқарасымның дұрыстығына сенемін.

— Балеттің болашағы туралы не айтасыз?

— Келешекте балет өнері қазіргіден гөрі тамырын әлдеқайда терең жаяды. Бір кезде балетке жай ғана «көңіл көтеру» үшін деп қараса, уақыт озған сайын оған деген көзқарас та түбірімен өзгеруде. Балеттің мүмкіндігі көп. Бұл арада мәселе ең алдымен балет-мейстерге байланысты. Қазір жеңіл-желпі қимылмен, «әдемі» секірумен көрермендерді қызықтыра алмайсың. Сондықтан да біздерге, халыққа нағыз өнер көрсету үшін әлі де көп еңбектену, іздену қажет.

— Жас бишілердің ішінен кімге ерекше үміт артасыз?

— Соңғы жылдары балет өнеріне өзіндік қолтаңба алып келген Надежда Павлованың орны бөлек. Ол шын мәнінде сахна үшін, билеу үшін туған жан. Бес-алты жылдың ішінде Надяның қол жеткен табысы оның талантының шынайылығын көрсетеді. Жалпы жастардың өнердегі алғашқы қадамдары менің назарымнан тыс қалмайды. Қашан да оларға ақыл-кеңесімді айтып отырамын. Бірақ өнер өлкесінде бәрі де адамның жеке қабілетіне, күш-жігеріне байланысты ғой.

— Атаққа, даңққа қалай қарайсыз?

— Егер менің өнерімді халық салқын қабылдаса, сахнадағы қимылым көрерменге ешқандай әсер етпейтінін сезсем, дәл сол сәттен бастап билеуді мүлдем доғарар едім. Адамның атақ-даңқын жасайтын да,

жасамайтын да халық, көрермен қауым. Халық ешқашан да қателеспейді. Ал атағым бар екен деп аздаған табысыңа мәз болып, өзіңді де, өзгені де алдап жүргеннен жаман ештеңе жоқ. Творчество жалқаулықты, тоқмейілдуді көтермейді. Талантты болу, атақты болу міндет емес. Бірақ кез-келген жұмысты шабытпен істеуге болады. Жүрек қалауыңмен істеген шаруаң халқыңа да, қоғамға да пайдалы.

— Творчестволық сапармен Сіздің бармаған еліңіз кемде-кем. Талай жерді араладыңыз, талай халық өкілдерімен таныстыңыз, сол сан алуан әсерлерден кейін Алматы туралы түйген алғашқы пікіріңіз...

— Қала ұнады. Алматы керемет жасыл қала. Тау, жасыл желек. Табиғи, бәрі жарасымды. Өзара үйлесімділікпен бой көтерген үйлер, зәулім ағаштармен көмкерілген көшелер жанға жайлы әсер етеді. Мұндағы көшелермен «машина басып кетеді-ау» деп қорықпай, ойланып-толғанып жүруге болады. Қалаларыңызда басқа жердегі сияқты еңсеңді езіп, бір-бірінен айнымайтын көп қабатты сұрғылт үйлер аз екен. Ал, көптеген қалалардың бір көшесінен екіншісін айыра алмай қалатынымыз рас қой.

— Бір көшенің екінші көшеге ұқсай беретіні сияқты өнерде де өзіңе дейінгіні жатырқамай, өгейсімей, қайталау, әйтпесе өліп-өшіп бір рет тапқаныңды өмір бақи таптап өтумен шектелу жиі, өте жиі ұшырасады. Қайталамау, қайталанбау қиынның қиыны ғой. Бірақ Сіздің еңбек жолыңыз да сондай қиындықтан басталғанын білеміз. Нәзік те сезімтал Аврора, салқын қанды, ызбарлы Раймонда, бейнебір ұлы суретшінің полотносынан түсіп қалғандай сұлу да адал Джульетта, өршіл де еркін Лауренсия, қызу қанды Китри, аяушылықты білмейтін, қатыгез Мирта, ақтықтың, аққулардың төресі Одетта, бұған қарама-қарсы Одиллия, міне, Сіз сомдаған кейіпкерлердің әрқайсысы дербес тұлға. Бұлардың қай-қайсысы да Сіздің

дарыныңыздың жан-жақтылығын: бишілік, актрисалық, музыкалық, техникалық шеберлікті жете меңгеріп, ең бастысы — ешкімге еліктемей жиып-тергеніңізді, ой-қиялыңызды, тәніңізді, жаныңызды бәрін-бәрін өз еркіңізге бағындыра алатын қасиетіңізді дәлелдейді. Соған қарағанда, талант деген үлкен ұғымға нақтылы сипат беру қиын-ау...

— Қазір жадағайлыққа, айтары арзан, жылт еткен жалтыраққа, татымсыздыққа талант атты құдіретті анықтаманы тым көбірек қолданып жүрміз. Талант сирек кездесетін, мүлдем сирек деп айтуға болады, жаратылысынан қанға дарыған табиғаттың өзгеше сыйы, оның жарыққа шығуы қашан да жан толқытарлық, әрі қуанышты, әрі ұлы құбылыс. Жатпай-тұрмай оқумен, ізденумен, еңбектенумен, тындырымдылықпен талантты болу мүмкін емес. Білімділікті, кәдімгі еңбекке деген ынтаны ешқашан талантпен шатастырмаған жөн.

Кез-келген творчествоның негізінде мазасыздық, қобалжу жатады. Суреткердің халыққа ұсынар туындысының мән-маңызы үшін қобалжуы. Бірақ бұл өз күшіңе өзің сенбеушілік емес. Творчествода өзіңе-өзің сенбеуден, жөн-жосықсыз жаутаңдап, жасық болғаннан жаман ештеңе жоқ. Жұмыс істей білу керек, күресе білу керек, сол еңбектену және күресу үшін ең әуелі талғамың болсын.

Өнер жолы қиын, бұған төтеп беру әркімнің тағдырына бағышталмаған. Менің өмірімде де талай ауыр сәттер кездесті. Табиғатымнан солай ма, кім білсін, қандай қиындықты да қайсарлықпен жеңіп келе жатқандаймын. Өзіңді алдауға, алдануға, көп нәрсені қызықтап зерттеуге болады, бірақ ақыл-ойыңды, күш-жігеріңді бір ғана жайтқа арнағанға не жетсін. Әйтпесе, жалған білімдарлыққа, дилетанттыққа ұрындым дей бер. Жастардың арасында өздерін

«ашылмаған талантпын», «тұншыққан данышпанмын» деп сезіну арагідік ұшырасып жүр. Адамдар рухани «менінің» пәрменділігімен ғана өздерінің көзқарасын, сенімін сақтап, қорғауға тиіс.

— Сахнадағы алғашқы қадамыңыздан Сіздің әуенге билеуді емес, асқан сезімталдықпен әуенді билеу ерекшелігіңізге мамандар, сыншылар назар тоқтатқанды. Әрине, бұған өнерлі ортада туып-өскеніңіз де әсер еткен шығар. Ұзақ жылдар бойы классикалық балеттің небір інжу, маржан үлгілерін көрсеттіңіз, көрсетіп те келесіз. Дүние жүзінің қай түкпіріне барсаңыз да түрлі халық өкілдері өнеріңізге табына қол соғып, есіміңізді аңызға айналдырған ғажап теңеулерді естідіңіз. Совет классикалық балетінде өзіңізге ғана тән қолтаңбаңызды әбден дәлелдегеніңіз рас. Әйгілі балетмейстерлер Сіздің ерекше мүмкіндіктеріңізді ескеріп, арнайы балеттер қойды. Француз балетмейстері Ролан Пети: «Тұңғыш рет Плисецкаяны көргенімде оның биі жүрегіме бірден қанжардай қадалып, алғашқы көзқарастан оған деген сүйіспеншілігім оянды»,— деп жазып, кейін атақты австриялық композитор Г. Малердің музыкасы бойынша өзіңізге арнап балет дайындады. Дегенмен де, біз үшін Сіздің «Карменіңіз» айрықша қымбат. Даулы ұғымға әрі батыл, әрі келте қайырсақ, «Кармен — сюита» советтік балеттің даму тарихына бүтіндей жаңалық енгізді дер едік. Мұның өзі балеттің көкжиегін кеңейтіп, оның әлі де игерілмей жатқан мүмкіншілігі барлығын дәлелдеген сияқты. Соңғы жылдары сахнаға шығарған тұлғаларыңыз ұзақ уақыт бойы балет туралы қалыптасқан қасаң түсінігіміздің тас-талқанын шығарды. Кармен, Анна Каренина, енді міне, Айседора Дункан...

— Жаңағы айтқан музыкаға емес, музыканы билеудің мен үшін маңызы зор. Бұл орайда қандай музыка ғана емес, соның қалай, қандай аспапта орындалуы, дирижердің шеберлігі (балет музыкасының дирижері)

маған әр кезде әр түрлі әсер етеді. Ешқашан бір билеген партиямды екінші рет дәп солай орындай алмаймын (бұның зардабын киноға түскен кезде көргенмін).

Балеттің мүмкіндігі шексіз, оған бағынбайтын құбылыс жоқ деп есептеймін. Кармен менің сан жылдарғы арманымның, маңдай терімнің жемісі. Дәл осы Карменнен де менің өмірімдегі негізгі белес басталғаны рас. Алғашқы кезде оны біреу құлап-сүріне қабылдады, біреу шошына қолын сілтеді. Бұдан мен тіпті де қорыққан жоқпын. Мен үшін ең қауіптісі — өнеріме берілер орташа баға. Кубалық балетмейстер Альберто Алонсоның қойған бұл шығармасы талай уақыттан аңсаған бақытыма жол ашты. Мұнда бәрі де ой елегінен өткізілген, титтей артық деталь жоқ, Кармен — мүсінделген мінез, тұнып тұрған ой.

Осыдан біраз жыл бұрын Югославияның Дубровник қаласында Белградтың труппасы бишісінің орындауында М. Равельдің «Болеросын» көріп, көрнекті француз балетмейстері Морис Бежардың қолтаңбасына қатты қызықтым. Кейін гастрольде жүрген кезімде танысудың реті келіп, пікір алыстық. Содан бері біздің арамызда достық қарым-қатынас орнады.

Бежар, міне, нағыз талант! Ол тек Европаның емес, Шығыстың, Африканың мәдениетін жан-жақты зерттеп, 1960 жылы Брюссельде «XX ғасырдың балеті» театрын құрып, 90-нан астам балет қойған. Ол суреткер ретінде өз саласында төңкеріс, жаңалық жасауға әбден правосы бар деп ойлаймын.

— Қайбір кездері Үлкен театр труппасының орындауында Франция, Австралияда оның балеттері табыспен өткенін орталық баспасөзден оқығанбыз. Бетховеннің Тоғызыншы симфониясына балет қою, расында да, таңсық. «Фауст» спектаклінде Бах шығармалары мен аргентиналық танголарды қатар қолдануы, балет-



те түрлі өнердің элементтерін пайдалану, көзіміз үйренбегендіктен бе, көкейімізге онша қона да қоймайтын тәрізді.

— Қонбайтын несі бар. Кезінде Айседора Дунканның өзі шәкірттерімен Бетховенның Тоғызыншы симфониясын үлкен сахнада қоюды армандаған. А. Дунканның туғанына 100 жыл толуына орай қойылған Бежардың «Айседорасы» оның туындыларының ішіндегі ең нәзік балет. Замандастарына керемет әсерін тигізген Дунканның бейнесі мен үшін де аса қадірлі. Жалпы, Бежардың спектакльдері ешкімге, ештеңеге ұқсамайды. «Болероны» дайындаған кезде оның мектебінің қаншалықты қиын, әрі керек мектеп екендігін ұқтым. Балерина болғандығыма тұңғыш рет өкініп, премьерә өтетін күні қайтып та кетуге оқталғанмын.

— Сіздердің Париждегі кездесулеріңізді журналистер «Құдай мен перінің кездесуі» деп тегін айтпаса керек. Бұл қарым-қатынастың болашақтағы творчестволық жұмыстарыңызға да тигізетін ықпалы бар деп түсінеміз ғой. Үлкен театрдың сахнасында Бетховеннің Тоғызыншы симфониясын Морис Бежардың қоюы жайлы СССР Мәдениет министрлігінде сөз болғанын оқып едік. Фауст—Гетені, Бетховенді, Малерді, Гогольды, Чеховты, Толстойды балет тілімен түсіндіру...

— Балеттің бағындырмайтын құдіреті жоқ деген ойымды тағы да қайталаймын. Әрбір суреткер ең алдымен өз заманының, өз ғасырының перзенті. Бірақ, қандай да тақырыпқа барғанда, меңгергенде оны «уақыт талабынан», «аса керек, актуалды» деген ұранмен «қымбаттатудың» да, «арзандатудың» да қажеті шамалы. Өнерде: «Кімге? Неге? Не үшін?» емес, өнерде «Қалай?» деген сауалдың маңызы ерекше. Кез-келген тақырыпты жап-жасыл жайқалған орманды отап тастағандай жүдетіп те, кез-келген тақырыпты

шөл даланы суарғандай құлпыртып та жіберуге болады. «Болеро» балетін дайындаған аз уақыттың ішінде мен өзімнің өмір, өнер, жолымда керемет суреткермен жолымыздың түйіскенін ұғындым. Бежардың суреткерлік танымының даралық қасиеті ғана емес, оның басшылығындағы көп ұлтты коллективтің еңбек сүйгіштігі, өздеріне талап қойғыштығы керемет әсер етті. Ол классикалық балеттің қатал заңдылықтарын сақтай отырып, XX ғасырдың интернационалдық рухында құлашын кең сермеді. Сірә, сондықтан да дүние жүзінің түкпір-түкпірінен оның труппасына көптеген жастардың ағылып барып жататындығы. Ол Испан, Иран, Аргентина, Үнді сияқты халық әуендерін классикалық музыкамен шебер үйлестіре алады.

— Соңғы жылдары аты шығып жүрген біздің қазақ балетінің қол жеткен табыстары туралы да айтуға болар еді. Ұлттық нақышта біраз туындыларды Болат Аюханов жетекшілік ететін коллектив сәтті шығарды. Жалпы, өнердің қай саласында да өзіңе дейінгі қалыптасқанның бәрін зерттей отырып, мойындай отырып, толықтыра тойтарыс бере алмасаң, бәз-баяғы таптаурындық, бәз-баяғы қайталаушылық айналып кеп, қайтадан алдымыздан шығады.

— Әрбір ұлттың түп-тамырында өзіне ғана тән ғажап қасиеті, мінезі болады. Өзіне тән сиқырлы да жұмбақ сыры болады. Мұны мен дүние жүзінің төрт бұрышын түгелге дерлік аралап, талай-талай халықтармен танысып біліскендіктен айтып отырмын. Шет елдерге, кең байтақ Отанымыздың республикаларына сапар шеге жүріп, етене жақындаса жүріп, мен қазақтардай орыс тілінің үндестік ырғағын бұзбай, соншалықты таза сөйлейтін өзге халық өкілдерін кездестірген емеспін. Бұл, әрине, дұрыс та. Бірақ өнердің негізінде ұлттық ерекшелік, өзіндік колорит жатпайынша және болмайды. Жүздеген, мыңдаған жылдар бойы жасалынған тілдің, сөздің, өрнектің, бояудың

құдіретін құлдырату, құлату еш мүмкін емес. Бұл арада дұрыс түсінігіңдер, менің таңырқағаным кейбір жастармен кездескендегі олардың өз тілін білмейміз деп қалған қайсыбір сөздері. Жастарға ешқашанда ана тілді ұмытпаңыздар деген тілек айтқым келеді. Өмірдегі, өнердегі, жадағайлық, таптаурындық осындай тексіздіктен өрбиді.

Ұлттық нақышты классикалық ұғыммен қабыстыруға ниет білдірген Б. Аюхановтың қолтаңбасы туралы жылы ойдамын. Балет бишілеріңіз Рамазан Бапов туралы да кезінде баспасөз бетінде лебізімді айтып, мақала жазғанмын.

— Өзіңізді өнердің өзге саласында, әйтпесе, басқа мамандықта елестете аласыз ба?

— Музыкаға қатысы бар қандай да жұмысты істер едім. Тірлігімді музыкасыз, тіпті де, көз алдыма келтіруім мүмкін емес тәрізді. Бах, Моцарт — сүйікті композиторларым, классикалық музыканы тыңдау жанның рақаты ғой!

— Қазіргі музыка туралы не айтар едіңіз? Эстрадаға қалай қарайсыз?

— Стравинский, Шостакович, Прокофьев, Хачатурян, Шедрин біздің заманымыздың, уақытымыздың тынысында кең болжамдар жасады, XX ғасырдың музыкасы сезіндіруден гөрі ақыл-ойыңды байыта, түйсік танымыңа салмақ түсіруге, талдауға бейім. Эстрадалық дүниелер көбінесе өткінші сипатта, әйтпесе бір сәтке жұпар иісі аңқыған әтір сияқты.

— Міне, қанша жылдан бері әлемді таң қалдырып келесіз. Күнделікті үздіксіз жаттығулар, ізденістер, творчество адамының сәт сайынғы мазасыздығы қажытпауы да мүмкін емес-ау. Сіздің, әсіресе соңғы жылдары сахнаға шығарған туындыларыңызға қарасақ: әрі таң қаларлық, әрі қызығарлық хал кешеміз. Бұны бір ретте өнердегі ерлік деп қабылдаймыз. Өз мүмкіндігіңізде Сіз балетке бағынбайтын ештеңе жоқ

десеңіз, мұның ар жағында суреткерлік тұлғаңыздың өзіндік қана ерекшелігі тұр. Творчестволық табыстарыңыздың сырын даралап айту қиын шығар, әйтсе де Сіздің өнеріңізге табынғанда, түсінген сыңаймен бағалағанда көз алдымызға бір бағытта бір сарынмен аққан момақан толқындарға тойтарыс берген қарсы ұлы бір ағыстың елестейтіні бар...

— Әлгінде айтқан, «әлемді таң қалдырып келесіз» деген сөздің қаншалықты шындығын білмеймін, бірақ өз басым есімді білгеннен өмір, әуен, әлемге таң қалып келемін, өмір, әуен, әлемді жырлап келемін. Мен үшін бәрі қызық, тіпті сіздердің мына көк базарларыңыз да таңсық. Ондағы жеміс-жидек, өрік-мейізден бастап Шығысқа тән нақыш, гу-гу әуен, бәрі де сурет, көрініс, ой...

Би өнері адамнан бір ғана емес, мың ерлікті талап етеді. (Бірақ бұл әлі өнердегі суреткерлік ерлік емес.) Оған ғұмырын арнаған жан тіршіліктің ірілі-ұсақты құбылысын әр күн сайын өз еркіне көндіремін деп азаптанады, шыдайды, төзеді, тағы да азаптанады...

## МҮСІН ТІЛІ

Мүлгіген ағаш қашан да қалың ойға жетелейді. Әсіресе, азан-қазан шуы мол көшеден кейін қойнауынан жанға жайлы тыныштық есіп, үп еткен желдің лебін қағып алар парктің тынысы Гүлшара анаға қай кезде келсе де — әрі жақын, әрі таныс. Аяңдап отырып Тоқаш Бокинге орнатылған ескерткіштің қасына жеткенде, мақтаныш пен қуаныш сезімі араласқан ерекше хал кешетіні бар. Сүйікті немересі Әлияны ертіп шыққан күні бұл қуанышы еселене түсіп, әбден мәз-мәйрам болады екеуі. Ал оңаша келе қалса, асыл жар, мейірімді әке, адал азамат Әлімбайдың бейнесін тым жақыннан елестетіп, ұзақ бір сыр тұңғиығына

батады. Бұрын мән бермейді екен, тас мүсіннің төңірегіне айбын тастап, жинақылыққа шақырумен қатар жүрек түкпірінде жасырынған мұңын да бөлісердей қасиеті бар сияқты. Әттең, өмірден ерте кеткен жолдасы ұлдарының есейіп, өз жолдарын тапқанын көрмегеніне өкінеді, әйтпесе, тағдырына өкпелімін деп айта алмайды.

Ана үшін әр баланың орны бөлек. Кішкентайынан елгезек өскен Бақытжанның да өзіне тән балалық қылықтары көп еді. Асфальт бетіне, шарбақтардың сыртына сурет салуға әуес-тін. Кейде бұлардың үйіне көрші балаларының: «Мені айнытпай салып қойыпты, неге мазақтайды»,— деп арыз айтып келетіндері де кездесетін. Аппақ қағаздың бетіндегі шимайдан көз сүрінердей, бұған бірақ ересектер жағы назар аудармайтын. Бірде әкесі қызмет істейтін мекемеге командировкаға келген москвалық маман үйлерінде қонақ болды. Әлі мектепке де барып үлгермеген балғын жастың қолынан мұншалықты сурет шықты дегенге қатты таң қалып: «Егер оның талабын құптамасаңыздар, бұл қылмыспен тең, міндетті түрде суретшілікке баулыңыздар»,— деп, қайта-қайта өтінді. Бұрыш-бұрышта шашылған сурет қағаздарын қызыға жинастырып, Бақытжанды сондай бір мейірімділікпен бауырына тартқан.

Ескерткішке қарап тұрып, Гүлшара апай өзі де сөзі де әлдеқашан көмескіленген бейтаныс мейманның үйлерінде жалқы рет болғанда, кішкентай ұлының келешегін болжап кеткен «сәуегейлігін» есіне алды. Алған бетінен қайтпайтын өжет, бұған қоса табиғатынан ақжарқын, адал боп ержеткен баласы ата-ананың ғана емес, бүкіл ел-жұртының да сенімін ақтаса, кеудесін қалайша шаттық кернемесін! Өзіне әлі де күні кешегідей көрінгенімен, өзгелер үшін ол мүсінші, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Бақытжан Әлімбайұлы Әбішев.

Өнер сүйгіш қауымға ол тұңғыш рет «Таң» атты дүниесімен танылды. Сәбиін аспанға ұшыра қағып алғалы тұрған бейнеден уақыт пен заманның тынысы айқын аңғарылады. Әдетте, ана мен бала тақырыбы ежелден келе жатқан дәстүрде, елжіреп-емірену, құлағымызға жағымды естілер әлди аясында қамтылатыны белгілі. Бақытжан мұны өзіндік қолтаңбамен шешкен. Пластикалық идея мүлдем тосын желіге құрылған. Кеңістікпен үйлесім тауып тұрған мүсіннің өн бойынан жіті қараған көзге бұрын-соңды байқала бермеген жаңалықтың жылы ұшырайтыны анық. Жастықтың жалындаған күші, арнасынан асып төгілген қуаныш, өзіне-өзі сенген маңғаздықты аңғармау мүмкін емес. Жас тәннен ескен тазалық бір сәтке алып-ұшпа лепірме күйге бастап әкеткелі тұрған жағдайыңды да кешірердей. Күн шуағынан көзін жұмып алған уыз бүлдіршінге ықыласың ерекше ауып, сол тұстан шығарманың бояуы қоюланып шыға келеді. Өмірге деген құштарлық еседі өн бойынан. Соншалықты іңкәрлікпен көкке талпынған дененің қимылқозғалысы бейнебір музыка сазынан хабардар еткендей. Биікте қалықтаған нәрестенің арқасында кеңістіктің өзі де билеп кеткен тәрізді. Тізесін сәл бүгіңкірей қолдары әуеде ұшқан әйелдің пәк бейнесі жан мен тәннің мәңгі өшпейтін өршіл рухын білдіреді.

Мынау жалған дүниеде уысыңа ұстап қалар не бар екен?! Тіпті, «ештеңе жоқ» деп жауап берсек те, жарыққа шыққан адам өмірімен, дүрс-дүрс соққан жүрек лүпілімен теңдесер басқа құдіретті табу қиын шығар. Кеңістік пен уақытты мәңгілік десек, бұны анықтап тұрған да сол адамзаттың бүлкілдеген қан тамыры. Жас әйелдің ерке қылығы, еркін қимылы, міне, соны аңғартады. Өзін өмірдің өзегіндей сезінген-

діктен де, ана әрдайым асқақ. Сүйкімділігімен, нәзіктігімен, сұлулығымен, қорғансыздығымен асқақ. Табиғатынан қорғансыз жаратылған әйелдің басты қаруын айналып-айналып келгенде, жаңағы әлсіздігінен іздейміз. Мейлі мойында, мейлі мойындама, бұлтартпайтын заңдылық осы. Теңесуге құлшынудың тым артық кеткен зорлығынан табиғи негізінен жұрдай болуға айналғанын жиырмасыншы ғасырдың әйелі ұғынуы екіталай. Он жетінші, он сегізінші ғасырдың әйелі нәрестесін тек бауырына қысса, қазіргі заманның әйелі баласын көкірегіне басумен қатар, аспанға да лақтыра алады. Көзі ашық, сауаты мол бүгінгі ерікті әйелден бәрін-бәрін күтуге хақылымыз. Сондықтан да «Таңдағы» бойжеткенді қайраты бойына сыймай тасыған жігерлі, әрі сәбиін аймалаған нәзік ана ретінде қабылдаймыз.

Мүсіншіге идеяның тууы да, оның жүзеге асуы да оңай емес. Адамнан бастап жан-жануардың сан алуан қозғалысына шейін назарынан тыс қалмай, кейде сырт көзге ұсақ, елеусіз көрінер жайттардан үлкен ой туындайтыны жиі ұшырасады. Жоғарыда өзімізді түрлі-түрлі ой кештірген шығарманы алайықшы. Бірден дап-дайын күйінде туа қалған жоқ. Москваның В. И. Суриков атындағы мемлекеттік көркем сурет институтының соңғы курсына оқып жүргенде болуы керек, студенттердің кешінде бір қазақ қызының мың бұрала билегені есінде. «Таңның» алғашқы жобасы со жолы көз алдына елестеп, кездейсоқ жайттан кейін көңілін көптен мазасыздандырып жүрген идеяның кілтін тапқандай болған.

Халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің портретінде автор алдына әлдеқайда қомақты мақсат қойған. Көзіміз әбден үйренген, бір-бірінен айырмасы шамалы «бастардың» ешқайсысына ұқсамайды. Ғұламаның бет әлпетінде ішкі дүниенің таңғажайып қозғалысы ілкі сәтке тұнып қалғандай. Ой мен сезім байлы-

ғының салмақтылықпен бейнеленген көрінісі. Телегей-теңіз дарын иесінің сыртқа жарқ еткен көңіл күйінің былайғы шақта елеусіздеу көрінер жұмбақ сырын тапқан. Кеңістіктің қырағы жанар байқап алар толып жатқан сиқыры мүсіннің тұтастай сипатын толықтырып тұр. Композициялық формасында пәлендей күрделілік сезілмегенімен, «не айтар екен» дегендей, ақтарыла қарай бересің және қараған сайын жүрегіңді мазасыздық кернеп, ірі болмыспен бетпе-бет жүздескендейсің. Ұлы суреткердің бет пішінінде жайбарақаттылықтың титтей ізі жоқ, сірә, осынысымен де терең мағыналы, қызықты.

Творчествоның қандай түрі болсын, адамнан асқан төзімділік, күш-қайратты талап етсе, мұның ішінде әсіресе мүсін саласында тер төгудің қиындығы мүлдем көп. Тіршіліктің кез-келген құр ғлысын қиялына әрдайым бағындырып отырумен бірге сол құбылыстардың өзінен қаншалықты бағынышты десеңізші. Балшықты илеп, гипсті қатырып, тасты бұзып, мәрмәрді, гранитті қашаудың алдында да, соңында да мүсіншінің арқалар жүгі ауырлай береді. Ең алдымен қағазға түсер, әйтпесе кәдімгі пластилиннен иленген үлгілер қашан негізгі материалға аударылып, «жаны» кіргенше, титтей дамыл жоқ оған. Бас-аяғы жұмырланып, бітті-ау деген дүниелеріне де Бақытжан уақыт өткен сайын сынай қарап жүр. Жоғарыда сөз еткен шығармалардың кейбір тұсын қайта қарасам ба деген ойда. «Мұхтар Әуезовтің портретінде» әлі де тереңдете түсу керек» десе, «Таңдағы» әйелдің қолдары мен саусақтарына өзгеше қозғалыс бергісі келеді.

Өз еңбегіне тоқмейілси қарау өнер адамының қасіреті болса, бұдан бойын да, ойын да алыс ұстайтын жігіттің алғашқы қадамы сәтті басталды. Алма-тыдағы 28 панфиловшылар паркінде орын тепкен Тоқаш Бокин ескерткіші үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Жұмыс барысын-



да парктің іші-сыртын толық зерттеп, болашақ шығармасының қоршаған ортамен үндестік табуына ерекше назар аударды. Сансыз эскиздер жасалып, ұзақ қобалжыды. Өзіне ұнағанды басқалар қаламай, басқалардың ұнатқаны өзінің көңілінен шықпай, творчестволық қиналыстың небір зардабын басынан өткергені рас. Кеңістік қойнауымен іштей қабысып тұруға тиіс бейненің сұлбасын жартылай етіп көрсетуге Бақытжан қалайда тырысып бақты, қандай жоба жасаса да, мұны есінен шығарған жоқ. Кезінде мұны қолдағандар да аз еді. «Бұл идеяң жүзеге аспайды», — деді әріптестері. Тіпті, қандай шешімге келсе де, әлдене жетпей тұрғандай, ұйқысыз түндер көбейді. Тарихшы ғалымдармен пікірлесіп, заманының ардагер азаматы туралы жинақталған материалдарды түгелдей ақтарды. Сыртқы түр-тұлғасының ұқсастығымен шектелмей, Т. Бокинге тән қайсарлық пен өршіл рухты бейнелеуде көл-көсір еңбек сіңірді.

Осы тұста «Ана» атты шығармасын да аяқтап үлгерді. Бүкіл бітімінен Шығыс әйелінің байсалдылық, мейірімділік, тазалық қасиеттері сезіліп, жұтаң әдіспен орындалғанымен, мұның ар жағында үлкен маз-мұны жатыр. Салмақты отырыстан салиқалы ананың сән-салтанаты аңғарылады. Айғай-дабырасыз-ақ суреттелген осынау сән-салтанат жүрекке өте жақын. Ана жүзіндегі жылылықты қолдары одан сайын әрлендіріп әкеткен. Негізгі салмақты көтеріп тұрған да ананың бет әлпеті мен қолы, ұлттық бояу да осы арада әлдеқайда анығырақ айшықталған. Халық өнерінің нақышы еміс-еміс елес береді.

Осы бір нақыш «Әл-Фараби» атты туындысында да шынайы көрінісін тапқан. Бақытжанның табиғилыққа жақын тұратыны айқындалып, қайтсем де таң қалдырамын деген ниеттен өрбитін үстірт қимыл, оқыс қозғалыс мүлдем жоқтың қасы. Шапанын қым-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ, ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ  
СӨЙЛЕУ ПӘНДЕРІ АКАДЕМИЯСЫ  
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ  
№ 00022647

танып, бейнебір сиқырлы әлемнің құшағынан шығып келе жатқандай. Қарапайым көрінгенімен бір формадан екінші бір форма туып, пластикалық өрімі шеберлікпен дамиды. Қазақтың кәдімгі шапаны астында қанша құпия сыр жатыр екен?! Әл-Фарабидің бейнесінен халқымызға ежелден тән даналық, ғұламалық, асқан талантты өкілдеріміздің жинақталған мінезін танимыз. Ел, жер, перзент сияқты ұғым төңірегінде ойға бастап, данышпан дегеніміздің өзі бұқараның арасынын шығатыны, оның басты ерекшелігі де халқымен біртұтастығында екенін мойындатады.

Бақытжан Әбішевтің мүсінші ретіндегі қазақ өнеріне әкелген жаңалығы қандай десек, біріншіден, өмірдің өзіндей анық қолтаңбасы қызықтырады. Аясы тар еліктеу сатысында қалып қоймағаны және рас. Классикалық биік нұсқалардан үйрене отырып, мұны жүрегінің елегінен өткізуі, ұлттық өрнектің негізін түсініп, одан әрі байытуға мүмкіндігінің жететіні қуантады. Бурдель, Барлах сынды суреткерлердің мектебіне іштей бойлап, мүсіннің кешегі, бүгінгі, ертеңгі тарихына зерделей үңілгенде, оның қазақтың көне топырағында айшықталған ірілі-ұсақты мысалдарын әрдайым есінде сақтайды. Кең сахарамыздың қай түкпірінде де кездесер құлпытастардан бастап тастан қашалған адам, жануар кейпіндегі таңбалар, ескерткіштер сонау ерте ғасырдағы бабаларымыздың уақыт пен кеңістіктің жан-тәнімен сезінген құдіретін жеткізсе, мұның бұдан былайғы шақта қанатын шырқауға самғатар жауапкершілігінің бір жақ салмағы өздерінің еншісінде жатқанын жақсы түсінсе керек.

Адам баласының рухани мықтылығын, жеңіс пен жеңілістеріндегі қайталанбас сәттерін, сезім байлығын мүсін тіліне айналдыру, яғни зілдей қара тасты әуеде шырқобелек ұшыру, мәрмәр, әлде ағаш, әлде гипс пе, әйтеуір қайсысының да бұлшық ет боп шаттануы, сағынуы, қасірет шегуі, соның бәрі жиналып өмір

сүруі. Бақытжанның қиялында мүсіннің тіліндей бай әрі көркем, ештеңе жоқ шығар. Бірде дауылдан қалтыраған шынар ағаш, бірде аспанға талпынған бейкүнә сәби, бірде асау аттың жалынан құшып, желмен жарысқан жігіт бейнесінде елестететін суреттерден болашақ мүсін сұлбаларын көреді. Ашық әуеде қалқыған шар мен балтаның арасынан үндестік табу қандай күрделі болса, мүсіннің жарыққа шығуы да сондай құпия құбылыс. Бақытжан Әбішев сол сансыз құбылыстарды жан-жақты зерттеп, жеке қолтаңбасы дараланып үлгерген талантты жас.

### МЕЙІРІМ

Өзінің және өзі сияқтылардың балалық шағы уақыттың ең бір қиын-қыстау кезеңіне тап келді. Айнала тіршіліктің толып жатқан құпия сырларына аңтарыла қарап қана үлгерген бейқам көңілдерінде мазасыздық ойнап, соғыс деген қаралы ұғымның қасіретті дерті саналарына тым ерте сіңді. Жеті жасынан бастап Рабиға астанадағы № 12 мектеп пен музыкалық хор комбинатында скрипка класы бойынша сабақты қатар жалғастырып жүрді. Қап-қара көздері төңірегіне от шашып, қашан көрсең де асығып жүретін жас қыз бәріне де уақыт табатын.

Ел басына күн түскен сол қаһарлы жылдардың өзінде өнер атты ұлы өмірдің өрісін кеңейтіп, жүректеріне әрі беймәлім, әрі мәлім деуге де саятын құдіретті бір сезім ұялатқан таңғажайып сәттерді әсте ұмыттар ма?! Әйгілі балерина Галина Уланованың «Жизель» мен «Аққу көліндегі» қимылын есі кеткенше қызықтай қарап, содан алған әсерден жуық маңда айыға алмайтын. Опера сахнасынан небір күміс көмей әншілердің даусын тамашалайтын. Моссовет атындағы

театрдың К. Завадский бастаған атақты актерлерінің спектакльдерін көріп, көп жайтты зерделеріне түйетін. Черкасов, Пудовкин, Мордвинов, Марецкая, Жаров, Эйзенштейн сияқты алып тұлғалардың есімдеріне тәнті боп өнер өлкесінің қандай да құбылыстарына елгезектікпен қарайтын.

Қазақ драма театрында Шекспирдің «Асауға — тұсау» пьесасы қойылып, Шәкен Айманов пен Хадиша Бөкееваның да алғаш дүркіреп аттары шыға бастағаны осы кез. Міне, мұның бәрінен де оқушы қыз Рабиға әрдайым хабардар боп қана қоймай, көргенін, естігенін сезгенін сергектікпен ой елегінен өткізіп, өнер адамдарына ғашықтықпен қарайтын. Әсіресе, музыкалық хор комбинатының оқушыларымен бірге Галина Уланованың әрбір рольге қалай дайындалып жаттығатынын көргенде, бұған дейінгі балаң көңілін алаңдатып келген таңырқау, тамашалау дегеннің ар жағында бұған дейін өзі түйсініп көрмеген сұлулықтың құпия да тылсым жұмбағы жатқанын ұққан.

Орта мектепті аяқтағаннан кейін Гоголь атындағы театр училищесіне оқуға түсті. Үшінші курста жүргенде Ыдырыс Ноғайбаев, Мақпуза Байзақова және өзін Совет Одағының халық артисі Николай Сергеевич Плотников ГИТИС-ке алып барды. Үшеуі де енді москвалық студенттер боп шыға келді. Актерлік факультетте оқып жүрген жылдары Рабиға Сталиндік стипендиат боп, институттың қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. МХАТ-тың И. М. Раевский, Н. Д. Ковшов, В. А. Вронская сияқты көрнекті режиссерлері мен актерлерінен алған тәлім-тәрбиелерінің маңызын атап айтқан жөн. Бұл жылдар оның білімнің тұңғыық-тереңінен сусындап, ой-өрісін кеңейтуге, өзіндік пікір түйіндеуге, әсемдік пен сұлулыққа ынтығуға үйретті. Әлемге есімдері әйгілі драматургтердің шығармаларын жан-жақты талқылап, адамдар табиғатының түрлі-түрлі қырларымен танысты. Небір психо-

логиялық жайттардың түп-тамырына жіті үңіліп, әрбір рольдің, тіпті әрбір сөздің негізінде сарыла жұмыс істеу керектігін өзімен бірге оқытындардың қай-қайсысы да басты назарда ұстайтын. Студент кезінде Горькийдің пьесаларындағы барлық әйел кейіпкерлерін бағдарлай барлап шықты. Бір-біріне қарама-қайшы мінез жасау, шынында да, қызықты еді. Бірінде нәзіктік, екіншісінде екіжүзділік, үшіншісінде жеңілтектік, қайсыбірінде қарапайымдылық, адалдық қасиеттері басым жататын әйел бейнелеріне үңілгенде ой шалқарлығы, мінез байлығы жеке-дара айқындалып, адам бойындағы небір мінездің себеп-салдары бірте-бірте ашылатын. Мұның өзі болашақ жұмысының қызық та қиын екендігінен мағлұмат беріп, болмыс, мінез ерекшеліктерін зерттеп, кез-келген кейіпкердің жан дүниесін айқын түсінуге әсерін тигізді.

ГИТИС-ті бітіргеннен кейінгі Қазақтың академиялық драма театрында өткен жылдар да ізсіз кеткен жоқ. Қ. Қуанышбаев, Р. Қойшыбаева, Ш. Айманова, Е. Өмірзақов, Ж. Өгізбаев, С. Телғараев сияқты сахна шеберлерінің арасында жұмыс істеудің қаншалықты қуаныш екенін және мұның өзі сияқты жастарға жауапкершілік жүктейтінін де ерекше сезді. Ғ. Мүсреповтің «Ақан сері — Ақтоқты» пьесасында Мәрзия, Ә. Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емесінде» Анар, Ә. Әбішевтің «Кім менің әкем?» пьесасында Лағыл рольдерін сахнаға шығарғанда, Рабиға әйгілі саңлақтардан да, өзінің қатарластарынан да көп жайтты үйренді. Алдыңғы буын ағалардың өзіне үмітпен қарап, қолтығынан демегені оның театрға деген сүйіспеншілігін арттыра түсті. Театрдағы қызметін консерваториядағы педагогикалық еңбегімен ұштастыра алып жүрді. Міне, дәл осы кезден де оның өмір жолындағы үлкен белесі басталады.

Құрманғазы атындағы Өнер институтының концерт залы халыққа лық толды. Мұнда майталман шеберлер, театр факультетінің оқытушылары, өнердің босағасын енді-енді аттаған студенттер, жалпы өнер сүйгіш жастар қауымы жиналған. Жұрттың біразы толқулы, әсіресе алдыңғы қатардағы орындықтардың бірінде отырған апайдың жүзінен қуаныш нышаны айқын аңғарылғанымен, әлденеге мазасыздана қобалжығаны да байқалады. Шынында да, бұл күнгі кеште театр кафедрасының меңгерушісі Рабиға Мұқаевна Қаныбаева өзгеден ерекше толқу үстінде еді, өйткені өнер қайраткерлерінің қатал да әділ сынынан өткелі тұрған жұртшылықтың алдына ұсынылған спектакльдің көркемдік жағын басқарушысы және мұны қойғалы отырған театр факультетін биыл бітіретін курстың жетекшісі болатын.

Төрт жыл бойы оқытқан студенттері ыстық ұядан ұшқалы отыр. Олардың жұртшылық алдына тартып отырған спектакльдері Н. В. Гогольдің «Үйлену» атты комедиясы мен қырғыздың драматургі М. Байжиевтің «Ержеткендер» драмасы. Н. В. Гогольдің драматургиялық шығармалары актердің характер жасауда, образды шынайы бейнелеуде, әсіресе, жас таланттың табиғи тынысын кеңейтіп, оның кесек тұлға шығаруына көмектесетінін ұстаз дұрыс түсінген. Бірақ мұның қиындығы да мол, өйткені титтей нәрседен мүлт кетсең, бәрінің де бүлінгені. Гоголь шығармасының кейіпкерлерін сахнаға шығаратын актерден қаншалықты шынайылық керек десеңізші. Бір қарағанда, мазмұны жеңіл, езу тартарлықтай ғана оқиғасы бар тәрізді көрінгенімен, терең үңілгенде мұнда ащы мысқыл жатыр. Жалпы, Н. В. Гогольдің драматургиялық шығармаларын сахнаға шығару үлкен дайындықты, таза талантты қажет етеді. Мұның өзі әркімнің қолынан келе де бермейді. Күні ертең-ақ республикамыздың театрларына қызметке аттанғалы отырған

студенттерінің сахнадағы әр қимылын қалт жібермей отырған Рабиға Мұқаева терең ой құшағында.

Сіздің де көз алдыңыздан өмірдің сан алуан суреттері өтіп жатыр.

...Қалыңдықтың үйіне бірінен соң бірі келіп жатқан күйеулер бір-біріне мүлдем ұқсамайды, бірақ олардың мақсаттары ұқсас. Есіл-дерті қалыңдықтың дүние-мүлкіне кеткен, тұла бойы тұрпайы болса да, «өмірде көргені көп», тәжірибелі Яйчница (Т. Бердалиев), болашақ әйелінің француз тілін жақсы білгенін қалайтын, бірақ мұның не үшін қажет екенін сезбейтін топас та таяз ойлайтын офицерлердің өкілі Анучкин (Т. Манашев), мәңгі-бақи ескі мундирін тастамай, дірілдеп-қалшылдаған Жевакин (Ә. Боранбаев), өз ісіне қанағаттанып, басқа ештеңемен ісі жоқ көпестің өкілі Стариков (Ә. Бердіходжаев), міне, осылардың бәрі бай көпестің қызы Агафья Тихоновнаның (Б. Жанғалиева) жанында шарқ ұрады. Әрқайсысы қалыңдыққа өз есебінің өлшемімен қарап, үйленгенді аңсайды, ал енді бұған шын көңілімен ғашық болған бірі жоқ. Алғашқы сәтте күйеулердің «өзара жарысында» жеңіл күлкі басым болғанымен, пьесада Подколесин образы тереңдеген сайын, сатиралық уыт күшейе түседі. Бір қалыпты күйбеңін өзгертуге қорқатын, терең сезімнен о баста ада, көңіл күйі жадау Подколесин роліндегі Б. Наурызов ұстаз көңілінен шықты. Байеділ өзі ойнап отырған образға бар жан дүниесімен беріліп кетеді. Гоголь кейіпкерлеріне шын сенбесең, ойнау қиын екені даусыз, сондықтан да ол өзі бейнелеп отырған образ характерін жан-жақты да нанымды суреттеу үшін көп еңбектенген. Сахналық органикасы күшті, даусы таза жас актердің болашағынан творчестволық жеміс күтуге әбден болады. «Үйленуде» Подколесинді ойнаған Б. Наурызов, М. Байжиевтің «Ержеткендер» драмасында сөзі мен ісі арасында жер мен көктей айырмашылық бар, екіжүзді, жеке басының құлқын

жоғары қоятын Жексеннің бейнесін қысқа да шынайы детальдар арқылы шығарады. Оның профессормен соңғы рет кездескендегі қимылының өзі-ақ көп жайтты аңғартып тастайды.

«Үйленуде» Фекла Ивановнаның роліндегі Дариға Тұранқұлованың ойыны да көпшілікті елең еткізгендей. Фекла — Дариганы ешқандай жағдай састырмайды, қандай да болмасын сөзге оның жауабы даяр. Өзі өмір сүріп отырған қоғамның толып жатқан сыр-сипатын Фекла Ивановна көпестің де, дворянның де, чиновниктің де қаншалықты бағасы барын айқын сезеді. Дариға Фекланы ашық бояумен бейнелейді. Сөзі мен қимылында титтей жалғандық жоқ. Үні әсерлі, мәнерлі. Өз ролімен табиғи түрді табысқан.

Қалыңдықтың анасының ролін шығарған Ғазиза Әбдінәбиеваның ойыны да шынайы, «Ержеткендерде» Гүлбарамды ойнаған Ғазизаның бойынан оның актерлік ауқымының кең екенін көрермендер анық сезгендей. Сахнада өзін еркін ұстап, кейіпкердің психологиясын, қасиетін бойына табиғи дарыта біледі.

«Ержеткендерде» профессордың әйелі Зукешті, «Үйленуде» Агафья Тихоновнаны ойнаған Б. Жанғалиева институтта оқыған төрт жыл ішінде Жәмила («Жәмила», Ш. Айтматов), Аксинья («Тынық Дон», М. Шолохов), Радда («Макар Чудра», М. Горький), Сейде) «Бетпе-бет», Ш. Айтматов) рольдерін бейнеледі. Бақыттың сезімталдығының арқасында образдың жан дүниесіне бірден еніп кететіндігі, диапазонының кеңдігі оның болашағынан көп үміт күттіреді.

Достасуы да тез, айырылуы да тез кез-келген іске тұмсығын тығып киліге кететін, ар-намыстан жұрдай, мақсатсыз, парықсыз жан — Кочкарев (Р. Қошпанқұлов) бейнесінің сахналық шешімі сәтті шықты. Пластикалық қозғалыс, темперамент Р. Қошпанқұлов ойынына тән. Оның бойында комикалық бейне шығару алғы шарттары бар тәрізді. «Үйленуде» Жевакинді,



«Ержеткендерде» Теңдікті ойнаған Ә. Боранбаев бір-біріне мүлдем ұқсамайтын екі образ шығарды. Бұған дейін Әнуар көбінесе-көп жан дүниесі терең, нәзіктігі басым лирикалық геройларды бейнелейтін. Мұның өзіне оның табиғи ынтасы да әсер етсе керек. Ә. Тәжібаевтың «Майрасында» Дүрбіттің, Ш. Айтматовтың «Жәмиласында» Даниярдың, Островскийдің «Жылы орнында» Жадовтың рольдері Ә. Боранбаевтың техникалық ашылуына мүмкіндік жасады.

Міне, аз ғана уақыттың арасында профессор Қаныбаеваның көз алдынан қанша тағдыр, студент-актерлердің әрқайсысының өзіне ғана тән ерекшеліктері өтіп жатыр. Үнемі осы, студенттердің творчествосына асқан жауапкершілікпен қарайтын Рабиға Мұқаевна үшін әрбір дипломдық спектакль аса қиын сын. Жыл сайын қайталанып отырар осынау жайт оны ешқашан жалықтырған емес. Жас актерлердің бойында жылт еткен жақсылыққа шын ниетімен қуанып, бұдан шәкірттері де, өзі де шабытқа бөленетіндері рас.

Жаңадан ашылған театр факультетіне білгір мамандар ауадай қажет еді. Мұнда актерлік қабілетімен қатар, көл-көсір біліммен қаруланған шебер ұстаздардың ғана негізгі мәселені шешетіні өз-өзінен түсінікті болатын. Сондықтан да бұл орайда Рабиға Мұқаевнаның жастайынан оқуға, білімге деген құштарлығы, соның арқасында жиған білімдік қоры, жан-жақты теориялық дайындығы жүзеге асты. Оны педагогикалық жұмысқа баулып, студенттермен жұмыс істеудің толып жатқан қыр-сырларын үйретуде, профессионал режиссер, Қазақ ССР-інің халық артисі Асқар Тоқпановтың еңбегі ерекше. Асыл ағадан үйренген тәлім-тәрбиесін Рабиға Мұқаевна мақтанышпен айтып отырады.

Бірнеше жыл бойы театр факультеті студенттеріне сахна тілінен сабақ беріп, консерватория қабырғасында Тоқпанов, Мадиевский, Казимировский сияқты тәжірибелі мамандармен бірігіп, қазақ сахна шеберлерінің толқын-толқын буындарын тәрбиелеп шығарды. Қазіргі кезде өнерлерімен жұртшылық құрметіне бөленген А. Әшімов, Ә. Молдабеков, С. Оразбаев, Р. Сейтметов, Р. Әуезбаева, Т. Тасыбекова, Н. Мышпаевалардан бастап театр табалдырығын күні кеше ғана жасқана аттанғанымен өнер сүйгіш қауымның назарына ілініп үлгерген Ә. Боранбаев, Ш. Ахметова, Б. Жанғалиева, Ғ. Әбдінәбиева, Н. Жақыпбаев, У. Сұлтанғазин, Л. Қаденоваға дейін Рабиға Қаныбаевадан оқығандар. Педагогикалық жұмыстың алғашқы жылдары режиссер көмекшісі, ассисент ретінде театр факультеті студенттерімен «Қаракөз», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ваня ағай» сияқты спектакльдерді дайындады. Кейіннен актерлік шеберліктен сабақ беріп, жеке курс алып, актер-педагог ретіндегі өзіндік ерекшелігі, өзіндік өрнек-мәнері айқындала бастады. Бұған оның 1962 жылдан бері театр факультеті кафедрасының меңгерушісі боп келе жатқанын, республика Мәдениет министрлігінің тапсырмасымен облыстық театрларға жиі-жиі сапарға шығып, сахна сөз мәнерінен методикалық кеңестер ұйымдастырып, актерлердің, режиссерлердің, дикторлардың білім өресін көтеріп, шеберліктерін арттыру мақсатында көптеген игі шаралар тындыратынын және басқа да көптеген қоғамдық жұмыстарын қоссақ, бүгінгі қазақ әйелінің толық қанды бейнесін көреп едік.

Біле білсек, адамды тану, адамның бойындағы талантты байқап қана қоймай, оны сауаттылықпен зерттеп, аялай ояту үшін үлкен жүрек, шексіз мейірімділік, қара қылды қақ жаратын төрелік пен әділдік керек. Жалаң сезікпен де, жалған көріпкелділіктен де, тіпті түс-түйін түйсігіңе көл-көсір біліміңді қоссаң

да, адам табиғатын бойламақ түгілі тани алмай өтуің мүмкін. Мықты болсаң, алдыңа кеп жанарлары жәудіреген, өн бойларынан әсемдікке деген талпыныс ескен лек-лек топтың арасынан онның бірін, жүздің бірін таңдап байқаңызшы. Рабиға Мұқаевна сол онның, жүздің арасынан таңдаулыларын көрегендікпен жинап алып, жалықпай жұмыс істейтін, шәкірттерін адамгершілік қасиеті, актерлік қабілетімен, педагогтік шеберлігімен сендіре алатын, үйрете алатын ұстаз.

Актер-педагогтің еңбегі инемен құдық қазғандай, қиындығы көп. Бұл тұрғыда біздің жинақтаған тәжірибеміздің әлі аз екендігін ескерсек, театр институтына жүктеліп отырған міндеттің қаншалықты абыройлылығын, қаншалықты ауырлығын айқын аңғарамыз. Осындай жауапкершілік мүддесінен шығуға тырысқан театр факультеті кафедрасы соңғы жылдары өз саласында біраз жетістіктерге жетті. Бір кезде, үш-ақ адам болса, қазір кафедра құрамы сан жағынан да, сапа жағынан да күрт жоғарылады. Республикамыздың белді де беделді режиссерлері, актерлері кафедра жұмысына белсенділікпен араласады. Совет Одағының халық артистері Ә. Мәмбетов, Х. Бөкеева, Қазақ ССР-інің халық артистері Ы. Ноғайбаев, Ш. Жан-дарбекова, Е. Я. Диордиев, А. Әшімов және басқа да атақ-даңқтары Одаққа кеткен көрнекті сахна шеберлері студенттерге сабақ береді. Мұның бәрін кафедра меңгерушісі Рабиға Мұқаевна сондай бір ізгілікпен, ілтипатпен тізіп берер еді сізге.

Театр институты Москва, Ленинград өнер шеберлерімен, жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты. И. Раевский, В. Лесли, Н. Чефранова, В. Остальский, И. В. Мейерхольд, Г. Волчек, О. Ефремов сияқты Одақтық дәрежедегі белгілі театр қайраткерлері қазақ студенттерінің спектакльдеріне қатысып, ұсыныстарын, ой-болжамдарын оқытушыларға айтып кетіп жүреді. Сондай-ақ жылма-жыл студенттер Москва,

Ленинградтың өнер ордаларына, оқу орындарына спектакльдер көрсетіп, тәжірибе алмасып қайтады. Бұл спектакльдерге жан-жақты талдау жасалынып, москвалық мамандар актерлер дайындаудың методологиялық ерекшеліктерін құптап, оны қызық та керек мектеп ретінде қабылдап, жоғары баға беріп жүр. Мұндай жылы лебіздер мен қол жеткен табыстардың негізінде доцент, профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, консерватория қабырғасында, одан бері жеке отау боп бөлініп шыққан Театр және көркем сурет институтында ұзақ жылдар бойы қажымай-талмай жұмыс істеп келе жатқан Рабиға Мұқаевнаның қолтаңбасының үлкен үлесі бар.

Рабиға Мұқаевнаны студенттердің ғана емес, ұстаздардың ұстазы деуге болады. Өйткені кафедрада қазіргі кезеңде қызмет істейтін қай оқытушыны мысалға келтірсек те олардың педагогикалық жұмысқа тартылып, жемісті еңбек етуіне тікелей себептер боп жүрген де өзі. Театр факультетіне сабақ беруге жинақталған тәжірибесі мол сахна шеберлерімен қатар, ол жас режиссерлер мен актерлерді де баулып келеді. Д. Тұранқұлова, М. Омарбаева, А. Құлбаев, М. Жақсымбетова және басқа да жас ұстаздарға деген қамқорлығы ерекше. Ұдайы ізденіс үстінде жүретін Рабиға Мұқаевнаның сәбидей сенгіш көңілі, аналық мейірімділігі, өнерге құштарлығы, керек жерінде қатал талап қойғыштығы, елгезектігі айналасындағылардың бәрін әрі таң қалдырып, әрі қуантып жүреді.

Қай уақытта да жастардың арасында жалындап, өзінің бар күш-қайратын актерлерді тәрбиелеуге арнап келе жатқан Рабиға Мұқаевна жастық жігерін сол қалпында сақтап, балалық шағынан санасына дарыған сұлулық әлеміне деген іңкәрлігінен, өнер құдіретіне деген талғампаз көзқарасынан таймай, бүкіл еңбек жолына соны серік етіп келеді. Сондық-

тан да профессор Рабиға Қаныбаеваның творчестволық өмірі әрқашан да мазмұнға, құбылысқа, жаңалыққа толы.

## ӨМІР ТҰНҒАН ТОЛҚЫН, ЫРҒАҚ

Қандай да халықтың тектік қасиеті, оның қалыптасу тарихындағы ұлы құбылыстары, ұлы қуаныштары, зар-мұңы өнер түрлерінің ішінде дәл музыка саласындағыдай ешқайсысында терең де буырқанысты сипатпен айшықтала алмайды. Адамзат баласының алғашқы демімен қатар тыныстап келе жатқан ән, жыр, күй әр елдің кешегісі, бүгіні, ертеңі десек, бұл орайда ата жұртымыздың ұрпақтан-ұрпаққа тапсырған мұрасы бәріміздің мақтанышымыз. Кез-келген ұлттың діні мен тілін, қаны мен тәнін құрайтын ең алдымен музыка болса, мұны қалайша өнердің құдіретті шыңы демессің. Шүкір, ғасырлар бойы ән-жыр тасқынын селдетіп, жер мен елдік мазмұнын таңғажайып ырғақ пен әуенге сыйғызып келген халқымыздың музыкалық тарихы бай. Сол тарихи жолды қастерлей жалғастырып отырған толқын-толқын буындарды тілге тиек етсек, бұлардың арасынан Ғазиза Ахметқызы Жұбанованың музыкалық әлемдегі алатын орны ерекше.

Өз қатарынан даралана шығып, өнерімен елін сүйсіндірген қазақ қызының еңбек жолын бір ретте табиғи заңдылық десек те, енді бір ретте оның творчестволық өмірін сирек құбылыс ретінде қабылдайтынымыз рас. Тұңғыш романсынан бастап «Еңлік — Кебек», қазіргі кезеңде жазып жүрген «Құрманғазы» операсына дейінгі аралықтағы үлкенді-кішілі шығармаларын қазақ совет музыкасы қорына қосылған үлес екендігін қуанышпен мойындаймыз. Жұбанованың

өзіне ғана тән өрнегі, азаматтық биік пафосы, өрісі кең идеясы, елдік пен ерліктің туын желбірететін салтанатты сазы өнер өлкесінде аса жоғары ұғым тудырып отыр.

Әрбір туындысынан айқын мақсатқа бағытталып, бүгінгі деңгейдің рухани талап-тілегіне жауап беруі, тар шеңбер өлшемінде тұтқындалмай неғұрлым кең, неғұрлым тұңғыық ой барлауы, философиялық терең сезігі композитор қолтаңбасының ерекшелігін, негізін құрайды. Шығармаларының тақырыптық жан-жақты ауқымдылығын алдымен атасақ, оларды игеруде шеберлік танытып, жоғары профессионалдық дәрежеге көтерілгенін баса айтқан жөн.

Есін білгеннен ұлттық әуен-жырдан сусындап, ұзақ жылдар бойы талмай ізденіп, музыкалық сауатының көрегендік дәл бағытта дамуы оның болашағына үлкен әсерін тигізді. Творчествосының басты өзегін айқындап берді десек, тіпті дәлірек Композиторлық «даусының» Москвада шыңдалып, бұл күндері есімдері әйгілі Р. Шедрин, А. Пахмутовалармен қатар көрнекті музыка шебері, атақты педагог Ю. А. Шапориннің шәкірті болуында, ойлап қарасақ, бақытты деуге саярлық студенттік шақ жатыр.

Қай-қайсысы да, яғни бұлардың тобы оқып жүрген жылдары-ақ өзіндік қана өрнек тауып алуға құштар болатын. Қазіргі кезеңде совет музыкасы өнерінің белді, беделді қайраткерлеріне айналған алтын толқынмен бірге өсіп, бірге есейген және солардың алдыңғы сапында жүрген Ғазиза Ахметқызының творчествосы біз үшін айтып жеткізгісіз мерей.

Талас жоқ, әрбір музыкалық дүниенің түп-тамырында ұлттық дән жатуы тиіс. Бұдан бірақ өлшемі тар, айтары мәлім нақыш, саздың жетегінде кетіп, ешқашан да құдіретінен таймайтын халық әуенінің шексіз-шексіз теңізінде батып тұншығу деген пікір

тумаса керек. Тіпті, белгілі халық сазы төркінінде шығарма жазып, белгілі әдіспен жүзіп өте шығу да оңайлап бара жатқан сияқты. Мұны былай қойғанда, әнді, әуенді әлем-жәлем әшекеймен алмастырып ұсынушылық та кездесіп қалып жүр. Осы тұрғыдан назар аударсақ, Жұбанова туындылары профессионалдық сауаттылығымен, әуездік тазалығымен, ырғақтық байлығымен жақын жанымызға. Жиырма-сыншы ғасырдың ұлы композиторы Д. Шостаковичтің тілімен жеткізсек, «ол әбден белгілі болып қалыптасқан халықтық өлшемнің аясынан шығуға қорықпай, бұл ұғымды одан сайын кеңейте түседі». Ұлттық мазмұнын сақтай отырып, оған жаңалық енгізуге тайсалмай қазақ сазын қоюлата тереңдетіп, шырқау деңгейге көтеріп әкетеді.

Үнемі дыбыстар мен үндердің сиқырлы құшағында жүретін композитордың көл-көсір қиялы сан алуан тақырыптар төңірегінде жүзеге асып келеді. Екшеп атарлық жайт — шығармаларының биік идеяға құрылып, дүниенің төрт бұрышына ортақ әлемдік проблемалар мен әлемдік толғаныстарды батылдықпен жырлауы. Лениниада трилогиясын құрайтын «Ленин», «Ленин туралы сөз» ораториялары, «Ленин бізбен бірге» кантатасы, «Ақ құс туралы аңыз», «Хиросима» балеттері, «Мұхтар Әуезов туралы сөз» кантатасы, «Ақсақ құлан» симфониялық поэмалары, «Жігер» симфониясы, оркестр мен скрипкаға арналған концертті, міне, осының айғағы.

Қадау-қадау тақырыптарға бару үшін жан-жақты дайындықтың, өз-өзіне іштей сенімділік пен әлгінде айтқан биік идеялардың деңгейіне жететіндей қабілет болуы шарт. Әлі келмес небір алып ойларға жармасып, шама-шарқын байыптамай тез алқынып қалушылық, қысқаша түйсек — өнердегі өлермендіктің музыка тектес құдіретке әмірі әр кез жүре қоймаған. Сондық-

тан, қай тақырыпты таңдаса да, ішкі-сыртқы мүмкіндігі әбден жететін Жұбанованың табиғи дарынының талмай іздену нәтижесімен шебер қабысуы таң қалдырады. Әрине, нағыз творчество — ұдайы мазасыздық, ұдайы шарқ ұра сарылу, ұдайы жаңалық іздеу, табу, бірақ таусылу емес. Қай кезде де қат-қат дауыс жаңғырықтары мен тың ойлардың қалың тұманын кешіп жүретін композитор қандай жанрда шығарма жазбасын, жауапкершілікпен қарайды. Мейлі, үлкен жанр, мейлі, кіші жанр болсын, ол үшін қойылатын талап бірдей. Сірә, сол талаптың әсері тисе керек, «Еңлік — Кебек» операсы музыка мамандары мен тыңдаушыларынан жоғары бағасын иемденсе, кезінде Қасым Аманжоловтың «Жыр жазамын жүрегімнен» өлеңіне жазған романсы да бірден халықтық сипат алып кеткен.

Зер сала байқасақ, Жұбанова творчевствосында азаматтық толғау, азаматтық сезіну, азаматтық жырлау терең мағынаға ие. Ұлттық мазмұнға ерекше екпін аударып, оны өзіндік жаңалықтармен байыта келіп, симфониялық шығармаларында құлашын, әсіресе, кең сермейді. Алғашқы ірі туындыларының бірі «Ақсақ құлзіннан» бастап, санамызға сіңіп үлгерген «Жігер» симфониясында ел тағдырының қилықилы өткелі, адам баласының асқақ арманы, бақытқа, қуанышқа іңкәрлігі, бәрінің басын қосып айтқанда — халықтың патриоттық рухы мен қаһармандық келбеті толыққандылығымен көрінеді.

Дәулеткерей күйінің желісімен жазылған «Жігерде» композитордың әбден қалыптасқан қолтаңбасы ерекше байқалып, ой шалқарлығымен кең тынысты әуен бір-бірімен тығыз байланыса симфонияның бес бөлімінің бірінен екіншісіне логикалық шымырлықпен жалғасып, керемет түйінмен аяқталады. Қазақтың ұлы күйшісінің әрі таныс, әрі жанымызға жақын әуенінен жан дүниенді бей-жай қалдырмайтындай ырғақтар



өріліп, заңғар мақсаттарға жетелейтін сергектігімен селт еткізеді.

Бірде айналасына сәуле шашқандай жалт етіп, бірде жер-көктің қою қараңғылыққа тұншыққан, бірде күрсіне күркіреп алып, селдей жауындатқаны, сыңсығаны — бәрі бар мұнда. Тіршілік пен табиғат болмысына тән жаңару, жаңғыру, қуану, күресу, жеңілу, жеңу сияқты құбылыстар симфонияның күретамырында бүлк-бүлк тыныстап, соның бәрінің төбесінен қасқая аспандап адамның күш-қайраты, құдіретті тұлғасы тұрады.

Қара түнектің азалы аһ ұрған ауыр күрсінісінен басталып, трагедиялық нота кілт үзіліп қалады да, әлгіндегі қайғылы әуен жігерленіп алып, біразға шейін азабы мен қажыр-қайраты алма-кезек ауысып, жүйке-жүйкені шымырлатуын әсте тоқтатпайды. Тұңғиық та тентек, тұнық та асау деуге саятын сабырлы саздың арасында жылт-жылт қуаныш ұшқындары қылаң беріп отырады. Сол сәуле шығарманың өн бойына шуақ жүгіртіп, шарықтау шегіне шейін бірде көмескілене, бірде от шаша жарқырай негізгі желістің жетегіне бағынып, оптимистік рух болып дариды санаға.

«Жігер» — философиялық астары қалың симфония. Мұндағы азаматтық толғау түйсігіңді оятып, сарайыңды ашатын, үнге бай сазымен қатар дамып құлақ құрышын қандырады. Эстетикалық деңгейі мен әуендік, әуездік деңгейі иықтаса серіктескен симфониялық шығармалардың бірі.

Творчествосының және іргелі қыры — қазақ экраны мен сахнасының мақтанышына айналған фильмдер мен спектакльдердің музыкасын жазып, ұзақ жылдар бойы осы салаға белсенділікпен араласып келе жатқаны. Кино мен спектакль үшін жұмыс істеу кезкелген композиторға пайдалы болса, бұған Жұбанова ұдайы ізденіп, шын ниетімен ат салысып жүр. «Қозы

Көрпеш — Баян сұлу», «Ана — Жер-ана», «Король Ричард III», «Қан мен тер», «Ант» және басқа көптеген спектакльдер мен кинолардың музыкасы композитор еңбегінің үлкен саласы. Кейіпкерлердің мінез сырларын ашып, сахналық шығарманың бас-аяғын байытып, бүтіндеуде, қилы-қилы тағдырларды психологиялық дәлдікпен бейнелеуде оның жан-жақты дамыған ой-өрісі, алғырлығы, тереңнен түсініп, тұңғыықтан бойлайтыны көмегін тигізуде. Жұбанова творчествосының театрмен тығыз байланысы тіпті арнайы зерттеуді талап етер еді. Ол кез-келген сахналық шығармаға музыка жазбайды. Бұл орайда да оның өзіне қатаң талап қойғыштығы, табиғатына бойлағалы отырған тақырыпты іштей игеріп, ой елегінен өткізуі, кейіпкерлердің жан дүниесін терең түсінуі басты роль атқарады. Сондықтан да көңілі қалап, көкейінен дөп шыққан шығармаға музыка жазу композиторды керемет шабытқа бөлейтіні рас. Әрбір спектакльге жазған музыкасын арасына уақыт салып, сын көзбен зер сала тыңдайды, тыңдаушылардың қаншалықты қабылдап отырғанын байқап, содан үнемі қорытынды жасап жүреді.

Бұдан бірер жыл бұрын Торғайдың музыкалық драма театрының астанада өткен гастролінде ол жас актерлердің өнеріне қатты сүйсініп, әр спектакльді өте жылы қабылдаған-ды. Театр коллективіне ризалық сенімін білдіріп, олардың өзіне білдірген өтінішіне: «Қалайда бір спектакльдеріңізге музыка жазып беремін»,— деп уәде еткен. Мұның реті де кейінірек келді. Ш. Айтматовтың «Ақ кеме» повесі бойынша (инсценировкасы Ә. Мәмбетовтікі) Е. Дүйсенбиновтың дайындап жатқан постановкасына музыкасын жазып жіберді.

Ешқашан да артық уақыты болмайтын, әр минутына шейін қоғамдық қызметі мен күнделікті тіршілік қарбаласына толы композитордың қашан жазып, қа-

лай үлгеретіні, шынында да, таң қаларлық жайт. Бірнеше жылдан бері ректорлық міндетін атқарып келе жатқан Құрманғазы атындағы консерваторияның әділдік пен көрегендікті, шебер басшылық пен талғампаздықты, талап қойғыштықты керек ететін қанша мәселесі бар десеңізші. Қазақ мәдениетінің іргелі өнер ордасын басқарып, мемлекеттік маңызы мен әлеуметтік мәні зор қызмет атқару да — нағыз творчествоның өзі. Толып жатқан мәселені шешуде Ғазиза Ахметқызының жетекшілік қабілеті қажет болса, бұл да оңайлықпен келмейді. Нақтылық, титтей әділетсіздікке жол бермеушілік, коллектив мүддесінің ел тілегінен сай шығуы, халық қазынасын игеріп, өнерімен өрге озатын азаматтар тәрбиелеп дайындау, міне, осының бәрі ректор Ғазиза Ахметқызының абыройлы міндеті.

Әдебиет, драматургия, поэзиядағы сезімді селт еткізер жайттар ешқашан да композитор назарынан тыс қалған емес. Еліміздің ірі тарихи қуаныштарынан бастап, өлең мәнеріндегі соны өрнекке, көркемөнердің көз жауын алған ірі полотноларынан бастап, кітап бетіндегі шебер тіркескен сөйлемге шейін оның мінезге, сезімге бай, нәзіктікке толы жан дүниесіне әсер етпей тұра алмайды. Ол үшін өмір тұнған ұлы әуен жаңғырықтары, түрлі ырғақтар, дауыссыз-дауысты үндестіктер. Сол ырғақтар мен үндестіктердің тылсым сырына үңіліп, өзгенің саңлауын селт еткізерлік әуен туғызу, сөз жоқ, қиынның қиыны.

Ән, оратория, кантата, симфония және басқа да музыкалық жанрда аянбай ат салысқан композитордың ұзақ жылғы бай тәжірибесі оның творчестволық өмірінің айтулы белесін құрайтын «Еңлік — Кебек» операсында айқын көрініс тапты. Мұхтар Әуезовтің әйгілі шығармасын опералық драматург ретінде зерттей оқып, бірнеше жыл еңбектенді.

Әсерленгіш, байқағыш, әр нәрсеге зейін сала жүре-

тін адамға кездейсоқ жайттың да керемет ой салып, қиялын тербетуі жиі ұшырасады. Бұдан көп жылдар бұрын, бірде Ә. Ысмайыловтың «Еңлік — Кебек» деген картинасын көріп отырып, қатты толқығаны бар. Қатыгездіктің, жауыздықтың құрбандығына шалынған екі жастың аянышты тағдырының бір сәтін бейнелеген суреттен көзін алмай ұзақ тұрған. Бұрын да талай естіп, талай оқыған таныс оқиғаның өзіне осынша әсерін дәл осы жолғыдай бұрын-соңды сезінбеп еді. Суреттегі қанға боялған кейіпкерлердің бейнесінен жанарын тайдырмай қарағанда, жүрегі шымырлап, құлағына естілген қайғылы сарыннан оқыс селк етті. Әрі жұмбақ, әрі мазасыз хал кешіп, сол күннен кейін көңіл түкпірінде бір ой ұялады. Түптің түбінде осы тақырыпқа айналып соғатынына, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп жеткен махаббат дастанын музыкалық тілмен жеткізетініне іштей серт берді. Бірақ сана-сезімін билеп әкеткен тақырыпты бірден орындап тастауға асыққан жоқ. Көкейіне қонған идеяны бойына бірте-бірте дарытып, әбден пісті-ау дегенде ғана кірісті жұмысқа.

Шығарма желісіндегі қарама-қайшы: жауыздық пен зұлымдыққа сүйенген және әділеттік пен таза-лыққа сүйенген екі күштің, екі дүниенің, екі көзқарастың бір-біріне ұқсамауға тиіс ықпалды ырғақтарын композитор көп іздеді. Қапас заманның қараң қалған құшағында тұншыққан Еңлік пен Кебектің түн қойнауынан жарық іздеп, шарқ ұрған бейнелерін композитор жібектей жұмсақ, жаныңды тербетерлік нәзік ырғақта дамытады. Қатыгездік пен үстемдіктің тастай қараңғылығынан жылтыраған жұлдыз сәулесіндей жүрек жылытар мұңды да сазды леп үміт пен күдікті қатар жарыстырып отырады.

Қүдіреті жетсе, дүниенің төрт бұрышына әмірін жүргізгісі бар залым да қатыгез топтың тұлғасы қою әрі қатқыл екпінде үндескен. Әсіресе, Есеннің өктем-

дікке толы ариялары соншалықты нанымды, соншалықты өршіл. Әрбір деміне шейін өз-өзіне сенген мықтылықтың, озбырлықтың нышаны байқалып, еркін көсіледі. Кеңгірбай, Еспембет, Есен құраған басты күштің ерекшелігін композитор қалың бояумен көрсетіп, ең бастысы табиғи зілді үнін тауып алған. Нәтижесінде Еңлік пен Кебектің лирикалық бейнелері терең сипатқа ие боп, сол кезеңдегі ортаның тірліктің нысы, зар заманның қыр-сыры, ерекшелігі кесек болмысымен көз алдыға келіп, опера эпикалық деңгейге көтерілген.

Жасымыздан қай-қайсымызға да таныс қайғылы оқиғаны жалаң әуенмен жеткізбей, оны адам баласының адалдық пен рухани тазалыққа құштарлығының шынайы белгісі ретінде мүсіндеп, өзіндік нақышпен, өзіндік шеберлікпен ескерткіш орнатты десек те жарасымды. Ұлттық демін сақтай отырып, классикалық музыканың тарихи бай қорынан сусындағаны, автордың аталмыш операдағы ерекше айқындалған қолтаңбасы әрі құптарлық, әрі қуанарлық.

Операда халықтың бейнесі шынайы сомдалған. Өзіне дейінгі қазақ операларында аса көріне қоймайтын хордың мән-маңызы мұнда айрықша байқалып, шығарманың трагедиялық сипатын қоюлата түскен. Бүкіл операның тамырына қан жүгіртіп, хор монументтік кең ауқымға ие болған. Хор сыбырлайды, сыңсиды, хор аһ ұрып, күрсінеді. Халық көз алдында өтіп жатқан қаралы оқиғаға жаны күйзеледі, әділетсіздікті айыптап, қос мұңлыққа жандары ашығанымен, үстемдікке қарсы тұрар қайрат жоқ бұлардың қолында. Көптеген көріністер хор артистерінің орындауында суреттеліп, қалың бұқараның ашу-ызасы операның өн бойынан жауыздық атаулыға нәлет жаудырғандай атойлайды.

«Еңлік — Кебек» операсы қазақ совет музыкасына қосылған байлық. Автор қиялының нәтижесін, талай

жыл жалықпай ізденіп, шынайы толғаныстан, творчестволық азаптан туған еңбегін жарыққа шығарып опера және балет театры үшін де абыройлы белес болды. Совет Одағының халық артистері Е. Серкебаев, Б. Төлегенова, Республиканың еңбек сіңірген артистері Н. Қаражігітов, С. Құрманғалиева, Қ. Мырзабеков, М. Мұсабеков, жас солистер А. Үмбеталиев, К. Бейсалиев, Қ. Бақтаев, О. Толыбаев, Ғ. Есімов, дирижерлер Б. Жаманбаев пен Т. Османов, белгілі суретші, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А. Кривошейн және басқа өнер қайраткерлері ансамблінің құрамында тұсауы кесілген опера, міне, жұртшылықтың сүйіп тыңдайтын шығармасына айналды.

Операны сахнаға дайындаған Совет Одағының халық артисі Ә. Мәмбетовтың кең диапазоны, режиссерлік тапқырлығы өз алдына әңгіме. Жалпы, бұл арада Мәмбетов пен Жұбанованың творчестволық, семьялық одағы әрі қызығарлықтай, әрі риза боларлықтай мақтаныш ұялататынын айтпай кете алмаймыз. Екеуінің бірлесіп атқарған туындылары бұл күндері ұлттық өнеріміздің мақтанышы. Мәмбетов спектакльдеріне жазған Жұбанова музыкасының сәттілігінде, Жұбанова шығармаларының сахналық жүйесін дайындап жүрген Мәмбетов табыстарының негізінде кім-кімге де үлгі тұтарлық өнеге, кез-келген жұптың маңдайына жазылмайтын тағдыр жатыр.

Өмір табалдырығын бірге аттаған екеуі өнердің соқпақ жолына да бірдей қадам басқан. Содан бері талай уақыт өтті. Екеуінің де есімдері елге жайылып, атақ-даңқтары Одаққа шырқады. Творчестволық ерліктеріне партия мен үкіметіміз әділ бағасын беріп, советтік қоғамның өнер адамына жасайтын барша жақсылығын бастарынан кешіп, бұл күндері әрқайсысының салмақты орны бар, ұлттық мақтанышымызға айналған Мәмбетов пен Жұбанова одағы — шын мәнісінде ел-жұртының бағы.

Жұбанова табиғатынан қиялға бай, ойшыл композитор. Қазақ музыкасына қосқан өзіндік қолтаңбасы мен үлкен үлесі бар, небір таңғажайып пікірлері бар коммунист композитор. Халқымыздың музыкалық тарихын, көл-көсір байлығын, қалыптасу процесін ғылыми тұрғыдан сарапқа салып, қазіргі қазақ музыка жанрларының өркендеуіне, эволюциялық даму ерекшеліктеріне, жалпы, бүгінгі бет-бағдарын көрегендікпен сипаттайды. Республикамызда фортепианолық музыканың сылбыр, тіпті мүлдем дамымай отырғанын, композитор пианистеріміздің жоқтың қасы екенін кейбір ерекшеліктерге байланыстыра түсіндіріп, бұған керісінше, қазір бізде шекті аспаптарға арналған шығармалардың көбейгенін, мұның ғасырлар бойы маңызын жоймай келе жатқан ұлттық аспаптарымызға қатысты екенін дәлелдеп, ғылыми болжамдар жасайды.

Қандай жанрда еңбектенсе де, қандай тақырыпқа барса да, әрбір композитордың өзіндік қолтаңбасын тауып, оны сақтауына мән беруін, халықтық тақырыпты дамытамын деп қана халықтық тақырыпқа жармасудың аздық қылатынын, ең алдымен ұлттық тұрғыдан түйсініп-сезіну қажеттілігін қатты қадағалайды. Сондықтан оның қай шығармасын алсақ та, бүгінгі жоғары талаптың, биік талғамның мүддесінен шығуында табиғи заңдылық бар.

Композитор ретінде қалыптасып, бір шығармасынан келесі шығармасына дейінгі өсу процесінде, романстарынан бастап операға дейінгі аралықта ұдайы ізденудің, таңдай қағарлық еңбексүйгіштіктің айқын ізі жатыр. Алпысыншы жылдардың аяғында дүниеге келген «Аққұс туралы аңыз» балет-спектаклі (либреттосы Ә. Мәмбетовтікі, балетмейстерлер Д. Әбіров, З. Райбаев) ұлттық балетімізге қосылған елеулі жетіс-

тік болатын. Сол кезде Москвада өткен Қазақстан күндеріне байланысты Кремль театры сахнасынан көрсетілген «Хиросима» балеті астаналық көрермендердің жоғары бағасын алып, адамзат баласын селқос қалдырмайтын ауқымды тақырыпты қазақ композиторының шебер игеруі тамсандырған. Балеттің музыкасы мен хореографиялық суреттері әсем қабысып, көпшіліктің көкейінен шықты. Өмірге, бақытқа құштарлық, жер бетіндегі бейбітшілікті сақтау, соғысқа қарсы күрес идеясы Хиросима апатының құрбандығына шалынғандардың тағдыры арқылы нақтылы бейнеленіп, мейірімділік пен озбырлығы, нәзіктік пен күндей күркіреген қаһары алма-кезек жарысқан колориті өте әсерлі еді.

Кейін, 1972 жылы Жапонияға барған сапарында шығармасына арқау қылған сұмдық оқиғаның болған жерін аралап, бүкіл адамзат үшін бейбітшіліктің қаншалықты қымбат екенін, сондықтан да тыныштықты, өмірді жырлаудың саяси мәніне ерекше ықылас қойып, көңіліне көптеген ой түйіп қайтқан. Жапондық достарының тілегі бойынша, туған жерге оралған соң «Аққұс туралы аңыз» балеті музыкасының нотасын салып жіберді.

Ойлап отырсақ, қоғамдағы, өнердегі қайраткерлікті бір-бірінен ажыратып қарамай бәрін жүйелей орайластырып, ғұмыр кешу айтуға ғана жеңіл. Совет әйелдері делегациясының құрамында бірде Францияға сапар шексе, өнер өкілі ретінде Финляндия, Чехословакия, Польша, Италия, Югославия және басқа да көптеген шетелдерде болып, оның бер жағында туысқан республикалардың да мәдени шараларына араласуға уақыт табады. Бұл сапарларының композиторға бергені өте көп. Париждің өзіне ғана тән ерекшелігі, Дрезден галереясының әлемдік маңызы, Италияның таңғажайып табиғатынан бастап Бұхара мен Самар-



қандтың көне архитектуралық келбетіне шейін жан дүниесін тербеп, творчестволық фантазиясын байыта түсті. Әр сапарынан ойына түйген жайттар өткінші сыпатта қалып қоймай, әлеуметтік кең идеяларға айналып, шығармаларынан қандай да бір көрініс тауып жатады.

Бүкіл өмір жолы мазмұнға бай коммунист Жұбанованың еңбегі сан қырлы. Қазақстан Коммунистік партиясының XII съезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне қабылданып, КПСС XXIII съезінің жұмысына қатысты. СССР Композиторларының Бүкілодақтық III съезінде Одақтың басқарма мүшелігіне, ал V съезінде СССР Композиторлар одағының басқарма секретары боп сайланды. Совет әйелдері комитетінің мүшесі. Тізіп шығуға оңай естілгенімен, мұның ар жағында бүгінгі қазақ совет әйелінің биік тұлғасы жатыр.

Өнер саласында тындырғаны қандай болса, қоғамдық қызметі де сондай абыройлы. Қазақ әйелінің азаматтық саналылығын, адамгершілік тазалығын, қоғамдық жауапкершілігін, творчестволық бақытын оның өмірі әбден дәлелдеп отыр. Басқа бірнешеудің еңбек жолына сыюы аса қиын, неғайбыл мүмкіндіктерді бір өзінің еркіне бағындырып, шашылып-шашырамай, бойындағы қабілетін ел-жұртының игілігіне бағыштаған суреткерлік құдіретіне еріксіз сүйсінеміз.

Бойға біткен дарынды бабында сақтау үшін де аялы алақан, қажырлы қайрат, сындарлы мінез керек. Жұбанова таланты, міне, туған халқының мейірімділігінен сусындап, Коммунистік партияның әкелік қамқорлығына бөленген, күш-жігерінің, парасаттылығының арқасында тамырын тереңге жайған қасиетті талант. Елінің құрметіне бөленіп, талантының лайықты бағасын алған, тындырғаны ұланғайыр, тындырамын дегені бұдан да мол, бақытты өнер иесі.

Тірі пенденің бойына тән тағдырлар қақтығысы

мен тірі пенденің ойына шақ табиғи сезім иірімдерін дыбыстардың үйлесімділігінен сарыла іздеп, жер бетіндегі құбылыстарды үнмен түсіндіруде, бағдарлай қарасақ, кез-келгеніміздің өреміз жете бермейтін қаншалықты құпия сыр бар. Жұбанова шығармаларының шырқауға шығандау себептерін талдап-түсіндіру де, міне, сондай жұмбақ, әрі қиын жайт. Өнердегі әрбір құбылыстың түп-тамырына және үңілмей тұра алмайды. Яғни, оның бүгінгі биігіне жеткізген соқпақты жолына қайырылмай өту де мүмкін емес.

. . .

Жарық дүниеге көзін ашып, есін білгеннен-ақ құлағына таныс ән мен күй санасына тым ерте сіңді десек, сірә де, қателеспейміз. Екі бөлмелі үйлерінің біреуінде ұзақты күн сол кезде жаңадан ұйымдастырылған халық аспаптары оркестрінің кезекті жаттығулары жүретін. Домбыра мен қобыздың үнінен, скрипканың сыңсығанынан алған алғашқы әсері әлі күнге шейін есінде. Жансыз аспаптан жанын толқытар небір сиқырлы сазды естігенде, не көзіне, не құлағына сенерін білмеген. Адамның даусы екен деп өзін қанша сендіргісі келгенімен, әлгіндегі үндердің, шынында да, аспаптардан шығып жатқанын таңырқай мойындаған. Бұл кезде шамасы алты-жеті жаста болуы керек. Қобыздың, не скрипканың үнін құлағы шалысымен, жүгіріп есікке баратын. Репетиция жүріп жатқан бөлмеге кіргенше асығып, дамыл таппайтын еді.

Кішкентай қызының музыка аспаптарының даусына құлақ түргіш елгезектігін бірден байқаған сезімтал әке, бәлкім, оның болашағына сол кездің өзінде-ақ үміт артуы ғажап емес. Қалай десек те, кіп-кішкентай балақанының сезімтал боп өсіп, тез әсерленгіш ерекшелігі әке назарынан тыс қалмаған.

Еміс-еміс есінде: сол кезде мұның Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвадағы алғашқы декадасынан оралған алғашқы қарлығаштары екенін қайдан білсін, әйтеуір жүздері қуаныш пен шаттықтан бал-бұл жанған адамдар, солардың арасында әкесі, бәрі мәз-мәйрам. Алыс сапардан олжалы оралған қазақ өнерінің тұңғыш қайраткерлері — Күләш, Шара, Құрманбек, Қанабек, бейнебір ертегіден түсе қалғандай, ақ сақалды қарт Жамбыл және басқаларының соншалықты неге шаттанған себебін білмегенімен, үлкендердің сол бір бақытты кейіптері бұлдыр-бұлдыр есінде қалыпты.

Кейін жиырма жыл уақыт өткен соң дәл сондай декадаға Ғазизаның да қатысып, үлкен сахнадан скрипкаға арнап жазған концертті тыңдалатынын, одақтық музыка қайраткерлерінің бұған сүйсіне баға беріп, қуана қол соғатынын ол кезде кім болжаған! Әкесінің алғашқы декадаға қатысып, табыспен оралған киелі өнерін мақтанышпен жалғастырып, Москва сахнасынан шығармалары орындалған қызының, яғни осы екі аралықтағы қазақ мәдениетінің жан-жақты өркендеп-дамуында, гүлденуінде терең символикалық мән жатқаны әбден рас.

Бірақ сонау балалық шағында ешкім де мұны бағдарламаған. Кішкентай Ғазиза кәдімгі өзі құрбылас балалардың қатарында өсіп жатты. Үйлеріне үнемі кісілер сапырылысып келіп, оңаша қалатын сәттері аз кездесетін. Ертелі-кеш қанша адам ағылып келіп жатқанымен, үйдегілердің қабақ шытысқанын ешқашан аңғарған емес. Үйлерінің іші мейірімділік пен ізгілікке, бір-біріне деген ілтипат пен сыйластыққа толы болатын қай кезде де. Әкесінің балаларына ғана емес, туған-туысқандарына, жалпы адам баласына деген бауырмалдығы шынайы да шексіз еді-ау! Бұл күндері өзі де мейірлі ана аталған Ғазиза апай әкесінің өздеріне тигізген ықпалын еске алып, жиі айтады.

Өнерге деген талғамының жастайынан қалыптасып, болашағын сол қасиетті жолға сарп етуіне, табиғи дарынының кең құлаш жайып, өз арнасында дамуында, әрине, музыка қайраткері, әкесі Ахмет Қуанұлы Жұбановтың тілмен айтып жеткізгісіз әсері бар. Қазір белгілі боп отырғанындай, қазақтың осынау қасиетті шаңырағынан шыққан әкелі-балалы екеуінің ұлттық мақтанышымызға айналуының өзі аса сирек кездесетін құбылыс...

Қызының музыкалық бейімін көрегендікпен зерделеген Ахмет Қуанұлы оны жеті жасынан бастап музыкалық мектепке оқуға берді. Фортепиано класы бойынша музыкалық сауатын ашып, міне, осы сәттен ақ балғын Ғазизаны таңғажайып әуендер өмірінің құпия сырлары кәдімгідей қиялын оята бастады. Тіпті, ол өзін музыкасыз елестете алмайтын халге жетті.

Сондықтан да шығар, музыкалық сауатын ерте ашқан Ғазиза мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ өзінің композитор болатынына іштей сенімі зор еді. Жетінші класта оқып жүріп жазған «Қандай мамандықты қалайсың?» деген шығармасында «мен тек қана композитор боламын» деп кесіп айтқан. Кластастары алғашқыда бұған таңырқағандарымен, кейін бәрі де оны «композитор» деп атап кетті. Әсіресе, қыз балаларға бұл сөз таңсық естілгенімен, Ғазизаға осы атау әбден жарасымды да лайықты көрінетін.

Бір мың тоғыз жүз қырық бесінші жылы Қазақтың опера және балет театрында Абай Құнанбаевтың юбилейіне арналған салтанатты кеш өтіп жатты. Мерекелік концерттің орта шенінде атақты әнші Ришат Абдуллиннің орындауындағы «Дауыл, мені қорқытпаңдар» деген романсты тыңдаушылар жылы қабылдады. Романстың сезімді оятар әуезі, құлаққа жағымды ырғағы кім-кімге де ұнаған еді. Залдағылар

романстың авторы оныншы класс оқушысы Ғазиза Жұбанова екенін естігенде, ду қол шапалақтап, бір-бірлеріне әрі тамсана, әрі қуана қарасты.

Міне, осы сәттен оның ұзақ жылдарға созылатын іздену, оқу кезеңі басталып, музыкалық сауатын тереңдетіп, білім дариясынан сусындау мақсатында Москваға аттанды. Гнесиндер атындағы музыкалық училищеге оқуға түсті. Мұнда жан-жақты дайындықтан өтіп, училищені аяқтағаннан кейін Чайковский атындағы консерваторияда оқыды. Атақты совет композиторы, көрнекті музыка қайраткері, профессор Юрий Александрович Шапориннің көрегендік басшылығымен композиция курсы өтіп, содан соң аспирантураны аяқтады. Консерватория қабырғасында оқыған жылдары бірнеше соната, романстар, фортепианолық прелюдия, халық аңызы негізінде «Ақсақ құлан» симфониялық поэмасын және басқа да шығармаларын жазды.

Он жылдан астам уақыт Москвада өткізген шағы болашақ творчестволық жолының басты бағытын айқындап бергені шындық. Студент, аспирант ретінде классикалық музыканың тереңіне бойлап, өзі де түрлі жанрда бағын сынап жүріп, композиторлық қолтаңбасын мүсіндеуге тырысты. Советтік классикалық музыканың даму процесіндегі заңдылықтар мен ерекшеліктерді зердесіне түйгенде, бұл орайда Прокофьев пен Шостаковичтің әріптестеріне, жеке өзіне тигізген ықпалы күшті еді. Творчестволық еңбектерімен бүтіндей құбылыс жасады деуге саятын атақты композиторлардың кең тынысты демі, драматургиялық жүйелі желісі бұларды көп нәрсеге үйретті. Жұбановаға со кезден Прокофьев шығармаларындағы көңілді, қайғылы, ақжарқын әуендерінің шебер үндесуі жақын болатын. Заманымыздың ұлы симфонисі Шостакович творчивосының асқан трагедиялық қоюлығы да оны мазаламай қоймайтын.

Елуінші жылдары Отанымыздың астанасында оқып жүргенде, құлақтарын елең еткізген қандай да өнер жаңалықтарын тезірек тамашалауға асығып, көбінесе классикалық музыка тыңдайтын. Сол кезде жарыққа шыққан шығармалармен танысу үшін түнімен билеттің кезегінде тұратын сәті де жиі кездесуші еді. Прокофьевтің «Ромео мен Джульетта», «Соғыс және бейбітшілік» операларын тыңдап тамашалайтын.

«Гректерде «философия таң қалудан басталады» деген нақыл сөз бар,— дейді Ғазиза Ахметқызы студенттік шағын еске алып,— шынында, біз есіміз кете жиі таң қалатынбыз. Қазіргі жастарға барлық мүмкіндік жасалған, ол кездегі жағдайымыз сәл өзгешелеу, сәл жұпынылау, бірақ сол кездегі бізбен салыстырғанда, бүгінгі жастар бәрін білгенмен, өрістері жан-жақты дамығандарымен, ештеңеге таң қала қоймайтын сияқты. Творчество адамына, әсіресе композиторда селт етіп таң қалуы сирек кездессе, дүниені, табиғатты поэтикалық қабылдауда қарабайырлыққа, жүдеп-жадаушылыққа ұрынары хақ».

Байқап отырғанымыздай, композитордың бүгінгі бай мұрасын құрап отырған шығармаларының төркінінде жастайынан білімге деген құштарлығы, әсемдік атаулыға әсерленгіштігі, классикалық музыка мен халық фольклорының арасынан өзіндік соқпақ тауып, қазақ өнеріне енгізген біраз жаңалығы жатса керек. Консерваторияда оқып жүргеннен бастап қабілетін сан алуан сыннан өткізіп, құлашын кең сермеді. Әуенді композициялық құрудың құпиясына жіті үңіліп, ұзақ ізденді, ерінбей-жалықпай еңбектенді.

Туған елге оралғаннан кейін ол алғашқы шығармаларымен жұртшылық ілтипатына бөленіп, он шақты жылдың аралығында Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының

лауреаты, Қазақ ССР халық артисі сияқты құрметті атақтарды алды.

Дүниеге келген әр шығармасы республикамыздың мәдени өмірінде елеулі пікір туғызып, алуан түрлі ғылыми талдаулардың өзегін құрап отыр. Жұбанова жазған бір де бір туынды елеусіз қалмағанына республика баспасөзінен бастап одақтық баспасөз беттерінде жарияланған көрнекті музыка зерттеушілерінің, атақты өнер шеберлерінің, журналистердің, мамандардың мақалалары, зерттеулері айқын дәлел.

. . .

Творчество адамына ең алдымен ауадай қажеті талант болса, бұл оның қанына жаратылысынан сіңген. Талантты шыңдайтын еңбек болса, бұл оның тірлігіне жастайынан серік. Еңбексүйгіштігінің арқасында, тынымсыз ізденуінің, соның бәрі қосылып кеп өмірге — өнерге құштарлығының арқасында табиғат сыйлаған дарынын дамытты. Дүние жүзі деңгейі өлшеміндегі классикалық мектептен сусындап, білімін кеңейтті. Өзіндік қор жинап, өзіне дейінгі асыл мұраны одан сайын байытып келеді.

Ғазиза Ахметқызы қазір нағыз творчестволық шабытының дер шағы мен бабында. «Қобыланды» балетінің музыкасы бір бүйірінде болса, әкесінің көп уақыт бойы халқымыздың ұлы композиторы, қайталанбайтын дара тұлға — Құрманғазының өмірі мен өнерін зерттеген жұмысын жалғастырып, «Құрманғазы» операсын аяқтау үстінде. Осыдан біраз бұрын ол Москвада көсеміміз жүрген жерлерді аралап, Ленин тауларында болған еді. Сол сапардан үлкен әсермен оралды. Келісімен ақын Қадыр Мырзалиевке хабарласып, өзінің ойларын білдірді. Нәтижесінде Қ. Мырзалиевтің сөзіне «Ленин таулары» деген жаңа ән жазылды. Алғаш рет бұл ән Қазақстан Композиторлар одағының IV пленумында орындалып,

жас әнші Ғ. Есімовтың орындауында радиодан жиі беріліп жүр. Тыңдаған адамға әннің мелодиялық тереңдігі бірден көңіліне ұялайды. Композитордың оны ризалық ниетпен, ғасырымыздың ойшыл дана кемеңгеріне деген сүйіспеншілікпен жазып шыққаны айқын сезіледі. «Ән жазу оңай» деген ұшқары пікірмен мүлдем келіспеймін,— дейді ол,— көлемі шағын болғанымен, музыканың бұл жанры көп еңбектенуді талап етеді».

Замандастарының ой-қиялын тербетіп, туындыларымен талай ұрпақтың өкілін тамсандырар өнер күрескерлерінің өмірі уақыттың қай мезгілінде де адамдарды мазаламай қоймаған. Жұбанова өнері де кеудесінде жаны бардың сана-сезімін оятып, асқар мұраттарға жетелейтін, адалдық пен ақтықтың дариясына сүңгітіп, гуманистік көзқарасқа алып баратын текті өнер. Жалғандығы жоқ, жасандылығы жоқ, қоспасыз өнер.

. . .

Көбіміздің құлағымызға — «әйелдерден шыққан тұңғыш ғалым... профессор... ұшқыш... дәрігер...» деген тіркес соншалықты үйреншікті естіліп, қазір бұған аса мән бере қоймайтынымыз рас. Жұбанова қазақ қыздарының арасынан дара туған алғашқы профессионал композитор екені бір бөлек, жалпы өзі қатарлас замандастарының ішінен суырылып шыққан, музыкалық жанрлардың өзіне дейінгі игерілмеген тыңына өзгелерден гөрі қолын бұрын созып, бұрын жеткен ерекше тұлға.

Қоғамдағы, өнердегі қайраткерлігін біршама талқылаған сияқтымыз, ал оның семьядағы, күнделікті өмірдегі қайраткерлігі дербес әңгіме. Композитор, профессор, ректор Жұбанова ең алдымен сүйікті жар, төрт бала тәрбиелеген мейірлі ана.



Тұңғышы Дина Москва консерваториясын, Әлия Құрманғазы атындағы қазақ мемлекеттік консерваториясын бітірді. Әліби мен Адай да студент. Жұмыстан шаршап-шалдығып келген сәттерде балаларының маңдайынан емірене иіскеп, әрқайсысының хал-жағдайын, сабақ барысын тексеріп, орталарында мәз-мәйрам боп отырғаннан артық рақат та жоқ сияқты кейде.

Тетелес өскен апалы-інілілер кішкентай кездерінен-ақ мамалары рояльға жақындай бастаса, бір-біріне саусақтарын шошайтып: «Т... с... с... мама жұмыс істеп жатыр»,— деп тыныштала қалатын. Сөйткен бүлдіршіндері де, шүкіршілік, есейіп ержетті. Өскен сайын ата-ана үшін мазасыздық та көбеймесе, азаймайды екен. Біреуі сәл кешіксе де, тұңғышынан хат сиресе де, ана көңілі алаңдап отырғаны.

Алыс сапарларға аттанғанда да қобалжымай жүре алмайды. Әрқайсысының тағдыры үшін түн ұйқысы төрт бөлініп, ұзақ уақыт көрмесе аналарға тән мейірімділікпен елжірей сағынар еді балаларын. Әйел-ана бақытының бір бөлегін құрайтын шамасы осы болуы мүмкін.

Қашан көрсең де, Ғазиза апайдың айналасын аялап тұрар нәзіктігі, мінез-құлқының майда, жұмсақтығы бірден баурап әкетеді. Салтанатты жиындардың, кезекті мәжілістердің президиумдарында, ректорлық кабинетінде, лекция аудиториясында, от басы, ошақ қасында, мейлі қай жерде болсын, өн бойынан «сегіз қырлы, бір сырлылықтың» түйсініп қана білуге мүмкін құдіретін сүйсіне мойындаймыз. Мойындаумен шектелмей, тұла бойыңызға шуақ боп таралып жатқан бауырмал жанардан айналсоқтап кете алмай ғажап әсерге бөленіп, алда-жалда тілдесе қалсаңыз, сырлы да сиқырлы бір әлемге тап келдім дей беріңіз.

Өмір — сарынды сергек сезімталдықпен «еститін» қасиеті қандай мәселе төңірегінде сыр шертсе де,

жібек желдің жаныңызға жайлы тиер лебіндей есіп, әйелге ғана жарасар мінездің, онның, жүздің бойынан сирек кездесер мінездің табиғаттың өзіндей мейірімділігіне, тазалығына қайран қалар едіңіз. Ішкі жан дүниесінің байлығы сыртқы бейнесін осынша сұландырып нұр шашып тұратыны ғажап!

Алыстан, жақыннан, кездейсоқ, әйтпесе арнайы іздеп барып жолыққанда, өмір жайлы, өнер жайлы сыр толғағанда, басқаға қайдам, маған оның әрбір сөзі төгіліп тұрған лирикалық әндей әсер етеді.

Ресми мәселені шешу барысында, үлкен мінбеден сөйлеген сәттерінде, жиындарда, президиум төрінде, телефонмен сөйлескенінің өзінде, қандай жағдайда кездестірсем де, Ғазиза апайдың бойындағы өзімді сонша тебіреніске бөлейтін нендей құдірет екенін де білмеймін. Бірақ қарапайым тұлғалы, жүзінен жылылық ескен осы аяулы жанды көрсем-ақ, айнала төңірек сәулеленіп, еңсем көтеріліп жүре береді. Сол сәтте мен адам бойындағы мінез бен таланттың, талант пен мінездің мұндай үйлесімділік табуы, сірә де, сирек ұшырасатын, жүздің, мыңның бірінің тағдырына бағышталатын бақыт шығар деген ойға қаламын.

### ІЗ БАСЫ

Ескерткіштің жанында жігіт ұзақ отырды. Батып бара жатқан күн жер-көкті қызыл арайға малындырып, бергі беттен қарағанда мына мүсінделген қыз тұлғасы от-жалынға орана пулеметінен енді болмаса оқ борататындай. Жігіттің көз алдында дүние бір сәтте аударылып-төңкеріліп кетті. Кең даланы ерсілік-қарсылы ысқыра атқылаған оқ жауынының астында пулеметін сүйреген нәп-нәзік қыз қара көздері жалт-жұлт етіп, кеудесін кернеген кектен өз-өзін ұстай алмай ұшып кете жаздап келеді. Көкірегінде бұлқынған қас дұшпандарына, аспан астын қаптаған қара

ниет атаулыға деген ашу-ыза сыртқа намыс боп атылып жатыр. Елі үшін, жері үшін, аяулы әкесі үшін... Есемді жібермеспін сендерге, жауыздар... Жер жастанып тыныш таптыңдыр ма?.. Тағы, тағы да... Әттең, үзіліп кетті-ау, үзіліп... Жо-жоқ, жігіт көзін ашты. Мөп-мөлдір ыстық жас омырауына тамшылады. Ғайып болып жоғалған жаңағы бір елестен арыла алмай қайтадан Мәншүктің ескерткішіне қарады. Манағыдай емес, қызыл бояу қарақошқылданып, батыр қыздың бейнесі енді салмақты да сұсты көрінді.

— Бұ несі, маған не болған?— деді Сұлтанғали күбірлеп.— Тіпті орнымнан тұра алатын емеспін ғой. Дәл осындай жағдайды қашан еді, бастан бір кешіп едім-ау, Иә, иә, сол 1943 жылы, онда тек көзіммен көріп тұрып, ағыл-тегіл егілгенмін...

Сұлтанғали ол кезде он жетіде болатын. Әскерге алынып, бірден майдан шебіне жіберілген балаң жігіт пен капитан Сұлтановтың арасында ерекше достық қарым-қатынас қалыптасқан. Бірте-бірте мұның өзі қимастық сезімге айналған. Кезекті бір ұрыста сүйікті досы қаза тауып, өз қолдарымен арулап жерлегенде Сұлтанғали дәл жаңағы әзірдегідей халді басынан кешіп еді ғой. Жан-жүрегімен егілген жігіт көз көріп, құлақ естімейтін зұлымдық барын бұрынғыдан гөрі айқынырақ сезініп, сол булыққан сезім жүрегіне мұңлы да сазды әуен боп төгілген. Бар болмысымен қатты күйзелгенде от пен оқтың арасында алғашқы әні «Жапанда тұр жалғыз ағаш» дүниеге келген.

Қалың ұйқыдан оянғандай Сұлтанғали енді жан-жағына елегізі қарады. Маңында ешкім көріне қойған жоқ. Сірә, ауыл жұртшылығының кешкі абыр-сабыр тірлік қамына кіріскен шағы.

Тұла бойын ауыр ой басқан жігіт көңілі енді бір сәт өрекіп кетті. Тіпті жүрегі әдеттегіден жиі-

жиі соғып, алып-ұшпа бір халге түсті. Сүт пісірім сәтте қызыл бояудың сұйылып жоғалғанын, төңірек енді көгілдір тартып, әлден уақытта қара бояудың құшағына енгені, сол түрлі-түске енген тіршілік бөсігінде тербелген Мәншүк тұлғасы, бәрі-бәрі Сұлтанғалиға ерекше әсер етті. Құлағына әлдеқандай әуеннің үзік-үзік буындары талып жетіп, талып жетіп жалт береді. Сарайын кең ашып, көкіректі кере дем алсам деді. Сонда ғана Сұлтанғали көңілінде күмбірлеген күй үзiгiн есте сақтап қалайыншы дегендей, демiн шығармай тылсым сәтте үнсіз тұтқындалғанын сезді. Дәл қазір мынау құлаққа ұрған танадай тыныштықта әлдене дiр етсе, бәрiн жоғалтып алатындай. Тезiрек домбырама жетейiн, домбырама...

— Қайда жүрсiң, Сұлтанғали? Концерт басталатын уақыт жақын ғой, сені iздеп...

Болғанның даусынан асықтырғаны байқалып тұрды. Жолдасының елегізіп, өзінен басқаға жұмбақ сиқырлы хал кешіп тұрғандығын сезімтал келіншегі бірден сезді. Сезді де, Сұлтанғалиды бұдан әрі мазаламай, соңынан баппен аяңдады.

Халық жиналып-ақ қалған екен.

— Мәншүк туралы күй,— деді Сұлтанғали домбырасының құлағын қатайта көпшілікке қарап. Тұғырына қонған қырандай қомданып, жанарын өзіне қадалған сан жүздеген көздерден тайдырып әкетті де манадан бері тұла бойын буып, тұншықтырған мазасыздық дереу күркіреп кеп күйге ұласты. Ол — Мәншүк күйі, Мәншүк жыры, ешқашан өлмейтін, мәңгі жас боп қала беретін қыз Мәншүк, ер Мәншүктің таусылмайтын дастаны.

Екпіндетіп кеп тоқтады, үзіліп кетті-ау... домбыраның шегі ме, әлде...

Еңселі залды шайқалтқан ду қол шапалақ. Орындықтан теңселе басып тұрған күйшінің есі кіресіліш-шығасылы. Оны сахнаға қайтадан шақырды. Өзгеше

шабытпен тартылған бұл күйдің өзгеше сыры, күмбірлеп тасқындағаны — дүние есігін ашқандығы, атойлап өмірге келгендігі екен. Мұны біреу білді, біреу білмеді, ал күйшінің маңдайынан моншақтаған тер тамшылары кім-кімге де жақұттай әсер қалдырып еді.

Мәншүктің жерлестері, қазақ даласындағы небір дауылды өзгерістердің бесігі болған Орданың халқы Сұлтанғалидың жаңағы күйінің осы кеште туғанынан бейхабар-ды. Қашан, қалай шығарылғаны емес, көпшілік үшін күйдің өздеріне қандай ғажап әсер қалдырғаны маңызды еді.

. . .

Күй бір кеште туды. Тұла бойы әлденеге елегізіп, ұзақты күн жүрегін тулатқан мазасыздықтан сабыр тауып жігіт көпке дейін үнсіз қалды. Қашан басталып еді осының бәрі? Есін-білгелі кез-келген құбылысқа, төңірегіндегі жайттарға селқос қарай алмайтын, беймазалығы ма, сергектігі ме, әйтеуір бұл үшін әлем тұнған айқыш-ұйқыш ырғақтар. Сол айқыш-ұйқыш ырғақтар арасынан бұл өз әуенін тапқысы, бір сәтке болса да жарық дүниені өз сазымен тербеткісі келетін. Қарап отырса, жүрек түкпірінен туған қайсыбір ән-күйлерінің о бастапқы әуезінен айрылып та қалғандай. Шыққан жерінде шашылып қала беріпті, қала беріпті. Тіпті, соны жинауға, қағазға түсіруге, асықпағаны аңғалдығы ма, әлде бейқамдығы ма, мұның себебін өзі де түсінбейді.

Есіне сонау бала кезінде әкесінің: «Пәлен жерге әнші, жыршы келіпті», — деп, ести сала соны үйіне қашан шақырғанша асығатыны түсті. Сондай бір шақта бұлардың үйіне Маңқыстауға халық әншісі Сәттіғұл Жанғабыловтың арнайы кеп, бүкіл аймақты жырға бөлегені еміс-еміс есінде. Алғаш рет мынау айдай

әлем астында адамдарды аялайтын ән барын, жырау барын сонда түсінді ме екен? Қалай дегенмен сергек сезімталдық, алғырлық мұның басына о бастан үйірді. Күнделікті кездесетін көңілсіз тіршілік көріністерін қағытпа әзіл әнмен әшкерелеу, өлеңмен танысып сәлемдесу, толғау, терме шығаруына өлкесіне танымал қарт жыршылар әсер етсе, кейін мұның бәрін салмақтанып, оның алдына өміршең мақсат қойған. Бұл мақсат атақты Дина күйшімен кездескенде ерекше айқындалып, өнер жолы тар жол, қиын жол екенін, ән, күй құдіретін ежелден сезінген туған халқының табиғи дарындылығын бұдан әрі жалғастырып әкелетер де өздері сияқты өрендер екенін, бұл үшін тек қабілет аз, саналы, еңбекқор, қажымас қайратты болу қажеттігін ұққан. «Үзбей жаттығып, талмай ізденсең ғана халық сенімін ақтайсың», — деген күй анасы.

Сол 1952—54 жылдары Сұлтанғали Алматы консерваториясында оқып жүрген. Е. Брусиловский мен Б. Ерзакович оның көптеген күйлеріне тәуір баға беріп, шығармаларының кең тарауына ықпалдарын тигізді. Әрі музыкалық білім алуын қуана құптады.

Мынау зымыраған уақытқа біреу есесін жіберер, біреу жібермес. Кім білсін, тіпті «өткен күнге есем кеткен жоқ» деп әр көкіректену асылық та болар. Әйткенмен, денсаулығына байланысты және басқа да түрлі себептермен Сұлтанғали астанадағы оқуынан қол үзіп, елге оралғанда үнемі халық арасында боп, ауыл мәдениетін көтеріп, өнерін өркендетуде ұзақ жылдар еңбек сіңірді. Сондықтан да ол өткен күнге өкпесі бар ма, жоқ па, анық айта алмайды.

Қашанда адамдарды әсемдікке баулуға жаны жақын. Сұлтанғалидың ұлдары Нұрлан, Ержан, Бижан — үшеуі де ата-ана мерейі. Ата-ананың ғана емес, көпшіліктің қуанышы, болашақ үміткерлеріміз. Өйткені, Ержан ксилофонда, Бижан ұрып ойнайтын аспапта, Нұрлан бас қобызда ойнап, қазірдің өзінде келешек-

терінен үлкен үміт күттіреді. Жұбайы Болған жасынан жез таңдай әнші, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қызмет істейді.

Семья мүшелерінің дарындылығы арқасында бұдан бірнеше жыл бұрын Сұлтанғали өздерінің ансамблін құрды. Лұқпановтардың семьялық ансамблі туралы Семей, Ақтөбе, Гурьев, Орал облыстары еңбеккерлерінен жылы-жылы лебіздер естуге болады. Республикалық баспасөзде де мұның өзі кеңінен әңгімеленген. Ең бастысы — көпшіліктің осынау өнерлі коллективке деген ыстық ықыласын ізгі ниеттерін білдірген пікірлері. Жан-жақтан ауыл-село тұрғындарының бұл дарынды семья жайлы білдірген талап-ниеттерінің бас-аяғын оқып шығу мүмкін емес, өйткені мұндай жылы лебіздер өте көп.

Жазғы маусымда республика облыстарының шалғайдағы ауылдарына жиі-жиі сапарға шығып, өнер көрсету соңғы жылдары Лұқпановтардың семьялық ансамблінің игі дәстүріне айналды. Жастайынан туған халқының ән-жырынан сусындап өскен Сұлтанғали Лұқпановтың творчестволық өмір жолы аса қызық та қиын. Орал облысының Зеленов ауданында туған Сұлтанғалидың әнге деген елгезектігі есейе келе өнерге деген шексіз сүйіспеншілік боп жалғасқан. Жігіттік шағының балаң жылдары соғысқа шарпылып, басынан қилы-қилы тағдыр кешкен қарапайым, жібек мінезді жігіт ағасының жүрегінде қанша нәзіктік жатыр десек, оның шығармаларының да негізгі ерекшелігі — ой айқындылығы, мелодиялық тілінің әуезді боп келуі. Халыққа етене жақындығы, түсініктілігі. Жұртшылыққа таныс «Біздің ауыл осындай», «Бесік жыры», «Ұстазым» атты әндері, «Шаттық», «Қуаныш», «Арман» және басқа күйлері негізінен бүгінгі өмірімізді жырлап, әуенділік жағынан халық ән-күйлерімен астасып жатады.

С. Лұқпанов қазір де өзінің шеберлігін шыңдау үстінде. Жас балдырғандарды музыкаға баулып-тәрбиелеуде сіңіріп жүрген еңбегі, толып жатқан қоғамдық жұмыстарын тәптіштей айтуды мақсат тұтпадық. Көп жағдайда өз басының жеке қамын ұмытып, бар ынта-жігерін қызық та қиын жолға бағыштаған ұстаз композитор, әнші ағамыздың ұдайы ізденіс үстінде жүретіні, табиғи талантының арқасында жұртшылықтың сүйіспеншілікке бөленіп, өнердің қиын да бұралаң соқпағында өз ізімен келе жатқаны қуантады.

### БАҒЫ ЖАНСА БИШІНІҢ

— Ал, бастадық,— деді Инесса Ивановна пианисткаға бұрылып,— бір-екі-үш...

Залдың ішін Шостаковичтің «Бойжеткен мен сотқар» балетінің музыкасы кернеп жүре берді. Әлгінде ғана анадай бұрышта денесін тәртіпке келтіріп, елеусіз жаттығулар жасап жатқан балерина ортаға шықты. Әуен ырғағын бейнебір бүкіл болмысымен қабылдағандай, аяғының ұшымен көтеріле секіріп, қарсы алдындағы зәулім айнадан өзінің қимылын зерделей қарады да, шыр көбелек айналды. Екі адым бұрылып барып, сол аяғымен екі қолын бір мезгілде биікке қатар серпи, шапшаңдықпен түрлі-түрлі қимылдар жасай бастады. Сосын кілт тоқтап, тас мүсіндей қатты да қалды.

— Жо-жоқ,— деп басын шайқады жаттықтырушы,— мынауың келісе қояр ма екен, бұл не қылған арабеска...

Музыка үзіліп, бөлмені үнсіздік басты. Зарема сұраулы кейіппен Инесса Ивановнаға қарады.

— Қарашы, өзің,— деді анау,— сен бұрылып кеп тоқтай қалғанда, беліңнің мына тұсы мүлдем сұрықсыз көрінеді, қайтадан...



Тағы да музыка ойнады. Құлағына таныс әуеннің әрбір буынын қимылмен өрнектеген балеринаның көзқарасына шейін өзгеріп, дәл қазір өзіне ғана түсінікті қиялдай ғажайып халдің құшағында тербелгендей. Шамалы уақыттан соң оның қатарына Бауыржан қосылып, үкідей үлбіреген нәп-нәзік қызды жеңіл қимылмен көтеріп алды да, жүгіре жөнелді.

Бұлардың биін тағы да жаттықтырушы тоқтатты.— Табиғилық жетіспейді,— деді ол орнынан көтеріліп,— тағы бір қайталаңдаршы, тек музыкасыз... там-тарада...

— Міне, міне, енді түсінікті.— Инесса Ивановна екеуінің қасына келді.

— Бауыржан тік көтеріп алғанда, қолдарын тым жоғары тұстан алады ғой деймін.— Зарема партнері мен жаттықтырушысына алма-кезек қарап қойды.

— Дұрыс айтасың,— деді Инесса Ивановна,— сен, Бауыржан, әрбір бишінің өзіне ғана тән ерекшелігі болатынын ұмытпа. Қазір жоғарыға оны көтергенде, екі қолыңды белінен сәл төменірек алып байқашы. Кәне, енді музыкамен, тек қана тоқтап қалмаңдар.

— Бұл жерден емес,— деді Бауыржан пианисткаға аңтарыла қарап,— сәл кейінгі тұсынан бастаңыз...

Екеуі жаңағы көріністі әлденеше рет қайталай билеп шықты. Қанша қайталаса да, бұған ешқайсысының көңілі толар емес. Залдың іші қапырықтанып, тыныс тарылтатын сияқты.

Тақтай төселген еденді Бауыржан су құйғышпен екі-үш қайтара сеуіп өтті.

— Менің уақытым бітті,— деді пианистка.

— Сіздер кешіріңіздер, бірақ мен жаңағы жерде тіпті музыкаға ілесіп үлгермеймін,— деді Бауыржан,— жағымнан тартып қалатын сәттен тағы бір қайталап көрейікші.

Бір емес, бес рет қайталады. Ең соңында әбден

шаршаған екеуі тізелерін құшақтап, еденге отыра кетті.

Жаттықтырушы басын шайқады:— Жұмыс істегенді жақсы көресіңдер, ә... Қалай, адажионы тағы бір байқап көрсек қайтеді?

Бойларын билеп әкете жаздаған селқостықты ысырып тастап, орындарынан ұшып тұрған бишілер тағы да жаттығуға кірісті. Арагідік дауласып қойып бір-бірінің қимылын бір-біріне көрсетіп, ақыр аяғында ортақ тіл табысқандай, музыка әуенін ыңылдай жүріп, бір көріністі әлсін-әлсін қайталап жатты.

Жаттығудан Зарема шаршап шықты. Түнде ұйқысы да қанбаған еді, әрі ұзақты күн тамақтануға да мұршасы келмепті. Қазіргі еркіне салса, демалар еді. Бірақ оған уақыты жоқ. Мереке күн де жақындап қалыпты. Ең алдымен магазиндерге кіріп аналарына, қызына сыйлық алуы керек. Өзінің анасы Зылихаға, қайын анасына.

Театрдан шығып Құрманғазы көшесіне қарай жаяу беттеді. Жол бойы бірді-екілі магазинге соғып еді, лық толы кісі екен. Сеңдей соғылысқан адамдардың маңына жақындағысы келмей, анадайдан қарап тұрды да, бұрылып кетті...

\* \* \*

Өнер атаулының ішінде балеттің тұла бойы тұнған тәуелділік болса, оған өмірін арнаған бишінің тағдырын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Көрермен ретінде елестетсеңіз, көбінесе көп тамсанумен, бидің ішкі қуат күшіне бойлаудан гөрі сыртқы әшекей қимылдарды қызықтаумен шектелер едіңіз. Аса күрделі де қиын би көріністерін құс қанатының суылындай жеңілдікпен суреттеп бергеніне әрі риза боп, әрі таң қалып қол соққаныңызбен, мұның ар жағында жасырынған көл-көсір қиындығын, төгілген маңдай

терін тіпті де ойлап жатпайсыз. Өйткені сахнаға шыққан биші өзінің өнері үшін төгілген тер мен небір асуларды игерген қайсарлығын ешкімге міндет қып артпайды. (Тек бишіге емес, мұндай мінез қай-қайсымызға да керек-ау). Міне, осы қасиет Заремаға тән.

Табиғатынан туа біткен қарапайымдылығынан оның балерина ретіндегі өзіндік ерекшелігі бірден атойлап қол бұлғамайды. Айналасындағы адамдармен қарым-қатынасындағы жұмсақтығынан, жеңіл-желпіге елпілдемейтін ұстамдылығынан Зареманың «өнердегі өзін» емес, «өзіндегі өнерді» қадірлейтіні байқалады. Өзіндегі өнерді нәзіктікпен, жібектей мінезімен дәлелдеп келе жатқаны қызықтырады.

Балет кез-келген бишіге дари бермейтін өнер, яғни кез-келген бишінің балеттен еншісін алуға қауқары жете бермейді. Ойы жеткен жерге қабілет, қабілеті жеткен жерге қайсарлық жетпеу — жиі-жиі кездеседі. Ой, қабілет, қайсарлық тоғысқан жерде ғана бишінің бағы жануы мүмкін. Мұның қай-қайсысын іздесек те, Зареманың бойынан табар едік. Егер іздесек қана табар едік, себебі көп ретте Зареманың табиғи ұяңдығы жаңағы аталған қасиеттерді көлегейлеп тұратыны рас. Бірақ бұның өз ғажабы бар. Ендеше Зареманың балерина ретіндегі ерекшелігін де оның өзіне ғана тән мінезінен іздейміз.

Би ең алдымен адамнан тәртіптілікті керек етеді. Сезімді, қиял, арманды қимылмен түсіндіру үшін дененің әрдайым сұлу да сымбатты болуы шарт. Сондықтан да биге ғұмырын арнаған адам күн сайын өзінің еркімен, бұлшық еттерімен, сана сезімінің толып жатқан қырсық-қыңырлығымен жекпе-жек айқасқа шығып отырады. Басқаларға таңсық көрінгенімен, мұның бәрі бишінің әдетіне айналған кәдімгі тәртіптілік. Биші талантының шыңдалуы осы тәртіптіліктен басталады. Бұл Заремаға ғана емес, балерина атаулыға түгел қатысты.

Асылы, биші болу үшін — биші боп туу керек. Жаратылысынан өзгелерден өзгеше қалыптасқан дененің сымбаттылығы ғана би әлеміне құшақ жаюға мүмкіндік туғызады.

Осындай жекелеген артықшылығы бар, бұғаналары қатпаған он шақты жас бүлдіршін бұдан жиырма үш жыл бұрын Москваға, Үлкен театрдың жанындағы хореографиялық училищеге аттанып еді. Қазақстаннан барған он баланың ішінде бұл күндері есімдері көбімізге белгілі Рамазан Бапов, Раушан Байсейітова, актриса Наталья Арынбасарова және Зарема Қастеева да болатын. Сегіз жыл би өнерінің қыр-сырын зерттеп, әлемге әйгілі өнер шеберлерінен үйреніп білім алған бұл топ бір мың тоғыз жүз алпыс алтыншы жылы Алматыға оралды.

Содан бері Қастеева астанамыздағы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында қызмет істеп келеді. Балеринаның өзін танытуы үшін бұл аз мерзім емес. Алайда, Заремаға өзін көрсету, қатарлас, әріптес құрбыларынан суырылып алға шығу — мақсат болған жоқ. Басты мақсат — өзіне жүктелген қандай да жауапкершілікті адал атқару, әрбір рольде мүмкіндігін сарқа пайдалану еді. Қазір де солай.

Театр репертуарындағы спектакльдердің басым көпшілігінде оның өз орны бар. Еңбек сүйгіштігінің арқасында коллективке сыйлы, құрбы-достарына сүйкімді. Таланттың бірақ бедел мен сүйкімділікке де қарамайтын кезі бар ғой. Бедел мен сүйкімділік Қастееваға талай жылдардан бері жақын тұрса, балерина ретіндегі өзіндік қолтаңбасы соңғы жылдары айрықша көңіл бұрады.

Қастеева орындауындағы әйелдердің жан дүниесі терең, қандай кейіпкерінің болмысына үңілсе де лирикалық жылы леппен үңіліп зерттеуге бейім. Әрине, техникалық шеберлікті меңгере алмайынша би таби-

ғатын барлау мүмкін емес. Дегенмен, кейіпкердің жанын толық қанды бейнелеу үшін таңдай қақтырарлық па-де-тура жасап беру әлі жеткіліксіз. Көздің жәуін ұрлайтын па-де-тураға қосымша қандай да шығарманың драмалық негізін шынайы жеткізетін артистік қасиет болмаса, балеринаның соры.

Техникалық шеберлігін шыңдай отырып, бірақ мұнысын көлденеңдете бермей, ішкі сарайдан өрбіп жатар сезім бояуын алдыңғы қатарға шығарса ғана, би мақсатының орындалуы мүмкін. Қастееваның бойында қою сезім айшықтарын өрнектей аларлық артистік қасиет бар. Ал, мұның кез-келген балеринаға бой алдырмайтыны және шындық. Қимылы бір жақта, ойы басқа жақта, пластикалық негізден жұрдай бишілерді те тамашалауға мәжбүр боламыз кейде. Сондықтан да Қастееваның биді драматургиялық қабылдау ерекшелігі бізге өте қымбат. Биді асқан сезімталдықпен қабылдауын айтамыз.

Бишінің сахнадағы тағдыры бір сыңайда, бәйгеге жаратылған аттың тағдырын еске түсіреді. Қанша баптағанмен озып келу әрбір арғымақтың маңдайына жазылмаған бақ қой. Қандай бишіге де оза шауып бәйге алу мақсат болмағанмен, ұдайы бабында жүруі өздері таңдап алған мамандықтың қатал заңдылығы.

Балерина бағы дегеннен шығады, шынында да оның бағының тасуы өзінен өзге көп жайттан бағынышты: орта, репертуар, балетмейстер, партнер, тағытағылар. Бұл орайда Зареманың соңғы кезде біраз қуанышы бар. Көрермен қауым жылы қабылдаған, композитор Мансұр Сағатовтың «Әлия» балеті Қастеева творчествосына айта қаларлықтай әсерін тигізді. Бұл күнде Әлия — Зарема сүйсініп қарайтын, сағынып барып қауышқан сүйікті бейнеміз.

Әдетте, Зарема қандай балетмейстермен де, қандай да партнермен үнемі ортақ тіл табады. Десек те, балетмейстер Жанат Байдаралиннің Д. Шостакович-

тің Бесінші симфониясының бірінші бөліміне қойған «Ескі сурет», француз композиторы Ф. Пуленктің музыкасына қойған «Жаңару» атты бір актілі балеттерінде Зареманың шоқтығы биік. «Ескі суреттегі» оның билеуінде ананың бейнесі жан-жақты ашылған. Образдың трагедиялық астарын қоюлатып, әлеуметтік үлкен ой айтуына балетмейстердің де ықпалы тисе керек. Бас-аяғы шымыр, профессионалдық шеберлікпен қойылған бұл екі балетте де Қастеева талантының мүмкіндігі қанатын кең жайған. Әйел-ананың рухани қайсарлығын кең сипатта айқындап, адам баласы үшін бейбітшіліктің мәңгілік мән-маңызын шынайылықпен бейнелейді. Әрбір қимылы махаббат, қуаныш, бақыт жайлы ой айтады, сыр шертеді.

«Жаңарудағы» қыздың бейнесі романтикалық сипатта шешілген. Сезім тазалығы, екі жастың бір-біріне мөлдір адалдығы, қай кезде де адамның мейірлі алақанға құштарлығы балеттің өн бойынан жібек желдей есіп, соның бәрінің айғағындай айналасына шуақ шашқан Қыз — Зарема арамшөптің арасында үлбіреген қорғансыз нәзік гүлдей әсер қалдырады.

Балет бейқамдықты, жалаңдықты, еркетотайлықты әсте көтермейді. Өзін-өзі игерген, өзге де толып жатқан қиындықты игерген биші ғана сахнаны еркін меңгереді. Сахнаны еркін меңгерген сәттен артистің үлкен жолы басталады. Бұдан бірақ жалаң ұғым тұмағаны жөн, қандай жол болса да, сәттіліктен ғана тұрмайды. Зарема да талай сәтсіздікті өткерген, әлі де талай сәтсіздікті басынан өткерер. Ішкі ойларына қимылы ілеспейтін, бұлшық етін еркіне көндіре алмайтын кездері де ұшырасады.

Сахнаға адам өзін көрсетуге емес, өзіндегі өнерді көрсетуге шығады. Зареманың сахнаға шығарған кейіпкерлерін талдай бастасақ, ең алдымен оның жасандылықтан алыс жүретінін байқаймыз. Күнделікті тіршілікте қандай жұмсақ болса, кейіпкерлерінің де тұл-

ғасы сондай табиғи. Әйел табиғатына тән мейірімділікті, жылылықты, нәзіктікті, әлсіздікті о бастан бойына сіңіріп ержеткендіктен де солай шығар. Әйтеуір жөн-жосықсыз мен-менсігенді, асқақтағанды, асыл ойларын айғайлап айтқанды жаны жек көреді.

Қандай кезеңде де, ол: «Мен мынаны тындырып тастадым», «сондай-сондай спектакльде мен өзімді керемет сезінемін»,— деп айтудан аулақ. Бәлкі, ешқашан олай деп айтпас та. Балеттің құдіретін жан-тәнімен түйсіне жүріп билегенде, кей-кейде өзін бақытты сезінетіні бар. Кейде ғана!

. . .

...Өткен жолы аналарына сыйлық алып қоймағанына енді өкініп келеді. «Қайтсем екен,— деп ойлады,— басқаны құттықтамасам да, бүгінгі күні екеуіне ең алдымен көңілімді білдіруім керек қой».

Көшеде. ерсілі-қарсылы ағылған адамдар, зу-зу етіп қайшыласқан машиналар. Тротуар бойымен асығып келе жатып әлден уақытта адымын бәсеңдетті. Зәулім ағаштың түбінде елеусіз жерде жап-жасыл боп қылтиған көк шөпке көзі түсті. Өтіп кетіп жатқандардың ешқайсысы да бұған назар тоқтатып жатпады. Қылтанақ көк шөпті биылғы қыстан бері алғаш рет көргенін іштей жақсылыққа жорып, алға қарай жүріп кетті. «Ұсақ-түйек шаруаларды бітіріп, тезірек үйге жету керек»,— деп қойды ішінен. Әбілтай да жұмыстан оралған шығар». Гауһарды алып, әжесінің үйіне барулары керек. Енді ол адымын мүлдем шапшаңдата түсті.

Ол — аяулы ана, өнегелі келін, сүйікті жар Зарема.

Ол — Қазақ ССР халық артисі, Бүкіл одақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисі Зарема Қастеева.

Кең сарайдың ішін лық толтырған халық сахнаға рет-ретімен шығып, ән шалқытып, күй күмбірлеткен жас өнер шеберлеріне өз ілтипаттарын бірде дүркірете қол соғып, бірде сыпайы салқынқандылықпен ғана емеурін танытып отырған. Халықаралық, бүкіл одақтық, республикалық конкурстардың лауреаттары қатысқан бұл концерттің жалпы бет бағдары қай-қайсының да көкейіне жылы тиіп жатқанымен, талай бәйгеден озып келген талайдың ішінен де өресі биік жүйрік табылатынына күмән келтірмейтін көрермен көңілі әдеттегіше елеңдеп, елегізі берген. Концерт жүргізуші: «Халық әні «Ақбақай», орындайтын Глинка атындағы Бүкіл одақтық әншілер конкурсының лауреаты Әлібек Дінішев»,— деп хабарлағанда, қалың жұртшылық іштерінен тынып, пәлендей желпіне қойған жоқ-ты. Осынау есімді танитын некен-саяқтардың жанарында қуаныш оты ұшқындап, бұл есімге әзірге бейтаныс жандар жайбарақат қалыптарынан айнымады. Қайсыбіреулер орындарынан қозғалыңқырай, мойындарын алға созып, әжептәуір елеңдеп қалысты.

Баппен басталған әуеннің ар жағынан кең тыныстың демі бірден байқалып, лирикалық тенордың жұмсақ та майда үні табиғилығымен жүрекке жылы тиіп жатты. Әннің сөздері айқын да жатық естіліп, әр буын бір-бірімен тазалықпен қауышып, әнші жігіттің өн бойынан ескен сүйкімділіктен жүздеген, мыңдаған адам отырған зәулім залдың ішінде жап-жарық сәуле жүгіріп өткендей, әркімнің-ақ сарайы кеңіп сала берді. Шынайылықпен шырқалып, титтей зорлықсыз, тап-таза боп төгілген күміс дауыстың сиқырына тұтқыңдалмау мүмкін емес еді. Сыңғыр-сыңғыр саф үннің мөддірлігі мен әлі балаң да балғын жұмсақтығы ма жұртты еліткен, әйтеуір аздаған саңлауы барлар



селт етіп, құлақтарын тұндырған майда-қоңыр үннің бірер үзігінен кейін барып көздері тостағандай болған. Таңғажайыппен күн сайын ұшырасып жүрсе де, таңырқап, таң қалуға жалықпайтын сергек сезімді көрермен әлгі әзірде есіл дертін жаулап алған сәттен соң өз-өзіне әрең келіп, бар ынтасын қайтадан әншіге бағыштаған. Сонда ғана байқалған-ды: жап-жас жігіттің әні де, сәні де бір-біріне үйлесіп, тұрған бойы сахна үшін жаралғандай екен. Мұның өзі бірден бетке ұрғанымен, көңілге ызғар жайлататын салқын кербездік емес, сыр мен сымбаттың о бастан-ақ жамау-жасқаусыз жарасып, көздің де, көңілдің де нұрын тойдыратындай құдіреті бар сұлулық екені там-тұмдап болса да аңғарылған. Болымсыз жалтырап, арзандығы сыртқа теуіп тұратын әлем-жәлем жасандылықтан мүлдем өзгеше, тұнба тазалықтың балауса лебі айналасына көктемнің жасарып-жаңғырған жұпар самалын төгіп-төгіп жібергендей еді. Бұдан кейін ешкім де селқос қала алмаған. Арқасы қызғандар ризалық ниеттерін сыпайылықпен білдіруге тіпті те төзімдері жетпей, жүректері өреки айқайлап, ұзақ қол соқты.

— Болайын деп тұрған әнші екен!

— Өзі жап-жас қой.

— Түрі де, үні де келісіп-ақ тұр!

— Осы бағытынан таймай, талантының қадірін азаматтықпен арқалай білсін деңіз!

— Қайда оқығанын естігендеріңіз бар ма?

— Кім екен өзі?.. Кім?!

Әлібекті қайта-қайта сахнаға шақыртып, еденді тепкілеп, тапжылмай отырып алған көпшілік жаңағы әннен алған әсерлерінен оңайлықпен ажырағысы келмейтін сияқты. Жас жігіттің өнеріне тәнті болған көрермен қауым енді оның «кім» екенін білуге асықты. Көздері шарасынан жайылып, ән қасиетінен бейтарап қала алмағандардың бірі таңырқасып, екіншісі қуана күлімдесіп, әлсін-әлсін «кім, кім?..» десіп жатты.

Кішкентайынан өзі теңдес, қалада туып өскен балалардан ешқандай алқын-жұлқын ерекшелігі байқалған емес. Өзі қатарлас балалармен мектеп табалдырығын аттап, кластастарымен бірге көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, класаралық, мектепаралық олимпиадаларда қысылып-қымтырылмай жұрт алдына шығып, кез-келген әнді айтып берудің ол үшін еш қиындығы жоқ-ты. Тіпті, ән шырқау қандай жақсы және қандай жеңіл деп ойлайтын кішкентай кезінде. Даусынан гөрі оның сезініп-есту қабілетіне назар салған үлкендер жағы: «Түптің-түбінде, әйтеуір музыканың бір саласымен айналысуы мүмкін»,— деп те қоятын.

Шамасы, Әлібектің он жасар кезі болуы керек. Бір күні мектепте өткен ата-аналар жиналасынан мамасы қуанып қайтты.

— Біздің Әлібектің тәп-тәуір даусы бар екен,— деді таңырқаған сыңаймен,— оқушылар дайындаған концертке қатысып, ән салып берді, тыңдаушыларға әбден ұнады.

Үй-ішіндегілер, «е, жөн екен» дегендей ғана, бұған соншалықты мән бере қойған жоқ. Тек мамасы үшінші класта оқып жүрген кенжесіне қайта-қайта ұрлана көз жүгіртіп мазасыздана берді. Бұл мазасыздықтың ар жағында кішкентай ұлының музыкаға деген елгезектігін тұңғыш рет түйсініп, соған әрі қуанып, әрі таң қалған анасының заңды толқуы жатқан еді.

Сол ата-аналар жиналысынан кейін әжептәуір уақыт өткен. Қызметтен оралған папасына бірде ұлдары ертең мектеп оқушылары көркемөнерпаздарының байқауына Әлібектің де қатысатынын асыға мақтанып жеткізді. Оқушылардың конкурсы астанадағы опера және балет театрында өтеді екен.

Папасы ешкімге айтпай ертеңіне театрға келді. Кең залдың іші көрермендерге лық толыпты. Арт жақтағы орындықтардың шетіне жайғасқан папасының

назары сахнада. Жас бүлдіршіндер өздерін мынау кең де зәулім сахнада еркін сезінеді. Бірі билеп, екіншісі әндетіп, қайсыбірі нақышына келтіре тақпақ оқуда.

Әлден уақытта сахнаға Әлібек шықты. Баласының әдеттегіден гөрі әлдеқайда салмақты көрінген түріне қарап, Мұса Бөкенбаевич ақырын жымиып қойды. Ұлының тіпті ештеңеден қымсынар сыңайы байқалмайды. Бойын тік ұстап, жып-жинақы тұр.

Әннің алғашқы буындарын еш қиналмастан бастай жөнелді. Баласының даусын бірінші рет естігендіктен бе, ә дегенде әке жүрегі жиі-жиі соғып кетті.

Әлібектің айтып тұрғаны «Россия» атты ән екен. Қапелімде бәрін аңғарып үлгермегенімен, ұлының балған даусы құлағына кәп-кәдімгідей жылы естілді. Тіпті барған сайын сана-сезімін баурап барады. Әсіресе, «Россия, Россия — Отаным менің» деген қайырмасына келгенде, үні ерекше толқып, тұла бойды балқытып әкетті.

Кенеттен жаңалық ашқандай, папасы ризашылық сезіммен таңырқай, «қарай гөр өзін» дегендей, басын шайқады. Мұны айналасындағылар байқаған жоқ. Бәрінің назары сахнада, кәдімгі нағыз артистей-ақ басын ізетпен иген оқушы әншіге қол соғып, жұрт мәре-сәре.

Концерттен әкесі көңіліне көптеген ой түйіп оралды. Бұл жолы Әлібектің музыкаға бейім екендігіне көзі анық жеткен еді. Көп ұзамай Әлібек музыкалық мектептің табалдырығын аттап, аккардеон класы бойынша сауатын ашып, оқи бастады.

Бұл жылдар балалықтың тәтті де қызықты шағы болатын. Ол класаралық, мектепаралық олимпиадаларға әдеттегісінше белсенділікпен қатысып жүрді. Ән шырқау Әлібекке ұнағанымен, дәл сол кезде «әнші болсам» деген ой мазалаған емес. Бірақ күрделі небір өлеңдерді ықыласпен орындап, кез-келген сарынды сол таза қалпында қайталап шығуға жас бала басқалардай азаптанбайтын еді.

«Қалайда әнші боласың!»— деп ата-анасы да өзеуреген жоқ. Дүние атаулыға сондай бір сезімталдықпен қарап, бәрін-бәрін нәзік қабылдайтын кенже ұлдарының басқалардан гөрі көбірек назар аударуды қажет ететіндігін түсінгендерімен, мұны жөн-жосықсыз дабыраламауға тырысатын.

Сондықтан да Әлібек өзінің құрбыластарынан оқшауланып өскен жоқ. Бірге ойнап, қатар жүрген достары да өзі сияқты талай байқауларға қатысып, жүлдеге иемденетін, өзі де басқалар сияқты музыкаға құштар болатын. Басқалар да өзі сияқты кей-кейде доп қууды ұнататын.

Өскен ортасы да өнерді құрметтеп, әлі күнге шейін ән мен күй десе елеңдесіп тұратын жандар. Анасы кезінде сахнада ән салған, атақты әншілеріміз, ағайынды Абдуллиндермен бірге туған, музыкалық сауаты бар. Жасынан осындай дарын иелерінің ортасында ержетіп, есейген Әлібекке мұның бәрі, әрине, әсерін тигізді. Оның үстіне өнердің қыр-сырын терең түсінетін білімдар әкесі, республикамызға аты танымал журналист Мүсекеңнің де назарынан жас баланың табиғи қабілетін одан әрі дамыту керектігі сырт қалмаса керек.

Табиғаттың берген сыйын нәзіктікпен аялай да, бағалай да білетін мұндай адамдардың ортасында тәлім-тәрбие алудың өзіндік жақсылығы бар. Әсіресе, баланың бойындағы қандай да бір қабілетінің дер кезінде оянуы асқан қуаныш екендігін мезгілінде сезінген ата-ананы айтсаңшы. Әлібекті көркем дүниені сезімталдықпен қабылдап, әсемдік әлеміне деген құштарлыққа баулығанда, әке-шешесі оның қалайда даңқын шығарып, атағын асыруын алдарына міндет етіп қоймаған. Бұлар үшін ең бастысы — жас Әлібектің табиғи болмысына тән жекелеген қасиеттерінің барған сайын дараланып, өз заңдылығымен қалыпта-суы еді.

Сегізжылдық мектепті аяқтағаннан кейін Чайковский атындағы музыкалық училищенің хор-дирижерлік бөліміне оқуға түсті. Бұнда өткен төрт жылдың соншалықты көп бергенін дәл сол жылдары емес, кейін өзінің өмірлік жолын әншілікке бағыттағанда айрықша ұғынған. Музыка әліппесін жалықпай талдап үйренуі, және мұның бәрін балаң шағында бойына дарытып үлгергенінің пайдасын консерватория қабырғасында жүргенде талай байқаған.

. . .

Басқаларға қарағанда жалпы музыкалық сауаты әлдеқайда терең, кез-келген ырғақты тез түйсініп, жылдам қабылдайтын шәкіртпен жұмыс істеу доцент Надия Шәріповаға әрі қиын, әрі қызық еді. Бұл күндері аттары белгілі Е. Хасанғалиев, Лаки Кесоглы, Р. Жұбатырова, А. Оспанова, В. Хакімжанова, Ш. Үмбеталиев сияқты әншілерді тәрбиелеген Надия апай жиырма жылдық еңбегінде талай өнер иелеріне ұстаздық еткен. Өзінің класына лирикалық баритон ретінде түскісі келгенімен Надия Шәріпова Әлібектің даусын лирикалық тенор деп қабылдаған еді кезінде және қателескен жоқ. Шәкіртінің даусын сирек кездесетін әдемі тембрі музыкалық елгезектігі мен сезімталдығы одан сайын байытып тұрғанын зердесіне түйген педагог студенттің табиғи мүмкіндігіне сай ізденуіне толық жағдай жасады. Сахнаға қазір жүйелі оймен, шынайы сезімталдықпен шығып жүрген әншінің осы қасиеттерінің түп-тамырында ұстазының да сіңірген ұланғайыр еңбегі бар.

Бесінші курста оқып жүрген-ді. Бұған дейін үлкен аудиториямен дидарласып та көрмеген студент Глинка атындағы Бүкіл одақтық әншілер конкурсына қатысуға Тбилисиге аттанды. Совет Одағының түкпір-түкпірінен 130 өнерпаз келген конкурстың талабынан

шығу кім-кімге де оңай емес еді. Әлібек те барынша дайындалып, «әйтеуір конкурс программасын айтып шықсам екен» деп, көңілінде үміт пен күдік қатар жарысқанымен, өз-өзіне пәлендей сене қойған жоқ. Атақты әнші Ирина Архипова басшылық еткен жюри мүшелерінің, көрнекті музыка қайраткерлері мен қатал сыншылардың алдында өнерін сарапқа салудың өзі керемет бақыт көрінген. Үш турдан сүрінбей өтіп, алға шыққанда, бірінші жүлдені иемденіп, бұған «Глинка романстарын шеберлікпен орындағаны үшін» арнайы дипломды қоса алғанда, қазақ жігітінің өнеріне П. Лисициан, З. Долуханова, Р. Жаманова, Б. Мыңжылқиев сияқты танымал шеберлер де шын сүйсінген.

Творчестволық жолының абыройлы басталуын қаншалықты қуаныш пен бақытқа бөлесе, соншалықты қиындығы мен жауапкершілігі қатар жалғасып жататынын Әлібек, әсіресе, қазір ерекше түсініп жүр. Өнерсүйгіш қауымды бір елең еткізгеннен кейінгі азды-көпті табысқа мәз болып, бейқам қалудың қорқынышын да ол зердесіне бірден түйген.

Жас әншіге көрсетілген алғашқы құрметтің тіпті де кездейсоқ еместігін сол конкурстан кейін де өнер зерттеушілері мен музыка мамандары талай мойындаған. Өзінің талмай ізденіп, ұзақ жаттығуларынан жиып-тергенін сахнаға еркін шығара алатыны, әр буынды сауатты сезімталдықпен игеруі, қанына сіңген творчестволық от құлшынысы, дыбыстардың жеке-дара өзгешеліктерін сақтықпен айыратын байқағыштығы, өз-өзіне қатаң бақылау жасап, жоғары талап қоя білетіндігі — міне, әншінің негізгі қасиеттері. Қазақтың озық үлгідегі халық әндерін орындауда Әлібек ұлттық саздың сезімге де ырғаққа да бай екендігіне айрықша көңіл бөліп, бұл орайда тындырдым дегеннен гөрі өзінің халық әндерін кереметтей ұнататынын, сондықтан қажымай жұмыс істеу керектігіне баса назар аударып жүр.

Әлібек сезіммен сурет жасап қана қоймай, үнге, сазға бай, мәңгі жастық — мәңгі көктемді жырлауға лайық даусымен терең толғаныстарға, сүйсіндіруге, сезіндіруге құштар. Және бұның бәрі жалаң тілектен емес, ішкі жан дүниеден өріліп жатады. Сондықтан да болуы керек, бірде консерваторияға келген итальяндық музыка мамандарынан құралған делегация жастардың бір тобын тыңдай отырып, Әлібекке ерекше көңіл тоқтатқан. Шетелдік меймандар қазақ жігітінің табиғи дарынын, титтей жасандылыққа жоламайтын даусының мөлдір тазалығын ерекше атап өтіп, Әлібек орындаған әндерді сүйсіне тыңдап, оған үлкен үміт артып аттанған.

Консерваторияны бітіргеннен кейін Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияға келді. Сол кездері тыңдаушылармен әншінің арасындағы байланыстың сиқырлы мән-мағынасын, салауатты аудиторияның алдындағы жауапкершілігін де түсіне бастады. Талантына жүктелетін талап пен тілектің уақыт озған сайын көбейіп, сырт көзге жеңіл келетіндей көрінетін құрмет, даңқ дегеннің, инемен құдық қазғандай, қиын еңбек, творчестволық азап, ұдайы мазасыздық болып жадғасатыны санасына шым-шымдап ұялаған.

1977 жылдың басында Москваға еліміздің бұрыш-бұрыштарынан біраз өнер шеберлері жиналды. Мұнда Герман Демократиялық Республикасында өтетін Шуман атындағы халықаралық конкурсқа сонша көп талапкердің ішінен екі-ақ әншіні таңдап алу мақсаты тұрды. Әйгілі неміс композиторы Шуманның музей үйінде өтуге тиісті аса беделді конкурсқа қатысатын екеудің құрамына біздің Әлібек енді. Халықаралық мәні зор, өнер әлемінде шоқтығы биік осынау додаға қатысудың өзі айтарлықтай құрмет болса, республиканың ғана емес, бүкіл елінің намысын қорғау Әлібек үшін де, оған сенім көрсеткен музыка мамандары үшін әрі абыройлы, әрі ауыр сын-ды.

Күннің нұры көзді алдап, жылт-жылт еткенімен, көктемнің салқын желі тұла бойын тоңазытып барады. Сағатына қарап еді, екіден асып кетіпті. Педагогымен және сүйемелдеушісі, камералық ансамбль кафедрасының меңгерушісі Галина Ивановна Кононенко кезекті дайындықтарын белгілеген уақыты жақындап қалған екен. Адымын шапшаңдатып, консерваторияға қарай беттеді. Надия Абдрахмановнаны сәл күтуге тура келді, іште студент қыздың жоғары нотаны алған жіңішке даусы үзіліп барып тоқтады.

Енді бір сәтте аядай болғанымен еңсесі биік бөлменің ішін мөлдір бұлақтың сылдырындай сиқырлы үн жайлап, Әлібектің даусы барған сайын биікке шығандап бара жатты. Адам баласының бойындағы небір жұмбақ сезімдерді барлаған Шуман романстарының жан толқытар шумақтары бірінен кейін бірі шырқалғанымен, мұның ешқайсына қанағаттана қояр түрлері жоқ. Әлсін-әлсін кідіріс жасап, қайта бастап, одан тағы да тоқтап, бәрін басынан қайталаудан жалығар емес.

Міне, күнде осылай, үш сағаттан астам жаттығып, кейде тіпті қатты шаршайтын. Осындайда Надия Абдрахмановнаның мейірімді жүзі бәрін де ұмыттырып жіберетін.

Алыс сапарға аттанатын күн де жақындады, жақын туыстары, жолдастары Әлібекке табыс тілеп шығарып салды. Олардың арасында Надия Абдрахмановна да бар еді. Дәл кетерде ол шәкіртіне үш конвертке бөлініп желімделген хаттарды ұсынды. «Цвиккауға барғасын танысарсың мазмұнымен»,— деді қоштасып жатып.

Бейтаныс елдің топырағын аттаған алғашқы сәттен соң ол педагогының бірінші хатын оқыды: «Келгеннен бастап-ақ сергек бол, уайымға салынба. Өзіңді-өзің тежеп, күдіктене берме, бұл жөн-жосықсыз қысылып-қымтырылуға итермелеп, бойдағы мүмкіндікті



шектейді. Жан дүниенің бейнебір өз-өзінен ән салғысы келетін көңіл күйге түсуге тырыс. Күн сайын ұйықтар алдында сахнаға шыққан бейнеңді, бас игеніңді елестетіп, ішіңнен бәрін басынан аяғына шейін айтып шық. Сахнада комиссия алдындағы шәкірт сияқты емес, музыкант сияқты сезін, Рихтер, Гилельс, Мариан, Андерсен, Мария Калас... қалай шығады сахнаға!.. Сенімділік ішкі байлықтан өрбігені жөн, ал сенің әбден мүмкіндігің бар... Жаттығуды даусыңның тембіріне көңіл бөлмей баста, ең алдымен үніңнің жоғары шығуына... назар сал... Күн сайын өзіңді-өзің сиқырла, сахнаға қалай шығып, қалай орындағаныңды — бәрін елестет... Содан кейін демал. Өзіңе-өзің көмектес!»

Фортепианолық және вокальдық бөлімдер бойынша үш түрде өтетін дәстүрлі Шуман атындағы халықаралық өнер сайысына дүние жүзінің отыз елінен өкілдер жиналған болатын. Польша, Венгрия, Болгария, Жапония, Америка, Канада, Италия, Испания және басқа елдердің көптеген жас өнер шеберлері арасынан айрықша көзге түсу оңай емес еді. Толып жатқан психологиялық қиындықтар және бар. Орындаушылық тәжірибесі мүлдем аз әнші үшін бұл конкурс үлкен шеберлік мектебі болды. Мұнда орындалуға тиіс әрбір партия мәдениеттілікті, интеллектуальдық тереңдікті қажет ететін. Бірінші тур барысында Әлібек қатты толқыды. Сондайда тағы да педагогының хаттары көмектесті. «Біріншіден, асықпа, сахнада белсенділік таныт. Программаға енген әндерді орындауда шалқар шабыт беретін ойнақы көңілділік кілтін табуға тырыс. Мұнды әндерді шырқаудың қажеті жоқ, бірінші турдың девизи, ең бастысы — жинақылық, өмірге деген құштарлық көңілмен!.. Сен үшін алты шығарманы орындау түк емес, сондықтан өзіңе-өзің демалыс бер және иығыңа назар сал, әлсін-әлсін көтере берме, ебедейсіз қимылдан ебедейсіз үн шығады... Тым сақтықтың қажеті жоқ, жан дүниенің небір әсем де

қуанышты ұмтылысына ерік бер!...» Бес параққа толтырылып жазылған бұл хатта басқа да ақыл-нұсқаулар көп-ті. Конкурс программасында орындалатын әрбір шығармаға қандай тұрғыдан келу қажеттігі бұл хаттарда жан-жақты сипатталыпты.

Атақты неміс композиторы Роберт Шуман атындағы халықаралық конкурс осымен жетінші рет оның туған қаласында дәстүрлі түрде ұйымдастырылған еді. Конкурсқа елуден астам вокалистер қатысты. Екінші турға соның жартысы ілігіп, ең соңында алты адам ғана іріктелініп қалды. Конкурстың шарты, талабы мен міндеті қашан да күрделі болатыны өз-өзінен белгілі ғой. Отыз бір романс орындау әрқайсының міндеті болса, оның 27-ін неміс тілінде шырқау керек еді. Жюридің құрамында көптеген елдердің атақты музыка мамандары болды. Біздің елімізден жюри құрамына әйгілі әншіміз, Совет Одағының халық артисі, Лениндік сыйлықтың лауреаты З. Долуханова кірді. Бұл сапардан қазақтың жас әншісі табыспен оралды. Ең қуаныштысы — алғашқы екі орынды да совет вокалистері, ленинградтық Борис Марешкин екеуі иемденді. Әлібек жүлдегер атанып, халықаралық конкурстан күміс медаль тағып қайтты. Жер шарының түкпір-түкпірінен бас қосып, өнерлерін сарапқа салған шеберлердің ішінен қазақстандық әншінің суырылып алға шығуы бәрімізді керемет қуанышқа бөлегені рас. Төл өнеріміздің жанашырлары үшін де, өзі үшін де үлкен сын болған бұл конкурстың әсері, шынында да, көл-көсір еді. Әсіресе, қиын жеңістен кейінгі тұла бойын билеген жеңілдікті тілмен айтып жеткізуі мүмкін емес-ті. Мұның өзі бір күннің, не айдың емес, әлденеше жылдардың жемісі, ұзақ еңбектің, тынымсыз ізденістің нәтижесі екенін анық түсінгенімен, дәл сол күні иығынан ауыр жүк түскендей, талайдан бері ой-қиялын шырмаған мазасыздықтан арылып, келешекке деген үміті одан сайын артып, шабытына-шабыт

қосылғандай таңғажайып сәтті басынан кешкен. Қызықты да қиын сапардан олжалы оралған әншіні көруге асығып, осы жауапты конкурс туралы, жалпы өнер туралы сол жолы ұзақ сөйлескен едік.

— Небір атақты композиторлар мен музыка мамандарының мекені саналып, талай-талай өнер дүлдүлдері шыққан аудитория алдында сынға түсудің толып жатқан қиындықтары бар ғой. Оның үстіне неміс тіліндегі романстарды қазақ әншісінің орындауы неміс аудиториясын таң қалтпай қоймаса керек.

— Ең алдымен конкурстың жоғары дәрежеде ұйымдастырылғанын, онда қай-қайсымызға да ізгі ниет, үлкен құрмет көрсетіліп, бізді қай жерде де қуанышпен қабылдағанын айтуым керек. Конкурсантты өткен мәдени шараларда, қабылдаулар мен кездесулерде небір жылы лебіздер естідік. Алғашқы екі орынды біздердің, яғни совет әншілерінің бөліскені өзге елдерден келгендерді әжептәуір таң қалдырғандай да болды. Конкурс барысында да, кейін қорытынды концерт кезінде де неміс журналистері маған: «Еуропадан алыста туып-өсіп, классикалық музыканың тереңін қалай ғана игердіңіз, тіпті неміс тілінде қалай шырқайсыз?»— деп сұрақ қойып, өздерінің қайран қалғанын жасырған жоқ. Мен өзіміздің ұлттық өнерімізді біліп, дамытумен қатар, жасымыздан әлем классиктерінің музыкалық шығармаларынан сусындап өсетінімізді, мектеп, консерватория қабырғасынан бізге мұның бәрі таныс екенін, неміс композиторларының шығармаларын жақсы білетінімізді айтқанымда, олар әрі қуанып, әрі бастарын шайқасты. Сондай-ақ конкурс барысында неміс тыңдаушылары қазақ әнімен де танысты. Абайдың сөзіне шығарған С. Мұхамеджановтың «Өзгеге көңілім тоярсың» романсын бейтаныс аудитория жылы қабылдады.

— Өнердегі жолың өте сәтті басталды. Глинка атындағы Бүкіл одақтық конкурстың лауреаты...

халықаралық конкурстың лауреаты... осы үшін кімге қарыздармын деп ойлайсың?

— Өскен ортама, халқыма, еліме, соның бәрін қосып айтқанда, біздің социалистік қоғамға борыштымын, әрине, мұны ерекше қуанышпен айтып отырмын, өйткені бізде жастардың қабілетін арттырып, талантын ашуға мүмкіндік мол. Тек талмай іздене, еңбектене біл. Әншілік жолымның сәтті басталуына тікелей себепкер боп жүрген педагогым Надия Абдрахмановна Шәріпованың есімін асқан ілтипатпен атаймын. Егер ол кісінің көмегі, ақылы, ұлағаттылығы болмаса, кім білсін, мен өзімді-өзім тани алар ма едім, Надия Абдрахмановнаның алдында өзімді әрқашан борыштымын деп есептеймін, себебі өмірін әншілікке бағыттаған әрбір жастың тағдыры, болашағы ең алдымен оның тап болған педагогының ой-өрісіне, қырағылығына, мәдениеттілігіне, тәрбиесіне байланысты.

— Эстрадалық әншілерге қалай қарайсың? Соңғы кезде жастардың жалпы эстрадалық әуенге деген құштарлығы тым бір жақты тайыз, жеңілдеу деген пікірмен келісер ме едің?

— Бізде эстрадалық әншілер баршылық қой. Және бұларды насихаттау да қазір әлдеқайда басым. Кейде жалған айғай, үрдіс қимыл, жасанды қызуқандылықпен-ақ біраз жерге дейін «шырқауға» болатын шығар, бірақ өз басым салмақты да сындарлы музыкалық шығармаларға әуеспін. Эстрада демекші, біздің мақтанышымыз Роза Рымбаеваның бұл саладағы табысы үлкен жетістік, әлемдік аренаға қазақтың эстрадалық әншісінің шығуы ұлттық өнеріміздің айтарлықтай қуанышы. Салмақты, ойлы музыка дегеннен шығады, біздің көптеген әншілеріміз әркез өздерінің табиғатына лайық репертуарға бара бермейтіні рас. Бұл орайда, әрине, көп іздену, тынымсыз еңбектену қажет екенін түсінеміз. Әсіресе, камералық шығармаларды насихаттап орындауда толып жатқан олқылықтарымыз

бар. Әлемдік биік үлгідегі классикалық шығармаларға, тұңғыық сырға тұнған романстарға кез-келген әншінің батылдықпен бара алмайтыны неліктен? Біздіңше, мұның өзі қайсыбір әншілердің таза сауаттылықтан тайсақтайтындықтарынан. Классикалық деген ұғымның ар жағында жатқан жоғары талап, жауапкершілік кейбір жас әншілерімізді үркітетін де сияқты... Эстрада әншілері мен опера әншілеріне сахнада көмектесетін қосымша «құралдар» көп. Әсіресе, опера әншісіне сахна декорациясынан бастап партнерлерінің қимыл-қозғалысына шейін, бүкіл сахнаның тынысы көмегін тигізеді. Ал, камералық әннің жөні мүлде бөлек. Аудиториямен тіл табысу бір өзіңе байланысты. Бұл арада қанша әсерлі болғанымен, жалаң даусыңмен де алысқа бармайсың, әннің құдіретін тыңдаушыға жеткізу үшін, ойлай да білу керек. Ән деген тұтас әлем ғой. Әрбір әннің өзі адам сезімінің небір нәзік қылын тербеп, жан дүниесіндегі жұмбақ та құпия иірімдеріне апаратын қасиетті дүние ғой. Соның бәрін әнші ретінде сезініп қана қоймай, өзіңнің сезінуің арқылы өзгелерді сезіндіре алсаң, міне, қайда әнші құдіреті. Ән — адамның ой-қиялына, арманына бойлайтын көркем әңгіме сияқты мен үшін. Мысалы, А. Чеховтың, И. Буниннің таңғажайып әңгімелері адам баласының талай-талай құпия мінезін ашып, зерттесе, ән де сол сияқты көркем дүние емес пе?!

\* \* \*

Қарап отырсақ, Әлібектің ән жөніндегі тебіренісі жүйелі ойға жетектейді. Өнер жолында ешқашан да табысқа мастанбайтынынан, атақ пен даңқтың тек қана еңбек, еңбек, тағы да еңбек екенін түсінетіндігінен хабардар етеді.

Сахна әлемінде камералық шығармаларға бара алмайтын опера әншілері, немесе опералық туынды-

ларды меңгере алмайтын камералық әншілер жиі кездеседі. Және бұл айып емес. Ал, өнердің осы екі саласын шеберлікпен алып жүрер әншінің тағдыры бақытты деуге әбден саяды. Әлібектің творчестволық өмірі бұл бағытта өте сәтті қалыптасты. Ол опералық және камералық дүниелерді қатар игеріп келе жатқан сирек әншілеріміздің бірі. «Евгений Онегин» операсында Ленский, «Абайда» Айдар партиялары оның театрда сомдаған бейнелері. Бұған қоса жекелеген концерт программасымен жұртшылық алдына жиі шығады. Қазақстан өнер шеберлерімен бірге республикамыздың, Отанымыздың түкпір-түкпірін аралап, кейінгі жылдары көптеген шетелдерде болып қайтты.

Бразилияда өткен вокалистердің конкурсынан да арнайы жүлдемен оралды. Енді, осы конкурстардың қай-қайсысының программасымен танысып, байқасаңыз да бұлардың соншалықты күрделілігіне тек қана таңдай қағар едіңіз. Дүние жүзінің төрт бұрышынан түгел жиналып, өнерлерін сарапқа салған небір дүлдүлдердің арасынан қазақ совет әншісінің суырылып алға шығуы кездейсоқтық емес. Мұның аясында төгілген маңдай тер, ұзақ жаттығу, көл-көсір еңбек жатыр.

Консерватория қабырғасындағы жылдар, одан бұрын Чайковский атындағы музыкалық училищенің хор-дирижерлік бөлімінде оқығаны, ең бастысы — Надия Шәріпова сияқты шебер педагог тап болғаны Әлібектің әншілік тағдырының сәтті қалыптасуына алып келді. Кезінде музыка әліппесін шаршап-шалдықпай зерттеп, өзінің қабілетін жан-жақты дамытқаны, үнемі ізденіп жүруі болашағына ықпалын тигізді. Және бұдан былай да солай бола бермек.

Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР-інің халық артисі, Абай атындағы қазақ мемлекеттік опера және балет театрының әншісі Әлібек Дінішев творчестволық мүмкіндігінің сан алуан қырын

дәлелдеп келеді. Бұл күндері оның есімі Отанымыздың түпкір-түпкіріне, шетелдерге де кеңінен танымал. Осының бір айғағы — Әлібектің талантына бас иіп, жүректерін жарып шыққан сезімдерін білдірген хаттар.

Бір қызығы, бұл хаттардың басым көпшілігі Россия қалаларынан:

*«Құрметті Ә. Дінішев. Мен Сізге таң қалғаннан ғана жазып отырған жоқпын. Мен Сіздің түрлі жанр шығармаларын шеберлікпен орындайтыныңыз үшін рақмет айтамын. Мамандығым — дәрігер. Өзім, әсіресе, опералық туындыларды тыңдауды ұнатамын. Қандай да бір таланттың жарыққа шығуы мен үшін тамаша қуаныш. Сіздің даусыңыз, артистік қабілетіңіз, ешкімге ұқсамайтын ерекшелігіңіз естен кетпес образдар жасайды. Вердигің «Травиата» операсының бірінші актісіндегі Альфредтің ариясы Сіздің орындауыңызда жүрекке қуаныш, бақыт сезімін ұялатады. Даусыңыздың диапазоны, ырғақ үні, түйсініп қабылдауыңыз адам баласы сезімдерінің нәзік пернелерін ашуға бейім. Мысалы, «Май түні» операсындағы Левконың әні, осындай әсерге бөлейді. Сіз лиризмге көп көңіл бөліп, оны ішкі жан дүниеңізден өрбітесіз. Сондықтан да тыңдаушыны бей-жай қалдыра алмайсыз. «Қала бақшасында», «Күт мені» сияқты әндердің әсерін тілмен айтып жеткізу қиын. Ұлы Отан соғысында қатысқан маған бұл әндер өте қымбат. Сондай-ақ, қазақтың халық әндері Сіздің орындауыңызда өзіндік нақышымен, ұлттық колоритімен гараланып тұрады. Бізді өзіңіздің әндеріңізбен таңғажайып сәтерге бөлейтініңіз үшін көп рақмет».*

*Құрметпен, дәрігер Стекловский.*

*Краснозаводск, Москва облысы».*

*«Қымбатты Әлібек! Мен ешқашан артистерге, атақты адамдарға хат жазып көрген емеспін. Және мұндай хат жазғыштарды онша құп көре де бермеймін.*

Бірақ бірінші рет Сізді тыңдағанда, таңғажайып сезімге бөленіп, қолыма қалам ұстап, өзімді әрең тоқтатқанмын. Кейіннен телевизордан өзіңізді алғаш көргенде, бойыңыздағы мәдениеттілік, сүйкімділік, жоғары талғампаздық мені мүлдем қайран қалдырған. Сонда да өз әсерімді іштей сақтағанмын. Ал, бүгін... транзисторымды кездейсоқ ашып қалғанымда, таныс әуен бөлменің ішін кеулей жөнелді. «Осындай жап-жақсы әнді кім болса сол айтып қор қылатын болды-ау»,— деп өшіріп тастайыншы деп оқталдым да, аяғын күттім. Тыңдаған сайын ән еркімді билеп барады. Келесі орындалған «Күт мені» атты әнді жылап отырып тыңдадым. Диктор «Матусовскийдің әндерін Әлібек Дінішев орындады»,— деп хабарлағанда, Сізге өзімнің ілтипатымды жазбай қала алмадым. Мен атақты адамдардың қолтаңбасын жинаушы емеспін. Және сол атақтылардың бәріне бірдей табына бермеймін. Бірақ Сізге табынбау, Сізге қайран қалмау мүмкін емес.

Өзіңізді сақтаңыз! Мен мұны Сізге ана ретінде айтып отырмын. Өзімнің де Сізден сәл-пәл жастау ұлым бар. Табиғаттың өзіңізге сыйға тартқан сирек талантын сақтаңыз!

*Нина Александровна Назаровская,  
Ярославль қаласы».*

Хаттар осылай жалғаса береді. Бұлардың қай-қайсысында да жүрек толқытар сөздер, құлақ асар пікірлер бар. Ал бұл әнші үшін аса қажетті жай. Мұның өзі Әлібектің өз тыңдаушылары, талғампаз өз аудиториясы бар әнші екендігін дәлелдейді.

\* \* \*

Үлкен сахнаға Әлібек мол дайындықпен келді. Алғашқы қадамынан-ақ көпшілік қауым оған асқан ілтипатпен қарап, болашағынан үлкен үміт күткен. Даусының сирек ұшырасатын күміс-көмей сыңғыры жү-



рекке соншалықты жылы тиіп, өнерге керемет дарын иесі келгелі тұрғаны байқалған. Ең алдымен, оның бойынан сахна адамына керек алғы шарттың бәрі табылғандай еді. Әсіресе, өзіне қояр талабы, талғампаздығы қызықтырған.

Бұрыннан біліп, естіп жүрген әндеріміз Әлібектің орындауында «кенеттен» тек өзіне тән өрнегін, бояуын тауып шыға келгенін жасыра алмаймыз.

Әдетте, өнер ордасын аттаған адамның үйрену, машықтану сатысы, тәжірибе жинақтауы ұзаққа, кейде тым ұзаққа созылатыны бар. Соның салдарынан көптеген әншілеріміз шеберлік мектебіне жетпей, жаттығудың сол алғашқы баспалдағынан әрі аса алмайды. Бұған олар өкінбейді де. Бір, он, жиырма жыл бойы сол баяғы ізінен титтей жаңылмастан, өзін де өзгені де жауыр қылады. Жұртшылықтың алдына алғаш шыққанда елең еткізген аздаған табыстарының арқасында «әндетіп-күйлетіп» жүре беруден жалықпайтындар бұл күнде аз кездеспейді.

Осы тұрғыдан салыстырғанда, Әлібектей әншінің жарқ етіп шығуы халқымыз үшін айрықша қуаныш. Шынында да, оның қазіргі бет-бағдарына қарап, мақтаныш сезіміне бөленесің.

Әнші, қатқылдау түсіндірсек, қайсыбіреулердей оқып-үйрену, дайындалу сатысында «тәй-тәйләп» жүріп алған жоқ. Оның өнердегі «оқушылық» сынақ мерзімі, абыройға орай, ұзаққа созылмады. Ұшықиырсыз кеңістіктен қажетті нүктесін адаспай тауып, бірден аяғынан нық тұрды. Басқалар таптауырын қылған жолға бұрылмай, ешкімді қайталамайтын тәкаппарлықпен өзінің жеке соқпағына із салды.

Қандай да бір адамның өнер есігін ашуы үнемі жаңалыққа мегзейді. Әрбір адамның өнерге келуі жаңалық болғанымен, өнерге келген әрбір адам жаңалық жасай алмайды. Ән әлеміне Әлібек қандай өзгеріс әкелді десек, біраз ойланар едік. Әлібектің түсінігінде

әрбір ән — кесек те көркем туынды. Сірә, сондықтан шығар, оның орындауында тыңдаған әннен кейін дауының таңғажайып сиқырынан ләззат алумен қатар психологиялық астары қалың, көркем новелланың әсеріне бөленесің.

Үнмен, ырғақпен көбінесе-көп сезімге бөлейді. Бұған қоса әуенмен сурет салу кез-келген әншіге дари бермеген қасиет. Әлібектің әні тыңдаушысының құлақ құрышын қандырып қана қоймай тұңғиық ойға, кең арналы тұжырымға жетелейді.

Әлібектің табиғатына камералық бағыттағы шығармалар о бастан жақын, яғни жекелеген романстар, әндер арқылы адамның жан дүниесін барлауға, сезімінің небір сиқырлы сырларын ашуға бейім. Тек дауыстың күшімен, әрине, мұның бәрін игеру қиын. Сезімнің шынайылығы, парасатты ақыл, ішкі сарайдан өрбитін мәдениеттілік, әрбір қимыл-қозғалыстың ән буындарына сай үйлесімділігі өзара жарасым таппаса, қандай әдемі дауыс болса да, құр айқайға ұласып кетуі мүмкін.

Жан дүниесі қабылдамаған, әйтпесе қасаң қабылдайтын шығармаларды орындаймын деп ол ешқашан әлектенбейді. Мұның біраз қиындықтар туғызатыны да рас. «Қазақ совет композиторларының әндерін сирек орындайсың»,— деген өкпені де ара-гідік естіп қалып жүр.

Өмірін өнерге бағыштаған адамның тағдыры былайғы жұртқа мұңсыз, бейқұт боп көрінуі жиі ұшырасады. Әлібектің халық алдына тұңғыш рет шыққан сәтінен бергі қол жеткен табыстарын тізе бастасақ, көз алдымызға әлгінде айтқан бақытты тағдыр елестер еді. Бірінен кейін бірі алып жатқан халықаралық жүлде, бәйгеден соң бәйге...

Мұның бәрі айтуға оңай. Айналасы он шақты жылдың төңірегінде халқының, елінің даңқын шартарапқа асырып, әлемді әнмен әлдилеу бақытын иемденген

өнердегі жолы — жауапкершілігі мол аса қиын жол. Халықаралық конкурстардан дүркін-дүркін лауреат болып оралуы, жалпы Әлібек Дінішевтің творчествосы, қазақ өнері үшін елеулі құбылыс.

## ҚИЯЛДА ТОҒЫСЫП САН ТАҒДЫР

Актерлік болмысы өзге ешкімге ұқсамайтын, жүрек тебірентер үнімен шыға келгенде, сахна толып жүре беретін, халқымыздың дарынды өнер қайраткері Бикен Римованың творчестволық жолы ұлттық театр, киномыздың даму тарихымен тікелей өзектес. Қырық жылға жуық уақыт аралығында жасалған үлкенді-кішілі қандай ролін алсақ та бұлардың әр кезеңде атқарған маңызын, салмағын байқамай өте алмайсың. «Тым артық мақтамаңдар» деген сөзін талай рет естісек те, Бикен Римова есімі аталғанда, оның өнер өлкесінде өзіндік ұғымға жетелейтін сиқырын сезінбеу бәрібір мүмкін емес. Зерттеушісі табылса, тарау-тарауға бөліп әкетерлік мазмұнға бай өмір кешіп келеді ол.

Сонау отызыншы жылдары мектепте оқып жүргенде, ән салып, билейтін, ауладағы кішкентай балалардың басын қосып, шымылдықты құрып тастап, «әртис» боп ойнағандарын қазір жымия еске түсіреді. Кейде тіпті көрші келіншектер «бүгін біздің үйде қонсыншы, ойнағаны қызық»,— деп шақырып әкететін. Анасы он саусағынан өнері тамған, керемет ісмер адам еді. Жалғыз қызының бетінен қақпайтын. Көкірегіннің ашықтығынан шығар, «қалайда оқып, білім ал» деп жиі қайталайтын. Соның әсерінен жетінші класты бітіргеннен кейін Алматыға келіп, есеп-кредит техникумына оқуға түсті. Бірінші курста жүргенде-ақ астана театрларымен танысып, әсіресе Күләш қатысатын спектакльдерді назарынан тыс қалдырмайтын. Бұдан былайғы тұста театр десе іштей елеңдеп, көңілі

алабұртып, өзі де түсіне қоймайтын мазасыз бір күйге түсетін болды. Шымылдықтың баяу сырғыған сәтінен бастап, таңғажайып әлеміне шарықтатып әкететін сахна құдіреті енді жас қызды мүлдем баурап алды. Жатса, тұрса есінен театр шықпайтын дертке душар болғаны соншалық, екінші курста бір ай оқып, одан әрі сабаққа қатыспай қойды. Үздік оқушының себепсіз жарты ай бойына үнсіз жатып алғаны шынында да көкейге қонымсыз жайт еді. Сөйтіп жүргенде, «директор шақыртып жатыр» деген хабар жетті құлағына. Әлі күнге шейін есінде, өзімен ұзақ әңгімелесіп, бағыт сілтеген сол бір педагог ақылды жан екен. Неліктен сабаққа қатыспай жүргенін сұрап алғаннан кейін «ендеше сен театр училищесіне бар, көрсін, егер қабілетің болса, қабылдауға тиіс» деп кеңес берді. Шыны керек, дәл сол кезде «әртістікке» баулитын оқу орны бар дегенді мүлдем естімепті. Қолына адресі жазылған бір жапырақ қағазды ұстап, құстай ұшсын. Көшенің атын жаттап алса да, қағазды қолымен одан сайын қыса түседі. Тірлігінің бүкіл мәні театр училищесінің көшесі мен үй саны жазылған осынау қағазда тұрғандай-ақ, қайта-қайта қарап қояды. Бір, екі... үш рет келді, сірә, көктемгі каникул мезгілі болуға керек.

— Қандай өнерің бар, бала?

— Өлең айтамын, билеймін...

— Ал, кәне... қандай әндер?..

Қазақтың бірнеше халық әнін орындап, титтей қысылмастан билей жөнелгенін, одан кейін орысша өлең айтқанын біледі. Не істеп, не қойып жатқанының парқын түсіне қоймағанымен, әйтеуір өзіне-өзі мәз. Асқар Тоқпанов бастаған комиссия мүшелері: «Оқуға түстің, ертеңнен бастап келе бер»,— деді. Сол күні қуанышында шек жоқ, дереу театр училищесінің жатақханасына ауысты. Келсе, орын жоқ. «Әзірше Шолпанның орнына жайғаса тұр, ол аулына кеткен»,— дегесін, қыздардың бөлмесіне жасқана-жасқана енді.

— Шолпанның төсегі мынау...— Бөлмедегілер бұған тосырқай көз тастады.

Қатарындағылармен салыстырғанда, тап-тұйнақтай, жинақы жиналған, жастықтарына шейін кестелі шілтермен көмкерілген кереуетке жақындауға батылы жетпей біраз тұрды. Ішінен «кім де болса, шебер қыз екен» деп ойлады. Группаластарынан кеш түскені әсер етті ме, ешкіммен араласпай көпке шейін саяқ жүрді.

— Мына қызды қараңдаршы; отырысы бөлек, мына қыздан бірдеңе шығады, — дейтін сол кезде училищеде оқитын Сапарғали Шәріпов. Төңірегіндегілерге зер сала қарап, көп жайтты жүрегіне түйгенімен құрбыларымен ашылып сөйлесе қоймайтын Бикен театр училищесінде білімге деген ынтасымен көзге түсті. Мұның өзі оның табиғи ерекшелігін қалыптастыруға ықпалын тигізді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда, Бикен өзінің майдан даласына аттанатынына сенімі мол еді. Алты ай бойы мергендікке үйреніп, арнайы сынақтан өткен. Қанша әрекеттенгенімен, оны майданға жібермеді. Жанарынан от ұшқындап, тал бойынан сезімталдық пен сергектік ескен жас қыз училищедегі оқуын жалғастыра берді. Театрдағылар жас талапты бірден байқаса керек, спектакльдерге қатысуға жиі-жиі мүмкіндік алып, бірте-бірте Бикен мұнда өз адамына айналды. Әйтсе де қызметке алар-ау деген ой қаперіне кірмепті.

Бір күні әдеттегідей театрға келген, коридор қабырғасында ілулі тұрған қағаздарға үңілгенде, көзіне сенер-сенбесін білмей аңтарылып тұрды да қалды. «Бикен Римова театр труппасына қабылдансын...» — Көзі бұлдырап кетті қапелімде. Жан-жағына қарап еді, танитын ешкімді көре қоймады. Жүгіріп далаға шықты. Қуаныш кернеген кеудесін кере дем алып, қарттардың аузынан талай естіген «басына бақ қонды» деген сөзін тұңғыш рет түсінгендей, тұңғыық ой құ-

шағында жападан-жалғыз көшеде ұзақ жүрді.

Өнер деген ұлы ұғымның айналасында өзіне-өзі іштей есеп беріп, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Рахия Қойшыбаева сияқты атақты сахна шеберлерімен шынында да бір коллективте боламын-ау дегенді көз алдына елестеткенде, аспандағы жұлдыздарды қолымен ұстағандай әсерге бөленген. Мұндай жағдайды балалық шағында да басынан өткергені бар. Бұлардың аулына келіп-кетіп тұратын Шашубай ақынның гармонын құлаштай созып, ән салғанын естігенде, әйтпесе тостағанды аяқтың басына іліп, небір сиқырлы қимылдарын көргенде, осындай хал кешетін. Адам баласының жаны мен тәнінен өрбіп жатар небір таңдай қақтырарлық құбылыстың қандай түрі болса да жүрегін елеңдетпей қоймайтын. Халық әндерінің өзекті өртеп жіберерліктей сазы құлағына жеткен сәтте де сондай сиқырлы сезім билейтін жан дүниесін. Ендеше, тұла бойды буған осы қасиеттен туындайды екен ғой артистік қабілет. Басқа қандай шарты бар, мұны дәл қазір анық білмегенімен жүрегін тулатқан сол сиқырлы сезім кез-келген қиындықтан жетектеп алып шығатындай көрінген. Талантты аға-апаларының бүкіл тірлік тынысына сүйсінуі болашағына деген сенімі мен жауапкершілігін арттырып, театрға кірген алғашқы күннен жұмысқа құлшына кірісті.

Мұхтар Әуезовтің «Еңлік — Кебегі» қазақ театрының беташары саналса, оның көптеген актерлердің творчествосын қалыптастырып кеткен құдіретін де айтқан жөн. Римованың актриса ретінде тұсауы кесілгені де осы пьесадан басталады. «Еңлік — Кебек» спектаклінің екі қойылымында да басты рольде ойнап, ұзақ жылдар бойы көрермендер мен театр мамандарының жылы ілтипатын иемденді. Баспасөз беттерінде Еңлік — Бикеннің театр тарихында айтулы белес болып қалғаны кеңінен талқыланған. Тұжырымды ойларға жетелейтін бұл бейнені сомдаған

актрисаның өзіндік қолтаңбасы дәл сол тұста айқындала бастады.

. . .

Асылы, әйелдің бақыты ең алдымен азаматына байланысты. Кім білсін, жолдасы өнердің әсіресе театрдың табиғатын көрегендікпен түсінетін, бұған қоса мейірімді, адал, талантты боп кездеспегенде, тағдыры басқаша бағыт алар ма еді, қайтер еді. Кейіннен білді, астанаға келіп, алғаш көрген пьесаның авторы да Шахмет Хұсайынов екен. Аялы алақанның ыстық табын сезінгендіктен, актрисалық қана емес, аналық парызын да жастайынан парасаттылықпен атқара білді. Туған анасындай боп, тату-тәтті ғұмыр кешкен қайын енесімен арасындағы қарым-қатынастың бергені де мол еді. Бұл күндері ойлап отырса, от басының ынтымағы мен кіл өңкей жақсы жайсаң жандардың ортасында жүргені бақытының бастауы сияқты.

Кино мен театр сахнасында бейнеленген кейіпкерлерінің өмірдің өзіндей нанымды шығып жататынына қарағанда, мұның себебін актрисаның қазақ әйеліне тән мінездерді тән жастайынан бойына сіңіріп өскен елгезектігінен іздейміз. Еңлік, Майраларға тән нәзіктік, назды еркелік, асқақтық оның өзіне де жат емес еді. Қазақ қыздарының асыл бейнесін шынайылықпен суреттеген Римованың бір ерекшелігі — спектакльдерде өзін-өзі қайталамауы, ұқсас-ау деген рольдерге жақындамауы. Кейде мұнысынан зардап шеккен сәттері де кездесуі ықтимал, бірақ талғам мен танымы бұдан өсе түспесе, титтей кеміген жоқ.

Қазақ сахнасында ғана емес, жалпы театр әлемінде айтарлықтай құбылыс болып қалатын «Ана — Жерана» спектаклі Бикен Римованың творчествосын өрлеткен белеске айналды. Режиссуралық соны қолтаңба бірден өзіне назар аударды. Актерлердің ал-

дында тұрған міндет те аса қиын, әсіресе сахналық заңдылыққа бағына қоймайтын Жер — ананың келбетін елестетудің өзі мүмкін емес-ті. Спектакльдің сипатын нәрлендіріп тұрған Жер — ананың атынан айтылатын әрбір сөздің ырғағына шейін терең ой елегінен өткізуге техникалық шеберлік, тіпті талай жылғы актерлық тәжірибе де аздық еткені шындық. Бұрынсоңды ұшыраспаған, драматургиялық материалдың ерекшелігін Жер — ана бейнесінде жүктелген парыз да алабөтен салмақты болды. Тіршіліктің тәңіріндей тебірене тіл қатып, бірде күңірене аһ ұрып, бірде күркірей әмір еткен әрбір сәттің ар жағында Римова ғана жеткізе алар құдірет жатыр. Ішкі жан сарайының байлығы, сан-алуан тағдырлардан зерттеп түйгені өз алдына, философиялық ой тереңдігін де қажет қылатын осынау сахналық жұмысы актрисаның өміріндегі ұлы бетбұрыс жасаған кезеңіне ұласты. Жер — ананы дайындау барысында өзінің мүмкіндігін жанжақты дәлелдеп, рухани күші мен моральдық хақысының тепе-тең тұрғанына көрермендердің көзін әбден жеткізді.

Режиссер мен театр мамандарына бұл әрі жаңалық, әрі заңдылық ретінде қабылданды. Өйткені «Ана — Жер — ана» спектаклін Бикен Римовасыз қазір бізге елестету қиын десек те, оның жарыққа шығар мезгіліндегі ізденістің кез-келген түрі, әдісі көкейге сенімнен гөрі күдікті көбірек ұялатқанына да таңдануға болмайтын. Тіпті тосын нәрсенің бәрін құбылыс деп қабылдаудың қисыны келе бермейтіні сияқты, ауыз толтырып айтар жаңалықтың да көпшіліктің көңіліне қона кетуі қиын. Уақыт өткен сайын әлеуметтік мазмұны қоюланып, ел-жұрттың сүйіп көретін дүниесіне айналғаны белгілі. Бірақ шыны керек, көрерменмен жүздесер әр сәтін ірі оқиғадай қабылдайтын да дәл осындай басқа туындының сирек кездесетіні рас. Ұзақ жылдардан бері Жер — ана боп, адамдарды әл-



дилегенде, көкірегіне түйген бір сыр — табиғаттың тылсым құпиясындай бауырына тартар күші бар бейнениң жұмбағын шешіп, қаншалықты дөп бастым дегенмен, сахнаға шыққан сайын іштей беймаза хал кешіп, әлі күнге шейін шарқ ұра ізденумен, толықтырумен келеді.

Римова үшін Жер — ана ешқашан сарқылып бітпейтін бұлақтың көзі. Шеті де, шегі де оның көрінбейді. 'Көңіл хошының құбылмалы сәттері, өміріндегі ірілі-ұсақты өзгерістер, қуанышы, қайғысы, мұңы — айналып келгенде үлкен тағдырға ұласып, Жер — ананың сұлбасында көрініс тауып жатады. Бұны роль деп айту да шартты нәрсе. Сондықтан сахналық нұсқаның толық пісіп жетілгеніне қарамастан, әлі де беймәлім талай қырларын танып келе жатқаны өзіне мәлім. Жан сезіміндегі өзгерістерге орай — Жер — ананың жүрек дүрсілі де бүлк-бүлк соғып, әрбір ойнаған сайын жаңа бір мінезімен елес береді. Жеке басынан өткен қызық-қуанышы, қиындықтары әсіресе осы спектакль барысында ерекше сипат алатыны ұшырасады. Ұлдарының есейіп, әскерге шақырылған кезінде ме, аяулы жар, адал азамат Шахаңнан айырылып, аза тұтқан кезінде ме, жүрегінің қуаныштан тулап әйтпесе өкініштен жараланған шақтары болсын, Жер — ана тынысында тамырын тереңге жайып, толыққанды сахна тіліне, айналып жатады. Бұл да былайғы жұрттың түсінуі неғайбыл, актердың өзі ғана сезінер қарапайым жайттардың бірі.

Тіл тазалығын сақтап, сөздің мағынасын жеткізудегі Бикен Римованың орны бөлек. Бұл саладағы тәжірибенің сырын арнайы талдау қажет. Алайда, анықтап айтатын мәселе — жаратылысынан қанына дарыған ашық даусының кім-кімді де селт еткізер сиқырлы сыңғыры небір сезім иірімдерін байқатып — болжауға бейім. Тағы да «Ана — Жер-анаға» жүгінейікші, ұзақ уақыт тапжылмай, артық қимыл жоқ-

дында тұрған міндет те аса қиын, әсіресе сахналық заңдылыққа бағына қоймайтын Жер — ананың келбетін елестетудің өзі мүмкін емес-ті. Спектакльдің сипатын нәрлендіріп тұрған Жер — ананың атынан айтылатын әрбір сөздің ырғағына шейін терең ой елегінен өткізуге техникалық шеберлік, тіпті талай жылғы актерлық тәжірибе де аздық еткені шындық. Бұрынсоңды ұшыраспаған, драматургиялық материалдың ерекшелігін Жер — ана бейнесінде жүктелген парыз да алабөтен салмақты болды. Тіршіліктің тәңіріндей тебірене тіл қатып, бірде күңірене аһ ұрып, бірде күркірей әмір еткен әрбір сәттің ар жағында Римова ғана жеткізе алар құдірет жатыр. Ішкі жан сарайының байлығы, сан-алуан тағдырлардан зерттеп түйгені өз алдына, философиялық ой тереңдігін де қажет қылатын осынау сахналық жұмысы актрисаның өміріндегі ұлы бетбұрыс жасаған кезеңіне ұласты. Жер — ананы дайындау барысында өзінің мүмкіндігін жанжақты дәлелдеп, рухани күші мен моральдық хақысының тепе-тең тұрғанына көрермендердің көзін әбден жеткізді.

Режиссер мен театр мамандарына бұл әрі жаңалық, әрі заңдылық ретінде қабылданды. Өйткені «Ана — Жер — ана» спектаклін Бикен Римовасыз қазір бізге елестету қиын десек те, оның жарыққа шығар мезгіліндегі ізденістің кез-келген түрі, әдісі көкейге сенімнен гөрі күдікті көбірек ұялатқанына да таңдануға болмайтын. Тіпті тосын нәрсенің бәрін құбылыс деп қабылдаудың қисыны келе бермейтіні сияқты, ауыз толтырып айтар жаңалықтың да көпшіліктің көңіліне қона кетуі қиын. Уақыт өткен сайын әлеуметтік мазмұны қоюланып, ел-жұрттың сүйіп көретін дүниесіне айналғаны белгілі. Бірақ шыны керек, көрерменмен жүздесер әр сәтін ірі оқиғадай қабылдайтын да дәл осындай басқа туындының сирек кездесетіні рас. Ұзақ жылдардан бері Жер — ана боп, адамдарды әл-

дилегенде, көкірегіне түйген бір сыр — табиғаттың тылсым құпиясындай бауырына тартар күші бар бейненің жұмбағын шешіп, қаншалықты дөп бастым дегенмен, сахнаға шыққан сайын іштей беймаза хал кешіп, әлі күнге шейін шарқ ұра ізденумен, толықтырумен келеді.

Римова үшін Жер — ана ешқашан сарқылып бітпейтін бұлақтың көзі. Шеті де, шегі де оның көрінбейді. Кеңіл хошының құбылмалы сәттері, өміріндегі ірілі-ұсақты өзгерістер, қуанышы, қайғысы, мұңы — айналып келгенде үлкен тағдырға ұласып, Жер — ананың сұлбасында көрініс тауып жатады. Бұны роль деп айту да шартты нәрсе. Сондықтан сахналық нұсқаның толық пісіп жетілгеніне қарамастан, әлі де беймәлім талай қырларын танып келе жатқаны өзіне мәлім. Жан сезіміндегі өзгерістерге орай — Жер — ананың жүрек дүрсілі де бүлк-бүлк соғып, әрбір ойнаған сайын жаңа бір мінезімен елес береді. Жеке басынан өткен қызық-қуанышы, қиындықтары әсіресе осы спектакль барысында ерекше сипат алатыны ұшырасады. Ұлдарының есейіп, әскерге шақырылған кезінде ме, аяулы жар, адал азамат Шахаңнан айырылып, аза тұтқан кезінде ме, жүрегінің қуаныштан тулап әйтпесе өкініштен жараланған шақтары болсын, Жер — ана тынысында тамырын тереңге жайып, толыққанды сахна тіліне, айналып жатады. Бұл да былайғы жұрттың түсінуі неғайбыл, актердың өзі ғана сезінер қарапайым жайттардың бірі.

Тіл тазалығын сақтап, сөздің мағынасын жеткізудегі Бикен Римованың орны бөлек. Бұл саладағы тәжірибенің сырын арнайы талдау қажет. Алайда, анықтап айтатын мәселе — жаратылысынан қанына дарыған ашық даусының кім-кімді де селт еткізер сиқырлы сыңғыры небір сезім иірімдерін байқатып — болжауға бейім. Тағы да «Ана — Жер-анаға» жүгінейікші, ұзақ уақыт тапжылмай, артық қимыл жоқ-

тың қасы, қалтарыссыз айтылатын монологтарды игерудің мүмкіндіктері қандай. Ә деген әрбір әріптің арқалаған жүгі бар мұнда. Қанша жаттаңыз, тіліңізді қанша құбылтыңыз, жылаңыз, еңіреңіз, жүректен шықпаса, о баста бітпеген кең тынысты көмей болмаса, бәрібір ештеңе шықпайды. Римованың сезіндіруге, түсіндіруге лайық даусының күші мен мұның шынайы тебіренуден өрбитіні Жер — ананың қасиетін арттырып тұр. Сондықтан да шығар, Римовадан басқа актрисаны бұл бейнеде көре алмай жүргеніміз. Өзі үшін де, әріптестер, көрермендер үшін де жүз табыс болғанымен, Жер — анадан ұзамай, актерлық талантын бір ғана еңбегі төңірегінен тарата талдауымыздың себебін әлгінде айтқан — басқа жанды дәл осы бейнеде елестету қиын деген пікірден іздеу дұрыс. Әйтпесе қандай ролін алып байқасақ та, байсалды талдауға тұрарлық. Ару қыз Еңлік, ақын қыздар Майра, Зейнеп, инженер Сәуле, парторг Жанар, ғылыми қызметкер Кәмаш... осылай жалғаса беретін тізімнен қазақ әйелдерінің толық портретін жасағанын аңғарамыз.

Атап өтпеуге хақымыз жоқ және бір жайт — орыс, шетел драматург жазушыларының шығармаларында ойнаған көптеген рольдері. «Ревизор», «Шындық жақсы, бақыт одан да артық», «Шыңырау түбінде», «Сараң», «Елеусіз қалған есіл ер», «Вьетнам жұлдызы», «Шығыстағы бір бейбақ», «Дон-Жуанның думаны» атты әр жылдары қойылған спектакльдерде бір-біріне ұқсамайтын, сан алуан ұлттың характерін ашатын әйел кейіпкерлерін бейнеледі. Олардың бәрі бірдей көңілінен шықты деуге бола қоймас, бірақ өзінің де, өзгенің де жадында сақталған аса қымбат рольдері баршылық.


Театрдың сырын жан-жақты түсінуі, қол жеткен табысқа масаттанбай ұдайы мазасыз күй кешуі оны жұртшылыққа кейінгі кезде басқа қырынан танытты.

Бұған таңдануға болмайды. Сахнадағы саналы ғұмырын бағдарлай қарасақ, әріптестері туралы жазған мақалалары, өнер жайлы толғаныстары творчествосының тағы бір саласын құрайды екен. Ендеше соңғы екі-үш жыл көлемінде жарық көрген, Мұхтар Әуезовтың романы бойынша «Абай — Әйгерім» атты пьеса дайындап жазып шығуы Бикен Римова үшін үлкен абырой. Өнер сүйгіш қауымды қатты қуантқан бұл дүние қазір көптің сағынып қауышқандай көретін спектакліне айналды.

Өнер шеберінің қуаты сірә, ешқашан сарқылмаса керек. Іште жасырынған мүмкіндікті қанша пайдаландым дегенмен, зымыраған уақыт, бүгінгі күннің талабы өзгеше серпін күтері анық. Бұны актриса жақсы түсінеді, театрға көңілі о баста бір құлады екен, одан кейін ешқандай аяушылық жоқ. Атағың мен ақ шашың да арашалап қала алмайды сені сахнаның күн сайын жалғаса берер тынымсыз тірлігінен. Үнемі өзін-өзі қамшылап, жанын салмаған адам мұнда жүре алмайды. Соғыстың қиын-қыстау жылдары есігін имене ашып, театр коллективіне алғаш қосылғанда-ақ аңғарған бұл қағиданы. Рахия Қойшыбаева, Серке Қожамқұлов, Шәкен Айманов, Хадиша Бөкеева сынды атақты шеберлердің тәжірибесінен де осыны ұққан. Өнерлерімен туған елін сүйсіндірген, азаматтық тұлғаларымен үлкен-кішіге қамқор болып, адамгершілік қасиеттерін әлі күнге дейін үлгі тұтатын осынау аға-апаларының дәстүрі бүгінгі толқынға өздері арқылы жетіп жатса, бұл да көңілге медет.

Шын мәнінде халқының артисі аталған Бикен Римова қазір творчестволық дер шағында. Қатарластарының табысына қуана алатындай ақпейіл жүрегі, кейінгі жастарды демеп жіберерліктей мейірімі бар әйел — ана. Сондықтан да оның жанашыр достары көп. Сондықтан да әріптестері, мейлі қарт, мейлі жас болсын, ол туралы жақсы айтады. Үйде де, түзде де

табиғи қалпынан айнымай адалдықты, жомарттықты жанына серік еткен, даңқы елге жайылған актрисаны әлі де көптеген ойлар толғандырады. Ертеңгі күннің еншісіне жоспарлаған жұмыстары қанша десеңізші. Соның бәрі жан дүниесінің, көңіл күйінің, балаларының, немерелерінің бабын тілейді. Соның бәріне үлгеріп, не істесе де күйгелектікпен емес, кемеңгерлікпен тындырып жүрген мейірбан ана, Қазақтың мемлекеттік М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының артисі Бикен Римованың бүкіл творчестволық қызметі халқына арналды. Әлі де солай жалғаса бермек. Қазақ ССР-інің халық артисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атақтарына лайық қызықты да мазмұнды өмір кешіп келе жатқан белгілі өнер шеберінің кешегісі мен бүгіні барша-мызға өнеге.



## ЭССЕЛЕР

### БАЛҚЫҒАН ҚОРҒАСЫНДАЙ ҚАЙРАН «ГӘККУ!»

Шіркін-ай, еркелік те дәл осылай арнасын тауып, ерекше сәнімен дүйім айналасын тамсандырар деп кім ойлаған. Осының өзі еркелік пе, әлде шектен шыққан тентектік пе, әйтеуір түсінігіндегі әуеннің толып жатқан айқыш-ұйқышына мүлдем ұқсамайтын және перне сызықтарының шеңберіне сыймай тасқындап, көзіңді ашып-жұмғанша аспандай жөнелген таңғажайып үнге қосылуға құдіретің жетпей мазасыз хал кешесің. Ә дегенде абдырап қалғаныңмен, мақсатты биігіне самғай жетіп, қанатын қағып тұрып алғанда, өне бойың тәтті қиялға шылауланып, соның алыстан жылт-жылт еткен ұшқынынан зарыға үміттенесің.

Жоқ, үнсіз тосқаныңа да шыдамайды, есіңді де жиғызбайды, баяулатып барып, байызын таптыра ма десең, тәкаппарлықпен төбеңе тасырлап төне түседі де жалт береді-ау. Манадан бері көңіл құрығына ілікпей екпіндеген ән әуезі кенеттен тізгінін тастай салғанда, бұла мінезден сасып қалып, не биіктетіп әкетуге, не төменге қондыруға мұршаң жетпей, жарасымды ерке әуен әуеде көпке шейін ұшып жүреді.

Гәкку, гәкку, га-га-га, га-га-га, а-а-а...

Дүниенің кеңдігі-ай, шеті де, шегі де жоқ екен ғой. Тек қана шексіздігімен емес, сол шетсіз әлемнің мәңгі-бақи ұстатпас көгілдір сағымы, көзің жете бермейтін көгіндегі тіршіліктің шыныдай сылдыраған саф тазалығының бәрі қосылып таразыланғанда, мөлдірліктің мөлдірден өлшем алғанына нанар-нанбасымды білмей, қуанғаныңнан құс көңілің құзарлана шығандайды.

Міне, дәл осы сәтте тентек «га-га-га, а-а-а» шыңға өрлеп, бұған дейінгі байқамаған алабөтен серпіліс бар болмысыңды селт еткізеді де, әлдеқандай сиқырлықтың құрсауына шырмап қояды. Шарасыздана елең-дегеніңмен самғай алыстаған «аһа-һа-ның» шаңына



да ілесуге қауқарың жетпегендіктен заңғарланған ән аясынан өзіңнің жалынышты кейпіңді ешкімге көрсетуге дәтің шыдамай, жанарыңды тарс жұмасың.

Ән биіктей береді. Со бетімен кеңістік асып, енді жоғалттым-ау дегенше, баяғы арнасына қайтадан құйылып, баяулана сызылғанда есіңді жиясың. Құлдилатып әкеп, әлде баяу сыңсытып кеп тоқтата ма, бұл әнші еркі болғанымен, әннің қылықты назы әлі алда, оның өз-өзін әзірге әрең тежеп, айтпағының көбі келер белде, ал мынау таңғажайып қайырылымның талай-талай қайта айналып соғарын сезгендейсің. Манадан әрі тентектігіне табындырып, әрі еркелігіне қызықтырып жан сезіміңді аялаған қайырмасы ғана екен.

— ...Аха-ха, аха-ха, аха-ха, аха-ха...

Дөңгелене иірімденіп, бір толқыны бір толқынының құшағына құлай сылқ-сылқ етіп сылаңдаған қайран «Гэкку», га-га-га-га, а-а-а-а-а...

. . .

Бетінен, кеудесінен қомағайлықпен өпкен желдің майда сарыны алыстап барып жақындай Ыбырайдың құлағының дәл түбінен естілді. Аспан аясын қан-жоса қылып, сәлден соң құрдымға батқалы тұрған күнге қос қол — қанатын соза талпынып: «Міне, міне, жеттім», — деп ойлаған.

Әттең, көзінің алдын қып-қызыл өрт жайлап әкетті. Жанталаса қимылдағанынан қары талып, қос қол қанатынан күш тайып, енді болмаса құздан құлдырайтындай жүрегі аузына тығылды. Жер дүние әрі аударылып, бері төңкеріліп, шырқөбелек айналды.

Қалай шыңғырып жібергенін байқамады:— Жо-о-оқ...

Салқын ауа тістерін дыз еткізе өңешін қарып өтіп, аузын да жиып үлгермеді. Бүйірін солқ еткізе ықылық атқызып өн бойын масқара діріл билеп төстей жө-

недді. Қапелімде түкке түсінбегенімен, шыбын-жанын демінен жұлып әкете жаздаған алапаттан аман қалғанын ұқты. Қайтадан жалын шарпып әкетті жанарын.

Ж-о-қ, өрт емес, айнала жасыл дала, қызылды-сарылы жайқалған гүлдер, ақ, көк көбелектер, әрлі-берлі қалықтаған көп көбелектер... Солармен қатар ұшып келе жатқан өзі.

Әлден уақытта бәрі-бәрі артта бұлдырап, оңаша қалыпты. Айналасы көп-көгілдір, таңғажайыптың бәрі қол созым жерде екен. Қолымен ауаны қармай, басы айналып құлап түсті.

Кірпігі қимылдағанымен көзі ашылар емес. Көңіліне қуаныш ұялатып қиялын тербеткен алтын сызықтар енді жанарын жұтып қойғандай. Қанша қарманса да, қараңғылық еңсесін езіп жатыр. Әлдене деуге тынысы тарылып, тілі күрмеледі. Әлгінде ғана маужыраған тіршілік қалай қара түнекке айналды, неліктен мұның көзі тарс жұмулы, дүние неге әп-сәтте өзгерді?..

Жамбасына батып барады жартас. Түн екен, ештеңе көре алмадым дегені бекершілік: дүние атаулыны сұп-сұр тұман басып, сол тұманды жаншып көкке өрмелеген таудың қия тастары үшкірленіп, мұның кеудесіне найза боп қадалғандай. Найзаның ұшы кеудесіне тақалып кеп, жарқ-жүрқ етті де қараңғылық қойнауына тығылды. Сатыр-сұтыр дыбыстар сап тыйылып, төңіректі үнсіздік басты, бірақ бала орнынан тұра алар емес. Соншалықты аласапыраннан соң ақылынан адасқандай ес-түссіз. Денесі бір ысып, бір күйіп мылқаулық құшағында әрлі-берлі дөңбекшіді. Жаны баяулап жай тапқандай, жаңағы алай-түлейден бойы арылғандай.

— Дың-дың... дың... дың... — тыныштықты тіліп шыққан дыбыстан селт еткенде, көзіне қараңғылықтың қою түкпірінен жарқ еткен домбыра оттай басылды. Бұл неге дыңылдайды, қалайша... домбыраның

қос ішегі тағы да дың етті. Ыбырай қолын созған сайын домбыра алыстай береді, тіпті жоғарылаған сайын айналасын сиқыр сәулеге толтырып, қараңғылық сейіле түседі.

— Ұшып кетті ғой, ұшып кетті, ұстасаңшы, Ыбырай... Қасқайған тау шыңдарының ар жағынан шыққан дауыс күркірей естіліп, әлсін-әлсін жаңғырыға үн қатты:— Қарманарың домбыра, Ыбырай, қара нарың да, қарманарың да — домбыра... Ы-бы-рай...— Сана-сезімін жаулап, құлағын жарған жаңғырықтан есін жиған бала бар пәрменімен биікке атылып, өзінен алыстаған домбырадан қармана берді. Құшақтай алып, ұша жөнелді. Мүлдем аспандап кеткендерін-ай, жаны алқымына тығылып, домбыраны жүрегіне басты. Демі енді-енді үзілгелі тұрғанда...

Ыбырай шошып оянды. Денесі терге малшынған. Өңі қайсы, түсі қайсы, ажырата алмай біраз жатты. Умаждап қысқаны шөп екен. Есінде қалғаны — көкірегіне басқан домбыра. Әлгі әзірде ғана қолымен ұстаған домбыраны іздеп айналасына қанша қарағанымен көзіне ештеңе шалынбады. Жапан түзде жалғыз мая, соның үстінде жантайған өзі. Жауын құйып өтсе керек, киімдері су, тұлабойы зілдей. Нөсерден кейінгі жел бұлттарды үдере көшіріп, аспан аясының шегі көрінбей кетіпті. Анда-санда аспан жүзін сызғылай ұшқан құс қанаттарының сусылы елең еткізді баланың әрі-сәрі хал кешкен көңілін. Жоғарыға қараса, өзінің де ұшарға қанаты болмай жүрегі алып ұшады. Кеудесі бұлқынғанымен, денесін көтеруге мұршасы жетер-жетпестей орнынан тұрды-ау. Тепеңдігін ұстауға дәрмен жоқ, теңселіп-теңселіп қалды. Су сіңген киімдері денесіне жабысып, танауын жарған иістен жүрегі лоқсып кетті.

Қиядан құлдилаған әлгі домбыраны кеудесіне басағанда, жүрегі жарылып өлетін бе еді, қайтетін еді.—

Жанын сақтаған қасиетті домбыра қайда, қайдасың?— Жүзі алауланып қос жанары шоқтай жанған баланы беймазалықтың ыстық лебі шарпыды. Қазір, дәл мына жерден аяғын аттап басса, ең қымбатты асылынан айрылып, енді ешқашан оны таппайтын сияқты. Өң мен түстей сәтті басынан кешіріп, қара түнекте өрт боп, лапылдап, жарқ етіп жоғалған домбыра... Ол мұндайды бұрын-соңды байқаған емес.

Киімдерін шешіп, лақтырып жіберді. Денесі күйіп барады, екі құлағы шыңылдап, көзінің алды қарауытып жүре берді. Алақанымен жерді сипалай біразға дейін не отыра, не тұра алмай мағынасыз әуреге түсті. Әрең дегенде өз-өзін демеп, тап-тұйнақ үйілген маядан құрғақ шөпті уыстай тартып, шабындыдан кейінгі түп-тұқыл әлі дымқыл боп қалған жерге төседі. Лақтырып жіберген киімдерін әкеліп жайды. Тершіген денесін күнге қыздырып, нарттай қызыл бетін тосты желге қарсы.

Жанарын тарс жұмып, есеңгіретіп кеткен жаңағы түсін есіне алды қайтадан.— Қалай еді, қалай еді: қос шегіне жан біткендей дың етіп, бұл жақындаған сайын алыстаған домбыраға жетемін деп жанталасқаны, домбыраның от боп жанғаны, аспан астында құлақ тұншықтырар жаңғырық қалғаны...— Сол алапаттан кейін ақылынан айрылғандай отырған түрі мынау, енді қайтпек?! Елегізу бар бойында, бір қайранын жасамаса, денесін бұған мазасыздықтан амалын тауып арылмаса, өн бойын күйдірген оттың дұзағынан құтылмай, өз жалынына өзі өртеніп өлетін сияқты.

Қай бір сәтте үйдегілерге: «Менің сендерге не әкелгенімді көресіңдер»,— деп, күннің көзін сүйгеннен жиегі алтынға апталып, көгілдір шоқыларға киілген сары білезікке қарай жүгіргенін біледі. Жақындаған сайын алыстан жіп-жіңішке көрінген алтын сы-

зықтар ғайып боп, көзінің алды қарауытып, бұдан кейін беті ауған жаққа кете барған.

Шаршап-шалдығып жеткен жері осы. Тып-тыныш. Өзін қоршаған айнала табиғаттың аналық мейірімін тұңғыш рет сезіне тұрып, дүрс-дүрс соққан жүрегін қос қолымен басып тұрып ұзақ жылады. Жанын қоярға жер таптырмай жанталастырған дерттен сонда ғана құтылды-ау. Бірақ ешқашан да дәл қазіргідей Ыбырайдың басы айналған емес, тыныштықтың да адамды осынша қорқытып, осынша құлазытатынын байқаған емес. Жүгіре-жүгіре діттегеніне жетпегесін, дөңгеленген даладан көзіне тірі пенде шалынбағасын, енгігіп кеп құлап еді.

Тағы да есіне еміс-еміс оралды: көкжиектен қылымсыған күн ауыл сыртындағы тау сілемдерін құшақтап, айнала жап-жарық боп, сап-сары алтын сызықтарға тура қарай алмай, ойдан-қырдан ағылған жұрттың ат басын бұлардың үйінің алдындағы арқар мүйізді биік ағашқа тіреп, бірнеше күн бойы қона жатып, ауылдағы зергер шалға соқтырып алып кететін жүзік, білезіктер және анау сызықтардың арасындағы ұқсастыққа таң қалып қолын шапалақтаған. Кешеден бері кербездене ырғалып, төрде отырған қаба сақалдының алдына баса көктей кіріп барып, сақылдап тұрып күлген.— Сендердің өліп-өшіп жүрген жалтырақтарың, эне, эне... толып жатыр, ұзынынан ұзақ... мен тақияңа толтырып әкеп берейін... Ха-ха-ха... Төніп кеп басындағы тақиясын жұлып әкеткенде, қаба сақалды: «Сандыбайдың мынасы есуас екен ғой, сұмдық-ай, деп күбірлеп отырып қалды да, әлден уақытта: «Әй, көргенсіз, найсап...»— деп айғай салды.

Ыбырайдың оқыс қылығына ызаланған әкесі не дерін білмей: «Әй, сені ме»,— деп шүйіле бергенде, ұлы қолтығының астынан зып еткен.

— Молдаға көрсету керек қой,— деді қонақ,— үшкірту керек.

— Түсінбеймін, кіп-кішкентай боп, кейде өз-өзіне сыймай, екі қолы дамыл таппай, бір нәрсені ішінен күбірлейді де жүреді.

— Түріне қарағанда, не жын соққан пері болайын деп тұр, не аруақ қысып жүр мұны, от шашқан көзі жасына лайық емес екен, — деді қаба сақалды.

Бұдан кейінгі сөзге бала ден қоймай бұрылып алып жөнелген. Әкесінің «Ы-бы-ры-а-а...» деп айғайлағаны құлағына үзіктене жетіп, даусы ауада тұншығып қалған. Содан кейін артына алаңдамастан аяғы-аяғына тимей зымырағанымен жанарының нұрын ұрлаған алтын сызыққа жете алмай аласұрғанын біледі. Қанша күн, қанша түн жиһан кезіп, табанын тілгізгенімен, алтынға құшағын толтырамын деген пиғылының быт-шыты шыққанын қазір лажсыз мойындап отыр. Көңіліне анық түйді: бар күш-қуатын салып тырбаңдағанымен-дағы мынау қара жер, анау көгілдір кеңістік мұның есек дәмесіне, аянышты жалынышына тіпті де былқ етпей, мәңгі-бақи безерген бедеулігінен айнымас, ендеше өзі қашып шыққан мекен-жайына тезірек жетіп алғаны жөн, тезірек...

. . .

Таудан құлаған бұлақтай ән бірден бұрқ-сарқ басталмайды. Құздан ылдилап емес, еңістен баяу ырғалып, жоғарыға баппен қанат қағады. Артында кең тынысты сусыл барын байқамағаныңмен, демдене түскен үннің аясы ауқымданып, төңіректі еркіндікпен шарлап жүре береді. Алды-артын сезімталдықпен барлап, қанатының құдіреті жеткенінше көк жүзін ерсілі-қарсылы кезіп, тым ұзақ қалықтайтынына таң қаласың. Айналасындағыны аялауға тіпті де асықпай, енді-енді үзіледі-ау деп үрейленгеніңше қайтадан жалғаса беретін үзік буындар керемет үнге бастайды. Тыныштық тылсымын жарықшақтандырмай тіліп

өтіп, дүние атаулыны тұнығына батырып алғандай. Тұңғыық тұнығына шомылсаң арман бар ма, сондықтан кеуденді кере дем алып, көзіңді ашқанда әлем — әуеннің сиқырлы тербетілісінен маужырай балқып, тыныштық тапқаныңа бір сеніп, бір сенбейсің. Үнсіздік те емес, таза ауаны жарып шыққан соншалықты жағымды да жеңіл ырғақтың әсерінен бүкіл тіршілік мүлгіп, әлгі әзірде ірбіті болмай жатқан жаһан жер де артына қайырылмай жалтақсыз қалықтаған мынау нәзік әлдіге елтіп қалған. Жарық дүниені айналып-толғана аспан асып бара жатқан неткен сиқыр әлди десеңізші. Бір шыңнан бір шыңға самғап барады.

Ән қанаты тәкаппарлықпен өрге өрмелейді. Тым болмаса жалғыз талынан қарманып, қас-қағым жылдамдықпен бел асқан сұлу саздың қайта айналып шарықтамас дара үніне ғана мынау тылсым дүниені тұмшалай салсам дейсің. Мәңгі-бақи естен шықпастай, кейіннен ұзақ уақыт сарғайған санамен күтетіндей жалт етіп жоғалатын ұшқынынан от алдырып, жеркөкке содан тараған жылылық құшағына оранған бақытты куәгері болдың ба, әлде титтей қиянатсыз құшағын жайып мүлгіген қызық қуанышы мас қылды ма? Әйтеуір, аспан асты әсемдіктің ғажап та жалқы сәтінің қайталанбас ләззәтіне тұнып қапты. Өңің бе, түсің бе? Айналаң неғып аппақ боп кеткен? Мұның өзі арманының ақ құсы екен-ау, жо-жоқ, арманыңның ақ құсы емес, аппақ аймақтың үстіне шаң жуытпай ұшып бара жатқан ән қарлығашы екен. Ақтың ақпен аймаласқан мұнар шағынан жанарына ештеңе шалынбай, құлағыңа әлем бауырында самғаған қарлығаш қанатының үні ғана талып жетеді. Еміс-еміс елес беріп, үзіліп кеп, үзіліп кеп естіледі, баяу созылған сиқырлы саз. Бұдан талмаусырағандықты емес, тың қуаттың лып-лып еткен екпінін сезесің. Осынау нәзіктіктің астарында түптің түбінде өзіңді еліктіріп әкелерлік күш жатқанын бар болмысыңмен түйсінгеніңмен,

әзірге есіңнен адастырып, алаңсыз қанат қаққан ән дірілі тұла бойыңа сиқыр болып дариды. Қанша сабыр сақтайын десең де, өзіңді игере алмай қаласың. Ән саған қанат байлайды. Сондықтан да былайғы әзірде иықтан зілбатпан боп езгілеген марғаулықтан бірден сейіліп, бұрын-соңды ұшыраспаған құс-қанат көңілмен ашық аспан аясын кезіп жүре бересің. Қайдан өрбіген еркіндік десеңізші. Тоз-тоз шашыраған шарбы бұлттарды бір-біріне іліне жармасқан күйі құшағынан бөле-жарып, заңғар асқан айбынды ырғақ. Сескендірейін деді ме қалай, әлде буынына буыны қуат қосып асқақтаған сайын пұшайман кейпіңді жермен жексен етіп бара ма? Жанталаса тырмысқаныңмен, бәз-баяғы қораш қалпыңнан айнымай, көк жүзін қақырата билеп ұшқан ерке әннің қызығын да әлденеден қызғанып, бәрібір сол өресіздігіңнен аса алмайсың-ау. Бірақ, көз жеткісіз кеңістікте кербез қалықтаған үн төмен қайрыла берген иен даланы ерке саздың діріліне, әттең шіркін, бір сәтке ғана орап алсам деген арманың тағы да алдыңнан шығып, қол созым жердің бәр-бәрін көгілдір сағым жайлайды. Әдетте көзіңе де, көңіліңе жеткізбейтін көгілдір сағым кенеттен бет-жүзіңнен аймалай бастайды. Бұл сәтте жалпақ жалғанда қатулы қабақ, кірбің көңіл бар дегенге мүлдем сенбессің, өйткені дүниенің төрт құбыласына құшағын қатар жайып, еркін көсілген әннің сиқырлы мысы айдай әлемнің жүрегін мүлдем тұтқындап алған. Тәңірім-ау, көл-көсір созылған сұрқай даланы жіп-жіңішке діріл тұтқындап, есін кіресілі-шығасылы еткенін кім көрген? Нәзіктік деген осы ма, әлде жалтақсыз аттаған әр адымыңның өзін дарақылыққа балаған қайсыбірдің келте түйсігінен үрей ұялап үлгерген секемшіл жүрегің мөлдірлікке әлі де дауаламай тұрғаны ма?

Міне, осы тұстан «Гәккүдің» ең таза, ең кәусар сыңғырлаған буындары созылып жүре береді де, ерке



назы тентектікпен алма-кезек қабысып, үйлесімділікпен жалғасады. Қалтқысыз бейкүнә болмаса, тереңінде титтей кірбің тамшысы қалса, мелшиіп жатқан сар далаға өктемдеп кеп өзімсінер ме, тіпті өзін паң сезінген шалқақ дүниеге сыздана шіренгендердің тоқмейілсіген пиғылын тәрк қылып, ән еркесі — Гәккудің қанатына тіршілік тынысы осынша тұмшаланар ма! Бұл не: кербездік пе, асқақтық па, әлде шектен шыққан өктемдік пе? Мейлі, қайсы болса да, түп-тамырында ақиқаттың дәні жатса, одан арғысына дүдәмал жоқ. Мұндайда бәрі кешірімді: қырсық-қыңырлығың, қаталдығың, әлсіздігің, құлап-сүрінгенің...

. . .

Кеңістікті барлай кезген күстың қиқуы әннің үндестік өзегін құрап тұрғанымен, идеялық аясы тым-тым кең. «Гәкку» — адамның бойында оқыстан оянып, жан дүниесіне керемет өзгеріс енгізетін сүйіспеншілік сезімінің ұлы қуанышы. Мыңнан, жүзден бірдің басына қонатын сирек бақыттың сиқырын кешкен жанның қуанышы. Ән ырғағына саңлау тоқтатып байқаңызшы: кез-келген буынынан жарық дүниеге деген іңкәрлік есіп, ғашық көңілдің лүп-лүп ынтық демі соғып тұр. Асылы адам баласының қысқа ғұмырын ұзартып, мәңгі есте қаларлық қымбат кезеңі жүрек қалаулысын кезіктірген, махаббат жылуын тұңғыш рет сезінген сәті болса керек. Үкілі Ыбырайдың «Гәккуі», міне, осындай таңғажайып сәттен туып, сыртқа атойлап шыққан жыры. Өзі ғашық болған аяулысына өзін де сүйікті еткен жас перінің жанын көл-көсір шаттық билесе, бұдан кейінгі бұлқынысы, сірә де, ешқандай тұзаққа ұстатпас. Бү дүниеде сүйгеннен және сүйікті болғаннан асқан не бар дейді жас перінің өрепкіген көңілі, ендеше сайра, тілі, шырқа даусы.

Махаббат сезімінің мұң, сағыныш және де қуаныш боп жалғасатыны бар. Сүйгеніңнің тарапынан күйіп-

жанған титтей жылылық аңғарылмаса, мұның орны ештеңемен толмас. Бір кезде қиялын тербеген сағыныш пен үміт шемен боп қатар да бүткіл тірлік қатігездік пен мейірімсіздікке айналар. Әйтпесе, арзан қылықпен алдарқанып, өзін-өзі алдаумен өтер сорлы бейбақ. Өзін де, өзгені де алдай алмай құса боп өткен қаншама? «Гәккуде» мұндай өкініштердің сызаты да жоқ. Оның негізгі ерекшелігін де осы оптимистік рухынан іздеуіміз қажет.

Бірақ өкінішпен де, қасіретпен де жасампаздықтың туын желбіреткен өнер туындыларын білеміз ғой. Қазақ халық әндерінің небір інжу-маржандары бағымызға орай ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қай кезде де өз деңгейін жоғары ұстап келеді. Тарихи «Елім-айдан» бастап Мұхиттың «Зәуреші», Ақан серінің «Құлагері», Біржан салдың «Жанботасы», Мәдидің «Қаракесек», Кененнің «Базар-Назарына» шейін әрқайсысы драмалық қақтығысқа толы әндер. Халық ән-жырларындағы сезім байлығы, әуенмен сомдалған сурет нақыштары, жалпы тіршілікке тән құбылыстарға жан бітірген небір озық үлгілері бүгінге шейін жеткі біз үшін үлкен қуаныш. Біздің түйсіну, тамсану, аңсау, қиялдау ерекшеліктеріміздің бәрі бар мұнда.

Жекелеген мысалдарға сүйенсек, бір тыңдағанда «Шәпибаяудағы» ертегідей ғажап суретті ешқашан ұмыта алмас едің. Ұлпадай үлпілдеген ырғақтың аясында бас-аяғы жұмыр, мазмұны айқын сурет жатыр. Ноктюри — соната! «Қарғаштағы» жан толқытар мұң, «Жиырма бестегі» философиялық астар, «Гауһартастағы» сұлулықтың мүсінделген бейнесі, «Сәулем-айдағы» ерке наз, «Алқоңырдағы» тәтті қиял, «Алтыбасардағы» күркіреген өрлік, «Япур айдағы» толқын судың діріліндей кеудеде бұлқыған сағыныш сазы — міне, бұлардың қай-қайсысы да төл өнеріміздің баға жетпес қазыналары. Осынау әндерді тыңдаған кейбір

сәтте қызық ой келетіні бар: ата-бабаларымыздан Микеланджело, Дюрер, Рембрандт, Леонардо да Винчи сынды ұлы мүсінші, суретшілер шықпапты деп «өкпелейтініміз» бекершілік шығар, олар, сірә, жаңағы өнер түрлеріне тән сыр-сипаттың бәрін ән мен күйге төккен болуы керек. Халық әндерінде бәрі бар: кескіндеменің көз сүрінерлік бояуы, мүсін өнерінің айшықты небір бұраң қимыл-қозғалысы.

Халық шығармаларының әнінен де, сөзінен де көп нәрсе үйренуге болады. Олардың эстетикалық бағасы ешқашан өзінің маңызын жоймайды. Уақыт — дәуірдің әлеуметтік сыр-сипатын, адам баласының жұмбақта күрделі тағдыр жолдарын, мөлдір сезімінің толқын — ырғақтарын осынау әндерден жіті байқаймыз. Байқаймыз дегеннен гөрі сусындаймыз деу әлдеқайда анығырақ.

Әрине, халық композиторларының туындылары дариядай шалқыған ұшан-теңіз, қай шетінен кезіксең де шегіне жетпейсің. Бұл арада оның маңызына қысқаша тоқталған себебіміз — шығармасын талдап отырған Үкілі Ыбырай творчествосының ұлттық өнеріміздің қайнар бұлағымен сабақтасып жатуы.

Өзіне дейінгі және өзімен қатар өмір сүрген сал, сері ақындардың ақпа-төкпе табиғилығы Ыбырайға да тән. Қараңғы түндегі нажағайдың жарқылындай оның әндері төңірегін түрлендіріп, тыңдаушысының ой-санасын бірден селт еткізеді. Ақын композитордың жүрегін жарып шыққан от сезімнен бейтарап қалу мүмкін емес. Шалқыған шабыт селінен туған көркем дүние ғана осынша әсерге бөлеп, адамның сезіну мүмкіншіліктерінің әлі де беймәлім, әлі де құпия жайттары бар екенін айғақтайды. Мұның өзі пенде атаулының көп ретте басынан кешер мағынасыз тірлігін түбегейлі өзгертіп жібермегенімен, соған қалай да ықпал тигізетіні хақ.

Егер назар аударсаңыз, гүлдің қауыз ашар, құстың

қанатын қағар, таңның шапағын шашар алғашқы сәттерінде тілмен айтып-жеткізгісіз бір күш бар. Қашан байқасаңыз да таңдай қақтырарлық осынау суреттерге көздің тояттауы еш мүмкін емес шығар. Жанарыңды жәудіретіп, ағыл да тегіл сезім селін тасқындатқанымен, уыстауға келмейтін, құшақтауға сыймайтын сұлулық сиқыры құмға сіңген судай қан тамырыңа жайылып, әбден арбайды.

Табиғаттың мәңгілік құбылыстарын қанша зерттеп барлағаныңмен, сиқырын түсіндім дегеніңмен, ешқашан оның түбіріне жетпейсің. Айналасына нұрын төккен жаңа таңның ғаламат өзгерісін қаншалықты көріп, сүйсіндім десең-дағы, сол қас-қағымдық уыз әсердің қасиетін байыптауға бәрібір шамаң жете бермес. Бәлкі бұның қажеті де шамалы. Өйткені табиғат болмысы, оның негізі, қандай да мінезі адамды тереңнен ойлап, көркемдікпен қабылдауға жетелейді.

Желдің сыбдырынан дір-дір еткен жапырақтан бастап алай-түлей сарқыраған өзеннің асау ағысына шейін біздің эстетикалық мазмұнымызды құрап, түйсіну қабілетімізді күшейтеді. Осының бәрін жіліктің майындай сорып отырғандағы мақсатымыз, әлінде айтқан — гүлдің қауызын ашқан, әйтпесе таңның шапақ атқан ұлы сәтінде кірпік жыпылықтатып, тура қаратпайтын құдіретіне тұтқындар ақыл-санамыздан туындайтын әсемдік пен көркемдіктің өзіндік сипатқа ие болуы. Тебіреніс пен шабыттан туған дүние ғана өміршең. Шынайы сезімнен таралған ғашықтықтың азабы мен қуанышы тәрізді көркем туындының жарыққа шығуы да таңғажайып құбылыс. Ән өлкесіне осындай құбылыс боп енген «Гәккудің» жазылу тарихында пәлендей оқыс оқиға жоқ.

Заманында Үкілі Ыбырай есі кете ғашық болған деседі, Кәкима деген қызға. Қатты толқып, бұрынсоңды басынан кешпеген жұмбақ күйге түскен. Ақылына көркі сай өнерлі арудың бейнесі күндіз өңінен,

түнде түсінен шықпай, өзіне ынтықтырып қойған бұ не сиқыр екенін қапелімде ұқпайды. Аяқ астынан соққан құйындай алаңсыз көңілін астан-кестен қылған тосын жағдай ақын жүрегіне өшпестей із қалдырады.

Жан дүниесіндегі төңкерістің айғағы «Гэкку» жиырма бес жасында жарық көріп, бұдан әрі түрлі аңыз-ырғақтарда халық арасына кеңінен тараған. «Гэкку» тек ән емес, өнерге бүтіндей ұғым енгізген оқиға. Эстетикалық тұрғыдан қарағанда, қазір «Гэкку» деген сөзбен әсемдік, сұлулық атаулары қатар тұрады. «Қыз Жібек» операсындағы Жібек ариясына оның лейтмотив болуы да тегін емес. Бірнеше вариацияда шырқалатын Қыз Жібектің басты ариясында «Гэккудің» көркемдік бояуы қоюланып, ырғақтық ерекшеліктері одан әрі даралана музыкалық туынды ретіндегі шоқтығы мүлдем биіктеген.

Фасырымыздың аса көрнекті өнер қайраткері Күләш Байсейітова интерпретациясындағы «Гэкку», міне, әннің де, әншінің де бағы тасыған шағы. «Гэкку» дегенде, ең алдымен Күләш есімінің еске оралатыны да сондықтан. «Гэккуді» дәл Күләш Байсейітовадай аспандатқандар кемде-кем. Әнші даңқын паш еткен де бәлки, «Гэкку» шығар. Біздің түсінігімізде екеуі де өрелі өнеріміздің төл егізі, бірінің есімін екіншісінен бөліп әкетуге болмайды. Қазақ ССР-інің халық артисі, композитор Латиф Хамидидің: «Гэкку» әнінің қайырмасына Күләш қосқан «стаккато» дыбыстар қазақ музыка мәдениетінде колоратура әдісін қолдана ән айтудың ең алғашқы тәжірибесі еді»,— деп айтқаны да бұған қосымша дәлел. Иса, Күләш, Е. Брусиловский сынды өнер шеберлерінің «Гэккуге» табына отырып, әуендік негізін одан әрі байытуынан Үкілі Ыбырайдың композиторлық қолтаңбасының қиял мен шабытқа бай, асқан талант иесі екенін аңғарамыз.

Сонау балалық шағында күн сәулесінің соңынан

жүгіріп, адам баласының армандай алыстан нұр шашқан сиқырын түсінуге асыққанда, кейін де талай рет аспанда қалықтаған құс, айдында жүзген аққу, құшағында талықсыған сүйіктісі боп елестеген өмірдің мәңгілік сұлулық көріністерін шырқата жырлағанда, азын-аулақ мұрасының толқыннан толқынға көшіп, халқының ұрпағына өсиет тұтар асылы, қымбаты ретінде сақталатынын үзеңгілестері ескерді ме, еледі ме, кім білсін, бірақ Үкілі Ыбырай творчествосының ұлттық мақтанышымызға айналғаны бүгінгі күннің бұлтартпайтын шындығы.

### ВЕРЕЩАГИН ТВОРЧЕСТВОСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ӘУЕНДЕРІ

Тұла бойынан сергектік пен қайраттылықтың ерен күші сезіліп, тұтастай бітіміне қыранға ұқсас қасиеттер тән осы бір сұлу да маңғаз жанға былайғылар әрдайым қызыға, таң қала қарайтын. Байыз таппай үнемі ұзақ сапарларда жүретін суретшінің сыртқы түрінен ішкі мазасыздықты, творчестволық қиналысты аңғару мүмкін емес-ті. Күйгелектіктен мүлдем ада оның тірлік тынысындағы табиғилық көркем туындыларына да тән болатын. Ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасымен замандастарының қиялын тербеткен Василий Василевич Верещагиннің өнердегі жолы ерлікпен пара-пар. Есін білгеннен кейінгі тұстағы саналы ғұмыры майдан шебінде, жауапты әскери экспедицияларда өткендіктен де тақырыптық жағынан оның еңбектері оқшау тұрды.

Соғыстың жан түршігерлік азабын қатарластарының ішінде дәл Верещагиндей көрсеткендері жоқ шығар. Баталист (соғыс жанры тақырыбының суретшісі) ретінде бұл салада құбылыс жасағаны өз алдына таңғажайып әлем, ал Шығыс халықтарына зерттей үңіліп, мұны творчествосына өзек етуі араб,

үнді, өзбек, қырғыз, қазақтардың өмірінен хабардар болуы ерекше әңгіменің желісі.

Алғаш рет Түркістанға 1867 жылы сапар шеккенде, орыс армиясының Орта Азиядағы кең өріс ала бастаған соғыс әрекеттері суретші үшін үлкен мектепке айналды. Рас, бұған шейін де біраз жерді аралаған. Петербург теңіз кадет корпусында оқи жүріп, тәжірибелік жүзулерді шетелдерде өткізуі, теңіз офицері болудан бас тартып, кейін Көркем сурет академиясына түскені, оны да аяқтамай, Кавказға кетіп қалуы, соңынан Парижге барып, атақты шеберлерден сабақ алуы, міне, жиырма бес жасар жігіттің өткелдері осындай еді. Түркістан оның творчестволық жолын айқындауға әсерін тигізіп, кейіннен 1869—1870 жылдары екінші рет мұнда тағы келді. Қауіп-қатерге толы бұл сапарларының нәтижесінде Орта Азия халықтарының өмірін, тұрмысын бейнелеген суреттер мен этюдтардың бай сериясын жасады.

Түркістан тақырыбына ұзақ жылдарын арнаған Верещагиннің туындылары — өнердің өлмес мұрасы. Соғыс тақырыбына арналған дүниелері соншалықты шыншыл, адамның төбе шашын тік тұрғызарлықтай әсер етсе, оның Шығыс халықтарының ою-өрнегіне деген ілтипаты творчествосының басқа бір қыры. Қазақ даласының үстімен өткендегі суретші позициясын «Шу өзені бойындағы қырғыз (қазақ) киіз үйлері», «Лепсі алабын қоршаған таулар», «Алатау, «Аңшы қырғыз (қазақ)» сияқты шығармаларынан айқын аңғарамыз. Бояудың үндестігін сақтап, композициялық шешім қабылдағанда ең алдымен нысанаға алған қандай да ойын өмірдің өзіндей шын бейнелеуге тырысатын Верещагин картиналары әбден белгілі, жауыр болған жадағай дәстүрлерден мүлдем алыс. Жазғалы отырған тақырыбын бүге-шігесіне дейін зерттейтіні, нақтылыққа сүйенетіні сонша, үйі мен шеберханасы түрлі киімдерге толы, қару-жарақ, сирек кездесетін

құрал-саймандар, көне заттардың музейі тәрізді көрінеді екен. Қағазға түсірер алдында әрбір оқиғаның уақытпен, жарықпен үндестігін жан-жақты зерттеп, шарттылықтың қандай түрін де жаны қабылдамайтын.

Жергілікті тұрғындарды үлкен ыждаһаттылықпен бейнелегенде, олардың өздеріне ғана тән ерекшелігін ешқашан ұмытпауға тырысты. Түпнұсқасы Мемлекеттік Третьяков галереясында тұрған «Аңшы қырғыз (қазақтың)» тұлғасына қараңызшы. Көзге бірден ұрмаса да, табиғат пен адамның арасындағы тұтасып кеткен таңғажайып күшті сезінеміз. Нық тұрған аңшының сән-салтанатын былай қойғанда, жалпы бітімінің өзі жігерлілікті байқатады. Саятшылықты өнердің көкесі деп ұққан қазақтың қажырлы тұлғасы тұр. Қаршығаны қолға үйреткен адамның өз-өзіне сенімі, жарты әлемді иемденгендей мақтанышы да жоқ емес. Ар жағында аласапыран қайрат жатқан, не істеймін десе де еркі бар, дәулетті, әрі мықты. Жасы біразға жеткенімен, тұғырынан таяр түрі байқалмайды. Тіршіліктің қуанышын қызықтап келе жатқан маңғаз жан.

Ішкі рухани күшін сыртқы түрі одан сайын қоюлатып әкеткен. Жай әншейін кие салғандай көрінгенімен, киім үлгісінен, асынған қару-жарағынан сан алуан ой таратып әкетесіз. Ыстық, суыққа көндіккен, табиғаттың қандай қаһарына да шыныққан дала ұлының сәні мен мәні мазмұнды-ақ. Сенуге, сүйенуге болатын ерен күш иесі. Елін, жерін қорғай аларлық айбыны бар, ұрпағын да сол асқақ рухта тәрбиелеуге хал-қадірі жетерліктей. Верещагиннің сәнділікке деген ілтипаты мұнда да аңғарылады. Аңшының жер үстінде нық басқан адымын, өз-өзіне берік сенімділігін киіміндегі өрнектеріне шейін айғақтап тұр.

Осы бір желі, яғни қазақ оюына назар аударуы, «Шу өзені бойындағы қырғыз (қазақ) киіз үйлері» картинасында ерекше үйлесімін тапқан. Желдің сыб-



дыры үзіп-талып естілгендей ме, әйтеуір көгілдір аспанмен астасып, жұмбақ та сиқырлы тірлік кешкен киіз үй мекендеушілеріне суретші қиялымен қарап тұрғаныңды сезбей де қаласың. Өйткені көз алдыңа, неге екені белгісіз, қазақ даласының тынысына көреген саяхатшы ретінде қараған автордың түрі алдымен елестейді. Содан кейін барып құлағыңа қоңыр әуен жеткізген шығарма мазмұнына үңілесің.

Мұнда бәрі табиғаттың тамылжыған мамыражай сәтінде шешілген, бір-бірін толықтырып, үйлесімін тапқан дүние. Арғы беткейдегі мұнартқан тау сілемдерінің киіз үйлердің сұлбасымен жалғасуынан суретші өзіндік заңдылық іздеген. Даланың, таудың, өзеннің көгілдір алтындай сары бояулары киіз үйдің сыртқы жиһазын, кілемнің түрін одан әрмен тереңдете әсем кейіпке енгізіп әкеткен.

Бас-аяғы жинақы этюдта адамдардан гөрі оны қоршаған орта әлдеқайда қоюырақ шыққан. Алдыңғы қатарда тағы да сол өрнектің төңірегіндегі жайттар. Автордың халқымыздың қол өнеріне деген құштарлығын көреміз. Жеңілдеу сызылған сызаттар адам бейнелерінен хабардар етеді, ал соның жанында кілемнің өрнектері қандай ап-анық. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өрнегіне асқан мәдениеттілікпен қарап, күнделікті тұрмыста мұның қаншалықты маңызды орын алатынына көңіл бөлген. Қарапайым көрініс десек те сырт көзге бірден шалынар, қазақтардың ашық реңкке, түрлі-түсті бояуға, яғни ою-өрнекке деген елгезектігін суретші де дереу зердесіне түйген тәрізді. Жалпы Орта Азия халықтарына арналған шығармаларының ішінде қазаққа қатысты тұстары көтеріңкі романтикалық лепте келетінін атап өткеніміз жөн.

Творчестволық қуатын соғыс тақырыбына аямай жұмсаған Верещагин өмір-бақи өзінің күнді сүйіп өткенін, бірақ оны жазуға ешқашан уақыты болмаға-

нын жазған еді. Жатса-тұрса көз алдынан соғыстың жан түршігерлік елесі кетпейтінін, сондықтан суреткер ретінде күші жеткенше соғысқа қарсы күресуді асыл мақсаты тұтқан. Күннің қайталанбас қасиетін жазуға жағдайым болмады деп өкінгенімен, Түркістан сериясына жататын, әсіресе, қазақтардың тұрмыс-салтына бағышталған картиналарында сахараның кең тынысы, күн шуағының мейірімі көңілге шаттық ұялатады.

Верещагиннің ойында уытты әзілге құрылған, екі молданың керісіп қалғаны туралы жанрлық суреттер салу да болған. Мұнда «Рәйім молда мен Керім молда қонақта», «Рәйім молда мен Керім молда базарға бара жатып ұрысып қалды», «Рәйім молда мен Керім молда соттасып жатыр» деген үш түрлі жағдайды бейнелеу көзделген о баста. Бірақ ойы түгелдей жүзеге аспады, тек екі молданың керісіп тұрған бейнелері ғана қағазға түсті. Олардың есек үстінде отырып, бір-біріне әлденені дәлелдеп, айғайласқандары қимыл-қозғалыстарынан білінеді, түрлері күлкілі-ақ. Орта Азия табиғатының ерекшелігі елес беріп, суреттің өн бойынан самал желдің майда лебі еседі. Негізгі мазмұн керісіп тұрған молдалардың кескінінде десек те, әуе кеңістігі, күннің төңіректі шапаққа малындырғаны өзіне еріксіз назар аудартады.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген суретшілердің арасында Шығыс халықтарына дәл Верещагиндей ыстық ықылас байқатқанын табу қиын. Әлеуметтік қайшылығы мол, сол кезеңдегі феодалдық қоғамның мазмұнын ол өз шығармаларында жан-жақты зерттеді. Белгілі орыс жазушысы И. С. Тургенев Түркістан сериясын жоғары бағалап, бұлардың керемет әсер еткенін, шыншылдығымен, алабөтен қолтаңбасымен, ерен күшімен жан дүниесін баулап алғанын жазған еді кезінде. Суретшінің өзі де этнографиялық туындыларына ілтипатпен қараған.

Өмірбаяншысы Ф. И. Булгаковқа жолдаған хатында: «Менің этнографиялық заттардан үйренгенімді, адамдарды, жануарларды, үйлерді, табиғатты — бәрін жазуды меңгергенімді сіз дұрыс айтқансыз. Мұндай аса қызық мектепті басқа қайдан табар едім», — деп жазғаны бар.

Айларға, жылдарға созылған әрбір сапары шабытын оятып, естігенін, көргенін, көңілге түйгенін көркем туындыға айналдыруға асығатын. Оның көптеген этнографиялық этюдтарының арасынан мүлдем басқаша қолтаңбада шешілгендері де арагідік кездеседі. Сондай этюдтарының бірі — «Лепсі алабын қоршаған таулар». Көкейге құпия сыр ұялатарлық әсері басым. Тау құздарының қою бояу арқылы асқақтай жөнелген кейпінің қасында ыстық шаң мен құмның арасына енді-енді сіңіп жоғалардай болған түйелер әрең қарауытады.

Қазақтардың тұрмыс салтына арналған шығармаларына тереңірек үңілгенде, Верещагиннің ең алдымен саяхатшы, бағдарлаушы ретінде көз алдында жиірек елестейтіні бар. Жергілікті тұрғындардың әлеуметтік болмысынан гөрі олардың өнеріндегі сәнділікке ою-өрнегіне әшекей-жиһазына көбірек ден қойған. Бұған қоса қазақ өлкесінің табиғат ерекшеліктерін де назарынан тыс қалдырмаған.

Өрнек дегеннен шығады, орыс суретшісінің осы бір жанымызға жақын қасиеті «Темірлан есіктері», «Мешіт есігі алдында» атты картиналарынан да қылаң береді. Екеуі де ешқандай оқиғаға құрылмаған, айтарлықтай баяндау жоқтың қасы, тек оюланып өрнектелген есіктердің екі жағында адамдар. Біреуі қиялымызды сонау алысқа, Орта Азияның кешегі тарихына жетелесе, екіншісі Түркістанның суретші көрген күнделікті тірлігінен хабардар етеді. *«Мынау зілдей есіктің таңғажайып өрнектері, мынау ұйқыда қалғыған, есікке қадалып қалған түймедей, бейнебір сол өрнек-*

тің өзіне ұқсап, тастай қатқан мүсіндергің Орта Азияның күні өтіп, орнынан тапжылмай тұрған көне цивилизациясына бойлатары соншалық, қандай кітап, қанша көп жазыңыз, бәрібір дәл мына бір картина берерліктей әсер туғыза алмайсыз»,— деп жазды И. Н. Крамской Репинге. Суретшінің бұл дүниелері талай өнер қайраткерлерін таңдай қақтырды. Шынында, Шығыс халықтарының өрнегін, киіну салтын мұншалықты шеберлікпен жеткізу үшін төзімділікпен, асқан дарындылықпен қатар сол халықтардың қабілетін де мойындау қажет-ті. Верещагиннің Орта Азия халықтары қолынан шыққан архитектуралық өрнектер мен киіну дәстүрі, басқа да толып жатқан салтанат көріністеріне деген жылы ниетінен, сүйіспеншілігінен біз оның осы халықтардың сұлулықты пір тұтқан талантын жоғары бағалағанын көреміз.

Түркістанда өзі болған кезеңнің, сол дәуірдің мазмұнын, феодалдық қоғамның қайшылықтарын «Ташкенттегі өзбек әйелі», «Самарқан қайыршылары», «Апиыншылар» және басқа жұмыстарында айқын бейнелеген. Әділетсіздікке, теңсіздікке қарсы суреткерлік көзқарасы қалыптасып, демократ ретінде бұл туындыларында биікке көтеріледі. Ащы шындығымен баурайды әрқайсысы. Мысалы, қарапайым-ау деген «Ташкенттегі өзбек әйелін» алайықшы, ортаазиялық қаланың сұрықсыз бұрышы, өн бойынан көңілсіздіктен басқаны аңғару қиын. Төңірегінен жүзін жасырып, бүкіл денесін жасыл көк матамен қымтаған әйел келе жатыр. Тас қабырғаға түскен қара көлеңкесі мүсінін жапқан матаның қаншалықты лайықсыз, дөрекі екенін дәлелдейді. Мұсылман әйелінің сол қоғамдағы қорлыққа көнген азапты тағдырын жұпыны ғана әдіспен жайып салған.

Сирия, Палестина, Үндістан, Жапония, Филиппин аралдары, Куба, Америка және басқа да елдерді аралағанда В. В. Верещагин өзінің картиналарын әдетте

рет-ретімен серияға бөліп жазған. Творчествосын сан алуан тарауға таратып жазуға болатын суретшінің тағдыры қиындыққа, қызыққа толы. Өмірінің соңғы сәтіне шейін дем алуды білмеген, балалық шағында қиялымен дүниені түгел шарлаған романтик барлық мүмкіндігін, күш-қайратын, уақытын есейгеннен кейін де жер шарындағы түрлі халық өкілдерін зерттеуге, саяхатқа арнады. Жай қызықтаушының көзімен емес, ойын тербеткен жайттарға әлеуметтік мазмұн беріп, азаматтық тұрғыдан елеулі құбылыс жасаған.

Қай жерде қауіп-қатер болса, дереу сонда аттанып, өзіне дейін ешкім терең бойламаған күрделі тақырыптарды игерген Верещагиннің өнер әлемінде алатын орны бөлек. Түрлі ұлт өкілдерінің тірлігін елгезектікпен бейнелеп, артына ұшан-теңіз мұра қалдырған қайталанбас талант иесінің қадірі уақыт өткен сайын арта берері сөзсіз. Ал, Орта Азия халықтары үшін оның есімі ешқашан ұмытылмайды. Саяхатшы, этнограф ретінде біздің, қазақтардың салт-санасына зерделілікпен қарауының өзі, аз да болса ата-бабаларымыздың тұрмысынан сапалы туындылар қалдыруы — бүгінгі және келер ұрпақтарға үлкен қуаныш.

Бүкіл саналы өмірі жол үстінде, шеберханада өткен Василий Верещагин ешқашан тыным көрген емес. Сонау жастық шағында әкесі оның теңіз офицері болуын қалағанымен, ұлының мүлдем басқа салаға ауысып, бейнелеу өнерінде өшпес із қалдыратынын болжамаған да шығар. Бірақ: «Балам теңізші болмайды», — деп өкінбесе де жарайды екен, өйткені оның тағдыры шын мәнінде мұхиттың алпауыт толқындарымен бірегей жақындасып кетіп еді. 1904 жылдың апрелінде Порт-Артур түбегіндегі шайқаста «Петропавловск» кемесімен бірге қаза тапты. Алпыс екіге қараған суретші өмірінің соңғы сәтінде де өзінің жорық альбомына енді-енді басталған теңіз ұрысының көріністерін асығыс түсіріп жатыпты деседі...

## ӨНЕРДЕГІ ӘЛИЯ БЕЙНЕСІ

(*гиптик*)

### I

Жер-дүниені таптап кететіндей сойқан күштің қатқыл үні тұла бойыңды тітіркендіре әлгіндегі бейқұт жағдайыңның астан-кестенін шығарып, жүйке-жүйкеңді шымырлатып әкеткенін өзің де лезде байқай алмадың. Аяқ астынан осынша өзгеріп жүре бергеніңнің мәнісіне де үңіліп жатуға мұршаң келген жоқ. Бірақ көз алдыңда ап-анық сурет көлденеңдей қалды: толқындары бұлк-бұлк етіп қана бейбіт аққан шалқар көлдің беті шайқалып кетіп, кенеттен тұрған дауылдан бұрқан-талқан болды. Әлдеқандай беймаза ойдан көңілің алабұртып жүре берді де, бар ынта-зейініңмен тың тыңдағандай құлағыңды түре қалдың. Деміңді ішіңе бүгіп, соншалықты сақтықпен неге елеңдеп, неден мазасызданғаның да түсініксіз. Әйтеуір, мына әуеннің жүрегіңді дір еткізіп, ақыл-есіңді жаулап бара жатқаны шындық.

Жаңағы желді күнгі көлдің бетіндей буырқанған сурет жанарыңа тағы шалынып өтті де, бүткіл дүние мамыражай халге енді. Жалқы сәтке тып-тыныш боп, айнала тіршіліктің тілі де, үні де байланып тұншыққандай. Бұдан кейін қандай да бір аласапыран басталатын сияқты.

Жоқ, аласапыран емес. Мұның бәрі — осыған дейінгі әуен үзіктері қанды шайқастың от-жалынынан шыққан қып-қызыл өрттің өзі екен. Сондықтан да екен, сенің бей-жай қала алмай тал бойыңның түршігіп кете жаздағаны. Қорқыныш пен үрей ұялатар түршігу емес, беліңді бекем буғызар, жаныңды жігерлендіріп, намысыңды қайрайтын үлкен ұғымдағы түр-

шігу. Жан-тәнін ді түршіктіріп барып есінді жиғызатын, содан кейін ерлікке меңзейтін, буын-буыныңды босатып, көзіңе жас үйіргенімен артынша кеудеңе кек ұялатып, күш пен қайратты еселетіп төгетін кең тынысты әннің алғашқы буындары, міне, осындай.

Бұдан соң желсіз күнгі өзен ағысындай жұп-жұмсақ майда толқындар саңылауыңа жылы естіліп, жаныңды салқын самалдай аймалап жүре береді. Жайбарақаттықтан жаныңды арашалай отырып, бірте-бірте жеңіл мұңға ауысқан қоңыр әуеннің өн бойындағы лирикалық леп баяу ғана тербейді сені. Бейне бір бесікте құндақталған сәбиін тербеген ананың әлдіндей тәтті сиқырға тап болғандайсың:

Қобда, Нева суларын сүйіп өскен,  
Әсем гүлін құшаққа жиып өскен.  
Аққу құстың бейне бір баласындай,  
Сұлу сазды жастықтың күйін кешкен.

Шынында да, аяулысын, көзінің қарашығындай қадірлісін ардақ тұтып, аспанға әуелетер әлди-әуен, әлди-әуез, әлди-әлди буындар. Түбіттей созыла үлбіреп, төңірегін аялай әспеттеген момақан саз. Бұл момақандықтың ар жағында қарабайыр жуастық, шарасыздық емес, тап-таза үн мен мөддірлік жатыр. Мұның бәріне тереңнен ескен нәзіктік қосылғанда, әннің өзегі барған сайын айшықтала дараланып, әлгіндегі саф үннің ішінен әлде күрсініс, әлде сағыныш сазын ап-айқын естисің.

Манадан бергі әлди-әуен өкси күрсініп алып, құрдымға батып кетпей, керісінше, қажыр-қайратына мініп, жігер-әуенге жалғасады. Мұңы мен өкініші бірден атойламай, арагідік қылаң етіп жүрегінді сыздатып барып, жігер-әуенге айналған ән аясы әбден кеңейе түседі. Көңілге қаяу түсіре жаздаған сағыныш енді көкірегіңе дем беріп, манадан бергі мұң қатай түсіп, қатайған сайын зұлымдық пен жауыздықтың

тамырына балта шауып, жігер-әуен мүлдем асқақтай жөнеледі:

Әлия — ару қызы сен халқымның,  
Әлия — батыр қызы сен халқымның,  
Ерке құсы сен даламның!  
Саған белгі орнаттық мәрмәр тастан,  
Саған күнде қызыққан мөлдір аспан,  
Саған күнде жазылған көркем дастан,  
Саған күнде құшағын көктем ашқан.

Әннің шарықтау шегі де осы тұс. Әлди-әуеннің бастапқы тынысындағы мұң, өкініш, сағыныш ұлы мақтанышқа, ұлы шаттыққа айналады. Елдің еріне, ердің еріне сын болған қан майданда бүкіл Шығыстан дара шыққан қос шынарың үшін, халқың, ұлтың, жерің, соның бәрінің басын түйіп айтқанда — Отан деген асқақ ұғым үшін көкірегіңді кернеп әкелер сезімнің де селдей таситын жері осы. Қалай болса, солай буырқанып емес, әрбір буыны сарайыңды селт еткізіп, көкейіңдегіге дәп тиіп, шел қаптай бастаған көзіңді ашады. Шырқау шыңнан шығандаған жігер-әуенді бұ сәтте бейтарап жағдайда тыңдау мүмкін емес. Әннің негізгі желісі, әсіресе, осы тұста өршелене өрбіп, сені де өрлікке, ерлікке жетелеп әкетеді. Басыңнан кешпеген жұмбақ халге еніп, керемет сезімге бөленгеніңді еріксіз мойындайсың. Сол сезімнің дәл нені аңғартатынын айтып бере алмағаныңмен дәл қазір өзіңнің жақсылыққа, ізгілікке, мейірімділікке еліккеніңді, дәл қазір өзіңнің адал жолыңнан таймайтыныңды, құдіретің жеткенше әділдік пен адалдықтың ғана құлы боп өтетініңді, ең бастысы — өзіңнің үлкен ерлікке дайын екеніңді түйсіндің, сезіндің. Түйсіне тұрып, бойыңдағы бұрын-соңды мән бермеген, әлде байқамаған қасиеттерді көрдің. Сен мынау әнді тыңдай отырып, таңғажайып әлемге тап болдың, өзің үшін мәні зор жаңалық аштың. Өмірге деген құштарлықтан жүрегің кеудеңе сыймай бұлқынып, тірлік-



тынысың жарық дүниеге деген іңкәрлік боп жүре берді.

Әлден уақытта ән буыны кілт үзіліп, манағы алғашқы сурет қайтадан алдыға келді: көлдің беті тағы да шайқалып-шайқалып кетті. Айналада жел тұрды. Күн күркіреп, жалт-жұлт нажағай ойнады. Түнеріп алған аспан ортасынан қақ бөлінгендей әлдене шарт етіп, жай түсті ме, демін ішіне бүге қалған жердің беті тып-типыл болды.

Соның бәрінен соң «Әлия...» деген асқақ үн тау-тасты жаңғыртып әкетіп, барша тіршіліктің еркін тұтқындап алды. «Ә-ә-ә-л-л-л-и-и-я-я...» әні бүкіл дүниені дірілдетіп, аспан аясында қалықтап тұрып алды. «Әлия» жер-жаһанға елдік пен ерліктің жыры болып жайылып, нәзіктік пен қаһармандықты, сұлулық пен сұстылықты бойына қатар сіңіріп дарытқан қазақ қызының тәкаппар тұлғасы боп шарлап кетті әлемді. «Ә-ә-л-л-и-и-я-я...» ешкімді, ешкімді де бейжай қалдыра алмады.

«Әлия» өзінің нағыз орындаушысын дер кезінде тапқан ән. Бұрын да бірнеше рет айтылып жүрген бұл ән (музыкасын жазған Кеңес Дүйсекеев, өлеңін жазған Бәкір Тәжібаев) өзіне тән бояуымен, ерекшелігімен тек қана Роза Рымбаеваның дауыс тынысында тыңдаушы жүрегіне жол тапты. Роза «Әлия» әнінен өз табиғатын танып, яғни, өзін тауып алды десек те жарасымды. Бір тыңдағаныңда, түсінікті ырғақты оркестрге түсіріп, әнші талантына лайықтағанда, көл-көсір еңбек сіңірілгенін ең алдымен мойындаған жөн. Әннің де, әншінің де тұсауы кесіліп, бағы жануы оркестрге сәтті түскен ырғақтардан басталады. Оркестр мен әншінің бір-бірін толықтыра сүйемелдеуінің арқасында бұл ән халықтың шын ілтипатына ие болды. Ел мен жерді сүюге баулып, патриоттық рухта жазылған баллада-ән «Әлияны» қай-қайсымыз да толқып тұрып, сүйсіне тыңдайтынымыз рас. Өйткені,

халқың туғызған ерліктен, Әлиядай аяулы арудың қайта айналып келмес таңғажайып өмірінен өрілген осынау шығарманы басқаша қабылдауың мүмкін де емес.

## II

Көркемөнердің ішінде дербес мағынаға XVIII ғасырдың аяғында ие болған балеттің қазіргі кезеңдегі даму бағыты аса күрделі. Өзінің тәй-тәй басқан сонау алғашқы қадамынан санаған уақыт аралығында балеттің классикалық мектебі қалыптасып, орыс сахнасында оның небір інжу-маржан үлгілері дүниеге келді.

Балеттің бүгінгі әлемдік деңгейдегі көкжиегіне назар тіксек, ең алдымен оған интернационалдық рух тән екенін ерекше аңғарар едік. Заманымызға, қоғамымызға, халқымызға тән, соның бәрі жалғасып, бүкіл адамзат баласына тән интернационалдық рухты құрайтын ғажап күшті айтамыз.

Осындай терең сипатты мазмұнына, бағытына негіз еткен XX ғасырдың балеті құлашын кеңге сермеп, түрлі-түрлі іздену әдістері арқылы өз мүмкіндігінің аясын кеңейте түсуде. Ізденудің, жаңарудың жаңғырықтары біздің ұлттық балетімізде де түрлі ыңғайда көрініс беріп жүр. Әсіресе, соңғы жылдары бұл салада біраз табысымыз бар.

Әлия тақырыбы мәнін ешқашан жоймайтын, өнердегі еншісін енді-енді иемдене бастаған тақырып. Жеке дара аты халықтық ұғымға айналған Әлия ән — жыр боп, мүсін — ой боп ортамызға оралып жатса, қалай қуанбассың. Яғни композитор Мансұр Сағатовтың талайымызды «шөддетіп» жүрген тақырыпқа баруы көптеген олқылығымыздың орнын толтырып отыр. Трагедиялық бояуы қою, әлеуметтік сипаты айқын сезіліп тұратын музыканың өн бойынан ескен тұтас-

тай шымырлық, идеялық негізгі өзегі шығарманың жүгін салмақтандыра түскен.

Балеттің үн-демі, қан тамырының соғуы ең алдымен музыкаға байланысты. Басқа да «бағыныштылығы» шаш етектен. Өзіміз өмір сүріп отырған дәуірдің толық қанды тынысымен түсіндірсек, балет — ой, үн, мүсін, сезім, ақыл, таным. Осы айтылғандар бірімен-бірі шебер өрнектелгенде, асқан талғампаздықпен үйлесім тапқанда ғана нағыз балетпен қауышуымыз мүмкін.

«Әлия» спектаклін өнер мамандары да, жұртшылық қауым да жылы қабылдады. Москвада өткен Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының гастрольдік сапары кезінде бұл шығарма жайлы жақсы пікір айтылып, композиторға арнайы жүлде берілді. Одақтық өнер сыншыларының жоғары талабынан шыққан «Әлия» спектаклінің сахнадағы сәтті қадамы біздің барлығымызға ортақ қуаныш.

Ерлік ешқашан да айғайлап жасалынбайды. Табиғаттың төліндей оның жарқ етіп шығуына әр қилы кезеңде түрлі-түрлі жағдайлар әсер етеді. Ел басына күн туған сын сағатта — қазақ қызының қаһармандық тұлғасы дараланып, ардагер азаматтар қатарында ұрандап, алда жүруі тіпті де кездейсоқтық емес.

Бұдан бірақ қазақ қызы батырлықты, өжеттікті мақсат тұтқан деген ұғым тумаса керек. Әйел табиғаты ерлікті өз өмірінің мақсаты етуге құштар болмағанымен, заманның алдына қойған қандай да тілегін түсінген, заманның көлденең тартқан қандай да қиындығын мойымай көтерген, тағдырдың қандай да жазмышына қайсарлықпен көне тұра мұның өзін қайсарлықпен еркіне көндіре де білген.

Нәзіктікпен түсінген, нәзіктікпен көнген, нәзіктікпен көндірген.

Бұны қайталап айтып отырған себебіміз — өн бойы-

нан лиризм ескен спектакль ерлік туралы нәзіктікпен жырлайды. Балетмейстер Жанат Байдаралин үшін Әлияның шыққан ортасы, ерлікті туғызған халықтың бейнесі аса маңызды.

Қай кезде де бұқара бейбіт тірлікті аңсаған. Адам баласына тән жақсылық, олардың сезімдерінің мөлдірлігі, қарым-қатынастарының шынайылығы, бір-біріне адалдығы, сенімі — бәрі елдің бірлігін, тұлғасын, тұтастығын құраған. Ендеше, «Әлия» балетінің логикалық желісін сақтап тұрған — елге, жерге, Отанға деген махаббат хореографиялық шешімін сәтті тапқан.

Бірден шарықтау шегінен басталып, ой-қиялыңды лезде жаулап алады да, өмірдің қайта айналып оралмас қымбаттылығы, өң мен түстің аралығындай қысқалығы, қызығы мен қуанышы көз алдыңнан тізіле өтіп жатады, өтіп жатады. Өлім мен өмір арасындағы жанталас құрсауында ғана тіршіліктің балдай тәттілігін тамсанып — сезінгендей боласың. Бәлки, «тамсандырады, сезіндіреді» десек, тіпті дұрыс шығар.

Әлияға тиген оқ аппақ адалдыққа, нәзіктікке, сұлулыққа атылған оқ, өмірге деген сүйіспеншілікке, адам деген ұлы аттың гуманистік болмысына атылған оқ.

Айың біреу, күнің біреу, аспаның біреу болғаннан кейін, жарық дүниенің астында ниеті ақ пәктер де, пейілі қара зұлымдар да жалпақ ғаламның тегін ауасын бірдей жұтқанымен, бір деңгейде қатар жүрулері неғайбыл. Әлия қалың елдің төл-перзенті, бас бостандығын биік қоятын, аспаныңда туысқандық пен әділеттік туы желбіреген елдің перзенті.

Әлияға тиген оқ ақ ниетті адам баласының асқақ арманын тұншықтыруды көздеп атылған оқ. Адам баласының ар-намысын таптап-жаншуды мақсат тұтып, атылған оқ.

Не боп кетті дүние? Керек пе еді осының бәрі: қан жосыған дала, қанаты қайырылып қып-қызыл

өртке құлаған құстар, от боп жанып, күлге айналған орман...

Кеше, күні кеше ғана басқаша еді. Танауын жусанның ашқылтым иісі жарғандай, құлағына үзік-үзік күй сазы талып жеткендей. Қайран өмір, алыстап барып жақындай, жақындай беріп алыстап, жанардан бал-бұл ұшқаны ма.

Неге? Не үшін?

Бәрі де басқаша еді-ау. Жүздерінен бақыт нұры тамған адамдар, бір-біріне сүйенген адамдар, қас-қабақтарынан ұғынысқан адамдар.

Мейлі қарт, мейлі жас бол, адам үшін өмірдің қызығы таусылған ба?! Мынау ашық әлем аясында қызықтай алсаң, бәрі қуаныш: ынтығу, сүю, сыйлау, қадірлеу, күту, сағыну. Қызықтай алсаң ғана!

Әлияның туып өскен ортасы, алтын бесік елі тіршілік-қадірін түсінген, өмірге деген құштарлық олардың табиғатына ежелден тән.

Сондықтан да, эне, бейқұт тірліктің мамыражай самалы өскен кең далада қол ұстасып, қоғамдасқан ел.

Беу, шіркін десеңіз-ші, Әлия елінің әні де, сәні де бөлек екен-ау?! Әлияның елі күмбірлеген күйдің, түйдектеле төгілген жырдың елі. Әлияның елі тұяқтарынан от шашыраған асау тұлпарлардың, ат құлағында ойнаған нар жігіттердің, әжімдерінен даналық ескен баба қариялардың, тал бойлары мөлдірлікке тұнған арулардың елі. Әлияның елі жүздері бал-бұл жанған сәбилердің — бақытты балалықтың елі.

Осының бәрі ақиқат. Ендеше ақиқаттың күлін көкке ұшырамын деу неткен әумесерлік, қанішерлік боп, қасірет боп ұласқан әумесерлік.

Қоғамдасқан, қауымдасқан байтақ елдің әнін, сәнін бұзып, асауын бұғаулап, данасын қорлап, мөлдірін лайлау қанішерлерге кәсіп болса, халқы мен жерінің намысы үшін жанын пида етер ерлер үшін жауыздық атаулыға тойтарыс беріп, оның тамырына балта ша-

бу — ұлы мақсат. Әлия сол ұлы мақсат жолына тағдырын тігіп, ата-ана, іні-аға, бауырларының алдындағы, бәрінің өзегін түйіп айтқанда — Отан алдындағы борышын жоғары қойған қаһарман қыздардың өкілі.

Еркелік пен мөлдірлікті бойына қатар дарытып өскен Әлия. Асқақтық пен нәзіктікті, батырлық пен сұлулықты кішкентайынан сана-сезіміне сіңіріп өскен Әлия. Жауыздыққа деген өшпенділіктен кеудесін кек кернеген Әлия.

Бұл арада — композитор Мансұр Сағатов, балетмейстер Жанат Байдаралин, балериналар Зарема Қастеева, Майра Қадырова және халқымызға жақсы танымал бишілер Рамазан Бапов, Бауыржан Ешмұхамедовтардың түсінігіндегі Әлия. Қазақ Мемлекеттік академиялық опера және балет театры балет труппасының түсінігіндегі Әлия деу орынды.

Қазақ балеті үшін Әлия несімен қымбат десек, бірден арзанға ұрынар едік. Алайда, көкейімізде көп жайт сайрап тұрғанымен, Әлия табиғатын соншалықты жақыннан сезінгенімізбен, титтей жеңілдік тумайды. Жақыннан сезініп, түйсінген боп арқаны кеңге салғаныңмен, сол түйсіндім дегеннің ширегіне де жетпей жығылуың, «белгілі ғой демі» деп мұрныңды шүйіргеніңмен, исініп те үлгермей улануың оп-оңай.

Бір ретте Әлия боп ойлаудың — ойнаудың азапқа салатын себебінің аз көрінуі де осыдан. Дыбыстардың небір ашық, қатаң үндестігіне, қоңыр әуенге өзек болған Әлия әлемін қимыл-нақышпен ұғындыру үшін сыртқы әшекей-әсерден гөрі ішкі рухани қайсарлықтың ықпалы басымырақ болуы шарт. Балерина Зарема Қастеева осы шартты айқын түсінгендіктен артық қимылдан бойын аулақ ұстайды. Әрбір қозғалыс ырғағына мазмұн беруге бейім. Кейіпкерінің жан дүниесіндегі өзгерістерді айшықты көрсетіп, музыканың әр буынын түсініп — қабылдайтыны байқалады.

Оның ойынша, ерлік кездейсоқ тумайды. Адамның

мінезге бай өміріне адалдықты, әділеттілікті серік еткен, шындықты бәрінен жоғары ұстайтын қасиеттерінен ғана аяғы аңызға айналар оқыс оқиғалар пайда болады.

Ерлік — мейлі еңбектегі, мейлі соғыстағы, мейлі творчестводағы — ең алдымен, үлкен адамгершіліктің нәтижесі.

Қастеева Әлияны лиризммен билейді. Соншалықты қорғансыз боп елестер әйел жанының әлсіздігі арқылы әйелдің нәзіктігін, әсемдікті алғашқы боп ұғынар сезімталдығын, жауыздықтың қандай түрін де елден ерек түйсінер қасіретін би табиғатына дарыта білген.

— Қай жағынан алсақ та, — дейді Зарема Қастеева, — Әлия бейнесі мен үшін өте қымбат. Әлияға бару үшін жүрек керек, техникалық шеберлікпен шектеліп қалу мүмкін емес. Халықтың санасында аңыз боп жатталған образға бойлай алдым ба, алмадым ба, мұны көрермендердің еншісіне қалдырдым. Бірақ Әлия өзіме өте жақын. Оның бойында қазақ совет қызына тән жақсы қасиеттің бәрі жинақталған. Оның қып-қысқа ғұмыры жұлдыздай ағып түскенімен, айналасына мәңгі жарқырап тұратын сәуле шашып кетті. Менің қабылдауымда, Әлия ең алдымен кәдімгі қазақ қызы: ғашық болған, әнді сүйген, туған жеріне сүйсінген, өзі де сүйікті бола алған, шалқар даласының қадірін түсінген... Сондықтан да ол таңдай қақтырарлық ерлікке барған.

Балеринаның Әлия ерлігінің заңдылығын өмірге құштарлықтан іздеуі спектакльдің негізгі желісін күшейтіп тұр. Адам баласының бақытқа талпынысы, қуанышқа, шаттыққа бөленгісі келетіні, өмірдің қайталанбас қымбаттылығын сезініп, оны мәнді де мағыналы өткізуге тырысуы әбден заңды.

Сондықтан адамзат үшін бейбітшіліктің құдіретін паш ету өнердің ең биік, ең абыройлы мүддесі.

«Әлия» — сол биік талаптардан шыға алған, тынысы

кең балет. Қандай да сахнаның әрін кіргізер, ұлттық балетіміздің қорына қосылған лайықты туынды.

Әдетте музыкаға, балетке «сұранып тұрған» тақырып көп дейміз. Мәселе бір-ақ тақырыпта емес қой. Өйткені өмірдің өзі, жалпы тіршіліктің ірілі-ұсақты құбылыстарының қай-қайсысы да өнерге өзек болуға лайықты. Дегенмен, Әлия сынды образға өмір берер — ерлік тақырыбы өнердің шынайы жанашырларының таланты мен талғамына сын.

Бұл арада композитор Мансұр Сағатовтың талғампаздығын айтып отырмыз. Манағы айтып өткен тақырыпқа бару бір басқа да, оны орындау мүлдем бөлек дүние ғой. Әйтпесе, таңғажайып тақырыпты желеу етіп, соның көлеңкесінде сыдыртып өте шығу өнеріміздің қай саласында да жетерлік. Ал, Әлия тақырыбына қиянат жасау — өткен мен келешек алыдында кешірілмес күнә.

Еңдеше, тұтас алғанда, балеттің табысына, оның негізгі демін ұстап тұрған композитор екенін қайталай кетсек дейміз. Музыка — балеттің бүлк-бүлк соққан жүрегі, балетмейстердің қиялын шарықтатып, небір жасырын жатқан жасын ойлардың жарыққа шығуына ықпалын тигізетін басты күш.

Балетмейстер Байдаралин композитормен ортақ тіл тапқан. Алайда, мәселенің өзі ортақ тілді қалай тапқанында ғой, кейде тіпті ортақ тіл табудың қажетсіздігі және кездеседі.

Байдаралин — ойлау тәсілі өзгеше, талмай ізденетін балетмейстер. Жаны жаңалыққа құштар. Шығарма арқылы соны шешімдер қабылдайтын еңбекқор жан. Қиялға бай, кейде режиссер-балетмейстер, кейде драматург-балетмейстер, кейде мүсінші-балетмейстер ретінде оның қолтаңбасының ерекшелігі бірден көзге жылы ұшырайды.

Уақыттың тынысын, ырғағын ол барынша сергек,



барынша терең сезінеді. Қол жеткен табысқа мәз болмай, үнемі ізденіп жүруі қуантады.

Соңғы жылдардың шеңберінде алсақ, Жанат Байдаралин республикамыздағы болашағынан үлкен үміт күттіретін санаулы балетмейстерлердің бірі. «Әлияда» оның творчестволық мүмкіндігінің мол, жан-жақты екені айқын дәлелденді.

Балеттің жүрегі — музыка десек, оның бүкіл мазмұнын тереңдетіп, өрнектеп беретін балетмейстер. Жиырмасыншы ғасыр балеттің даму жолына бүтіндей өзгеріс енгізді. Өзінің алғаш дамыған кезеңінде балеттің мақсаты мүлдем саяз болатын. Бірте-бірте ойды, қиял-арманды қимылмен білдірудің таңғажайып сырлары ашылып, мұның өзі адам табиғатының сұлулыққа ғана ұмтылысының емес, биіктікке — ғарышқа деген о бастағы талпынысын айғақтап бергендей. Тарата түсіндірсек: жан мен тәннің толып жатқан қырсық-қыңырлығын, еркелігін ойға, ақылға бағындырып, қиялға қанат байлап, кеңістік әлемін кезіп-ұшудың, әуеде қалықтаудың балетте байқалған алғашқы ниеті, емеуріні, яғни элементтері.

Балеттің арғы-бергі тегін, сипатын терең түсінетін Байдаралинге оның бүгінгі ерекшеліктері, бағыты да жақсы таныс. Бишілер тобының мүмкіндігін жан-жақты пайдаланып, басты партияларда ойнайтын артистермен де көл-көсір жұмыс жасаған. Әрқайсысының жеке мүмкіндіктерін бағдарлай зерттеп, спектакльдің шешімін сәтті тапқан.

Әлияға тиген оқтың ақ ниетті адамзат рухына атылған оқ екенін мана да айтқанбыз.

Бірақ ату бар да, құлату бар ғой.

Адамзаттың кайсар рухын тұншықтыру мүмкін бе!

Шындықтың жолында шыбын жанын шүберекке түйіп қойып, күреске шыққан адам баласының жолы қашан да ақ. Жан беріп, жан алысқан қиямет сәтте ақ жол талай-талай қанға бөгер.

Сол ақ жолдың бойымен ізгілік іздеген адам баласы талай сүрініп, талай жығылар. Бірақ...

Әлия құлаған жоқ, атылған оқтан аспан айналып жерге түскен жоқ.

Оқ Әлияға емес, Әлияның өзі қатігездік пен зұлымдық атаулыға оқ боп атылды. Әділетсіздікке қарсы, әлемді уысына сыйдырғысы келер өктемдікке қарсы, соғысқа қарсы.

Құламаған қалпы мәңгілік құшағына асқақтай сіңіп бара жатты.

Құламаған қалпы өмірді сүйген, бірін-бірі сүйген, бір-біріне сүйенген адамдардың — көрермендердің, біздің арамызға келе жатты.

### «АҚБАЙ»

...Баяу басталған саз ең алдымен тұла бойыңды қайғы боп тұтқындайды. Дарқан даланың жүрегі жараланып, содан ес жия алмай, бірте-бірте жер дүниені мұңмен меңдете, айналаң қараңғыланып, жол таппай адасқандайсың. Көз ұшынан жылт еткен сәулеге жетіп жығылайын деп жүгіресің, бірақ ол алыстай береді, алыстай береді.

Енді бір сәтте тіршілік өзінің барша қасиетімен түн қараңғылығына көміліп, сені де қаралы құшағына алып жығады. Пәни жалғанның қызығы, думаны көзден бал-бұл ұшып, сиқырлы бір ой ұшқыны от шаша ғайып болады да бүкіл сахара ыңыранып, сол әлемтапырақтан мүлдем жоғалғың келе, онсыз да түк көрмей жатқан көзіңді тарс жұмып, һәм таңырқай, һәм қорқа, жер жастана құлап бара жатқандайсың. Тіпті, соның өзінде өн бойыңды тәтті үміттің сағымы буып, көңілің алысты мегзей аптығасың. Бірақ иығыңнан жаныша, сарайыңа меңіреу жұмбақ боп құйылып жатқан ай-һай жүрегіңді қобалжыта береді.

Тереңнен бойлаған беу-беудің тынысынан ненің де болсын топанын шығаратын алапат сезіліп, лебімен өн бойыңды шарпып өтеді. Дүниедегі ауырлық атаулының салмағы өзіне ғана түсіп, жер астының азабы мен тозағы қосылған қорлығына шыдамай, жалқы басын қайда тығарға білмей қарманған пендесымақтар қыбыры; жалпақ дала соншалықты зорлық-зомбылықтан қақ айырыла астаны шығып, өзегі үзіле жаздаған минутта, иә дәл осы сәтте кең дүниенің бір тасасынан киелі әулием сыбыр еткендей болды. Не сыбырлады, о жағы беймәлім, тек жаңа ғана талқаны шыға жаздаған тәркі тірлік мүлдем тоқтап қалғандай. Жо-жоқ, демі әлі таусылған жоқ екен, далиған жайсаңның тамырлары бүлк-бүлк соғып жатыр... Мынау қазақтың, қазақтың даласы ғой жараланып жатқан. Жер-анам-ау, бұ не босыған мұқым жұрт, кім қайда, кімнен қашып барады... Дүниенің шыр айналғаны қалай!?

Аспан жермен тұтаса айнала тас қараңғы боп, титтей болса да қылаңдаған манағы сәуле енді мүлдем сөнген. Кіндік қаны тамған өз топырағынан титымдай орын таппай, кең дүниенің бір шетінен бір шетіне жетуге асыққан, әйтеуір қай бұрышына барса да, бір-бірімен жұлысып қалған анау шіркіндерге не болған? Барша атырапты зәрлі уысымен орап алған әділетсіздік аясына адамдардың өздері өз еріктерімен құлап жатыр. Мұнда көкірегіңді тескен қайғы да, көмейді тіреген өксік те, көз жасы мен адамның қаны, бәр-бәрі миыға баттасқан...

Күй сазындағы қайғы бірте-бірте қоюлана түседі. Енді болмаса, жер мен көкті тіреп тұрған сиқырлы шаңырақ құлап түсіп, табиғат адамдардың жауыздығы астында таптала тұншыққандай. Мұндайда атойлап шабатын ер де қалмаса керек, әлде жер бетін ездер ғана жайлап қалған ба? Әлде мұның өзі біз ойлағандай адамдардың жасықтығы емес, ел езінің ерге қылған

қиянаты ма, әйтеуір адамзат баласының ащы зары бәсең бебеулейді.

Кенеттен манадан бері әрең-әрең сыңсыған шер сап тыйылып, жойқын дүбір төпеп кетеді. Бұғауланған аяқ-қол шешіліп, тежеліп келген ер намысы тау-тасты жаңғырта шарықтап кеп арындайды. Бір екпіні бір екпініне көміліп, шыңға шығандаған дүлей дауыл қорқыныш емес, тың дабылдың өзгеше тынысын алыстан жеткізеді. Қияндаған сайын көңілде түнек болып мекендеген меңіреулікті сыртқа лықсытып, құлазыған жапан түздің төріне қуаныш сәулесімен шашу шашқандай.

Алыстан ызың естіледі, көз ұшынан болар-болмас от жылтырайды, сол ызыңның шулап келіп, сол оттың жалындап келіп қалың ұйқыда сеспей қатқан кер далаға өрт болып тиерін жеткізген, селт етуге мұршасы жоқ, тұншығып жатқан қалың бұқараны аттандырып әкететіндей құдіреті бар кең ауқымды дүбір. Айқайдан қара күштің қарабайыр әлін емес, намыс буған жүректің ащы кегі мен ашулы айбатын аңғарасың ба? Шіріген дүние мен күйбің тірліктің құлы болған анау Ақбайлардың, жалпы жер бетінде басқаның көз жасымен сусындап, басқаның қанымен демдеуге бойкүйезденген дүңгенелер бейнесі кек пен қайсарлық қосылған ер келбетінің көлеңкесінде тасалана береді.

Шарықтап-шарықтап құлдилап құлдыраған әуезден қайнар бұлақтай тасыған күштің әлі де ширай түсетіні, дәл қазір мұнда пайымды бойлаудан гөрі тәкаппар өрлік басымдығы байқалады. Ерегіскен жауын құзар биіктен лақтыра қағып алып, жанын шығара-шығармай қиналта, өзінде де ұятсыз күш, керек десең, өмірдегі әділетсіз атаулының быт-шыт қылатын қайсарлық бар екенін еміс-еміс шертіп өтеді. Сұрқай тірліктің бір қалыптылығының мүмкінсіздігі, бір-бірін тықсырып жатқан адамдар қылығының ширексіздігі,

түптің түбінде, осының бәрін мына тасырлап кеп қалған кездейсоқ құйын мүлдем жойып жіберетіні сезіле ме, қалай?

Бірте-бірте балаң сезім қатал байсалдылыққа, шегіне сыймай төгілген жастық жайсаңы салқын жігерге ауысқандай күй сазы да қатайып кете барады. Сол қатайғаннан екпіні алысқа естіліп, әбден нығайып алады. Зілді ашумен тас түнектің пәре-пәресін шығарып, долы күшімен жер бетіне жай болып түсетіндей.

Айнала жап-жарық, төңірек мөлдірлікте тұнып қалыпты. Бірақ енді бір сәтте тау-тасты тілген жаңғырық бүкіл сахараны дүрліктіреді де, манағы қараңғылық көлеңкесінде шерменде боп көрінген адамдардың сыңсыған мұңы ғайып болып, суық ызғардың салқын лебі кіресілі-шығасылы есінді жиғызады.

...Дауыл ғой мынау. Көз жеткен кеңістіктің бұрыш-бұрышы сұрықсыз түске еніп, атырау-атыраудың бәрі алай-түлей болды да кетті. Былайда қасқая биіктеп тұрған энеубір кәрі емендердің тамырынан шіріп сұлағанын, еліріп келген мас көңілдердің таса-тасаға тығыла жер құшып құлағанын, бір-біріне қол ұшын созуға шама жоқ, тым-тырақай боп қыбырлап қалған жер үстінің пақырларын-ай?! Жаңа ғана біреуін-біреуі қуып берген босқындардың бәріне енді табиғаттың соқыр алапатының қатері төніп, олардың мұңын да, күдігін де біріктіре топтастырып, еріксіз құлыптағандай. Табиғат бұғауының да құдіреті болады екен, сол еріксіздіктен ғана бұлардың бәрі бір-бірінен ерікті боп отыр ғой, әйтеуір бірінің қиянатынан екіншісі басын арашалап қалатынына енді сенетіндей. Ешкім ешкімге мүләйімсімейді, ешкімді ешкім жәбірлемейді, өйткені дауыл күштілердің кеудесінен аймалайды, ал қалғандарының бәр-бәрін тәубесіне келтіріп, жердүниені түлетіп алады.

Әлдекімдердің ақтық демін әупірайына келтіре қа-

тая, әлдекімдердің жанын қинай баяу, енді біреуге қанат байлап, өн бойын шымырлата, ерен күш боп құйылып кеп жатқан ереуіл ұзаққа созылады. Күйдің шарықтау шыңы — дауыл. Шығарманың орта кезеңінде түйдек-түйдек боп арындап жөнелген дауыл бірде-бірде баяулап барып, бірде сусылдап, бірде мамырлап кеп, қайтадан еселей соғып отырады. Ардың асқақтығы мен адам тұлғасының тереңдігі оның бойына біткен қайсарлықтың нендей сұрапылға да қарсы тұратын құдіреттілігі, керегінде жан садағасы болатын намыс өрті — міне, осылар күй дауылының негізгі желісі.

Қадалған нүктесіне шаншылып-шаншылып кеп түйрелген қаһарлы ызғар бар болмысыңды мұздатып барып кілт тыйылады да, бастапқы қара қайғымен қайтадан астасып кетеді. Кеңістік пердесін тағы да бұлт торлап, мөп-мөлдір, бірақ ащы тамшылар топыраққа тырс-тырс тамып, қою шаңның иісін жоғарыға атқыза көміліп жатыр. Әттеген-ай, сүреңсіз сурет бәз-баяғы қалпымен қайта айналып соққаны несі екен, әлде мұншалықты қияметті өз бойына сіңіріп жатқан жиһан даланың тажалдығын, әлде сол тажал даладағы тағылар қылығын айдай әлемнің сотына бергісі бар ма, әйтеуір дір-дір еткен қос ішектің айтпағы көп, айта алмағаны одан да көп. Айтылмағанын тек қана лық-лық еткен өксіктен сезіп қаламыз. Мұңлы қайырмасы қайталанып-қайталанып барып, сор заманның зарлы тынысы тұншыға баяулана береді. Алыста дауылдан кейін апай-топай болған қазақтың кең сахарасы етек-жеңін жия алмай бұлдырап қалып барады. Тағы да дауылды аңсап, тағы да бір серпілісті күтіп жатқандай. Сағымдана манаураған дала енді көз ұшынан алыстай-алыстай қара ноқатқа айналып, манадан бері тұла бойыңды ауыр қайғысымен кісендеп келген шерлі әуез де ыңырсып барып үзіліп түседі...

Құрманғазы шығармаларын тереңіне бойлата бермейтін асау дариядай десек, «Ақбай» күйі сол тұңғықтың түбінен соққан бір толқыны ғана.

### «ҚҰЛАГЕР»

Жердің беті астан-кестен. Әлгінде ғана тыныштықты дүр сілкіндіріп, елді дүрліктірген, жақсылық пен жамандықтың шекіскен шағында барша атырапқа зұлымдықтың ұрығын себе салған оқиғадан соң есін жия алмай есеңгіреп жатыр... «Жаратқан иесі-ау, кебеп боп дүниеге келген мына тірі пенделеріңе не жетпейді. Далиған дала да, түпсіз аққан су да, көл-көсір көк аспан да тақымдарына тар келетіні несі, тіпті өзінен басқаның бәрі тұншығып өлсін дегендей, ауаға да қырқысады. Сірә, адам баласының бітіміне жауыздық о бастан тән болғаны-ау, мынау шалқыған табиғат аясында бұлардан асқан жыртқыш, әй, қайдам, бар ма, жоқ па. Бірін-бірі түтіп жеуге дайын тұрған екі аяқтылардан асар айла да қалмаса керек. Ғаламның тұтқасын иемденген адамзаттың ақыл-ойы, парасатының қарапайым ғана мүдде төңірегінде тоқырап, сүттей іріп шыға келетіні, шынында да, түсініксіз. Күндестік пен қызғаныш мысықтай балаласа, арғы жағын сұрама, адамның санасын сұмдық бір індет улады дей бер. Сондықтан да мыңның ішінен іздесең таппайтын, көптің көңіліне көсем боп, дара туған ақынның әні мен сәнін тонап әкеткен қарақшыларды қалай қарғасаң да рәуә. Ел мен жердің даңқын асырған жүйрігін құлатса, сол ел-жұртының сағы сынарын ұғынып-түйсінер сәт туар ма, шіркін! Опасыздықтан гүлпар жығылды, ақын арманы күйреді. Сүріндіргені қайсы,

сүрінгені кім? Содан қайсының бағы тасып, қайсының соры қалыңдады? Бұрын-соңды ақынның әні мен сәніне мұншалықты оспадарлықпен жармаспайтын сияқты еді. Ақылдан азып туғандар жайлаған заманай, тізгінді уысынан шығармастай етіп ұстаған боз өкпе, өресіздерден әлі көрерсің көрешегінді, талай құлатып, талай еңбектетер. Қызғаныш шарасыздықтан туады, оны өршітетін дарынсыздық. Маңдайына бұйырмаған қасиетті «құдайдың» өзінен тартып аларлықтай боп жүрер, Батыраш-Қотыраштардың құрығы қай заманда да ұзын. Иә, иә, әркім өз әлінше күшеніп, күйбің кешеді дейсің ғой. Күш-қуаты жеткенше ғаламның төрт үшкіліне де тиек болғысы кеп аласұрады, бойында титтей қауқар қалмаса да, өзінен қуаты асып бара жатқанды шалып қалуға жанталасады. Бірінен-бірі қызғанып, бір-бірінен асып-тасуға тырмыстырып қойған бұл не сиқыр десеңізші!..»

Дала ыңыранып жатыр. Аспанда қою бұлттар жөңкіп барады. Жаңағы сойқанның аяғын құша дауыл тұрды. Жолындағының бәрін сыпыра тып-типыл ғып, топырақты көкке шашып, шаңын аспанға бір-ақ атты. Үйіріліп кеп соққан сайын дүниені шайқалтып, алдыартына алаңдатпастан ұзынынан да, көлденеңінен де шапши жөнелді. Жер-ананың тітіркенген кескінін шартарапқа айғақтап әкеткен дауыл ұзаққа созылды. Оның соңынан күңіренген күй мен Құлагердің өлі денесін құшқан Ақан қалды. Ел аузында Құлагер жайлы аңыз боп ақынның зары, шіріген ағаштардың дауылдан кейінгі жағдайындай хал кешкен көпшіліктің аһ ұрған өкініші қалды.

«...бөріб-ай-а-ай, керім-ай-ай...»

Аңыраған әуен қан тамырыңды бірден бойлай жөнеледі. Бар болмысың күңіренген сазбен үндесіп үлгергенінше, аяғы өксікке ұласып, жуырманда солығы басылмайды. Іште қайнаған ыза сыртқа лықсып та



шықпай, түйнеліп те қалмай жанталас күйде бебеу-леп тұрып алады. «А-а-а-лаған» үннің шегіне жету мүмкін емес, бұның өзі ешқандай әуен заңдылығына сыймайтын, мүлдем бөлек зар.

Жоқтаудан әлдеқайда терең, әлеуметтік мәні мен лирикалық дірілі қайталанбас шеберлікпен қабысқан. Дәл осы арада шеберлік деген атаудың ыңғайсыз естілуі мүмкін, жүректен төгілген зардың айналасынан оны ешкім іздемейді. Бірақ қайғылы оқиганың, нақтылы бір жағдайдың мұншалықты бояуы қалың, философиялық мазмұны қою шығармаға айналуы ән өлкесінде аса сирек кездесер жайт.

Біржанның «Жанботасы», Естайдың «Қорланы» туралы әңгіме басқа. Жоғарыда айтылғандай, түбіне бойлатпайтын, шыңына жеткізбейтін «бөріб-ай, керім-айдың» соңғы буындары адамның даусынан мүмкіндігі шексіз таңғажайып күтетіні рас. Трагедиялық қиын қақтығыстың негізгі жүгін арқалаған осынау тұста әнші тарапынан нағыз актерлік шеберлік қажет. Жалпы, әлгіндегі тұста ғана емес, әннің басы, аяғы болсын, орындаушысынан күтер талабы өте көп.

Тұтастай алғанда, «Құлагер» аса күрделі, ән-драма ретінде өзіндік ерекшелігі бар, шоқтығы биік туынды. Бір естігенде қарапайым, түсінікті боп елестер қайырмананың атқарып тұрған маңызын бірден айыру да оңай емес. Шығарманың драмалық желісін күшейтіп әкетер әр шумақтың аяғындағы «бөрібай-ай, керім-ай-ай» сай-сүйекті сырқыратып, аспан мен жердің арасында қалықтайды да тұрады. Сол сәтте ән құдіреті санаңызға батылдықпен сыйып, жүрегіңіз әдеттегіден гөрі жиірек соғады. Даусыңды әлсіз діріл жарықшақтандырып, жан дүниенің толқуы, көкіректі керіп шыққан күрсініс лебі есіп тұрады. Со жүрек дірілінен мүлдем айығып кете алмайсыз, тіпті оған тырыспайсыз да. Жаныңды қинай, атойлап басталған әуезді жан ауруынан туған айқай дей көрмеңіз, тек айқаймен

де бастай алмайсыз. Мұнда жан ашуына қосылған сабырлы мұң, зымырап өтіп бара жатқан серілік дәуренге қимастық, жастықпен қоштасу жымдаса қабысқан. Осының бәрін құдіретті күшпен үндестіріп, соншалықты мөлдір дауыспен бастап кетесіз. Енді бір сәт жүректің бұлқынысына көкіректі тепкілеген ызалы кекті сыйғыза алмай, әлдеқандай дүлей күштің құшағында тыпыршып жатқандайсың. Ән астарындағы қайғылы өксік пен өзегіңді өртеген өкінішті бір арнаға түсіруге шамаң жетпей, «ай-ай-лаған» мұңлы шер әуеде қалықтайды.

Шырқауға шығандап, қия асып кетейін десе қанаты талғандай ма, әйтеуір қанша дәмеленсе де, қара тасты қақ тіліп, құлдилай жөнелейін десе де дәрмен жоқ, әрі-сәріленген әлетте әлсірей бебеулейді. Тұншыға жаздағанымен, сәл-пәлден соң әні де, сәні де бірегей қосыла шырқап, сонау құзар биікке шарықтап кетеді. Көгілдір толқын үстінде жалын тілімен қалықтағандай, тылсым ләззат құшағында тұншыққандай, әйтпесе заңғар таудың ұшар басында дірілдегендей. Әлгінде ғана шерлі зар алқымға тығылып, тұла бойды улаған пәледен қармана зымырай жөнep бергендей-ді. Енді қарсы соққан дауылдан тіпті де қаймықпай, көлденең деген кесапат атаулының үстінен биіктей шырқап барады. Ақын жанының тазалығы бәрінен-бәрінен жоғары, сондықтан да оны қуанышынан ажыратып, үміті мен сенімін күйретіп кеткен мына сұмдықтың себебін тарқатып жатар жағдайы және жоқ.

Тіршілік бесіннен ауып, алдындағысынан гөрі артқы жолы әлдеқайда ұзап қалған шағында опасыздық тағы шықты кес-кестеп, тағы да омақастыра жер құштырды. Қайраты жетер ме қайтып тұруға, әлде... Қажығаны да рас, адамдардың пасықтығы, арамдығы шаршатты, анау тобырдың арасынан жанына жақын қайдан табылсын. Беу жалған, көңіліңдегіні қасқабағыңнан танып, құрақ ұшар кім қалды, кім? Тау-

таспен өзен-көлмен, аспан, жермен, желмен сырласқандай, тірі пендемен бұдан былай қауыша алмайтыны өзіне ғана аян. Табиғатқа тән сиқырлы қасиеттер адам болмысына дари бермепті ғой, ең дала, шалқыған көлден, орманның шуылынан, құс қанатының суылынан алатын әсерін ештеңеге айырбастамайтыны да сондықтан да шығар. Қай кезде де тоқмейілісіп күн кешер, ас ішіп, аяқ босатар жұмыр басты пендеден ірілік күтудің мағынасыздығын сезгендей. Ұдайы араны ашылып, ындыны кебетін де жүретін сол тобырдан бөліне жарылғанда, оқшау қалғанда, өзінің кім болғаны?!

Ақын жүрегіндегі жаралы дерт ән қанатын самғатқан сайын әуе жайылып, бар дүние өзінің қым-қуыт қайшылығымен осынау әуеннің саясына тығылып кеп жайғасқандай. Мұның бәрі қандай ғана күштің әсерінен бір саздың ауқымына сыйысып жатыр десеңізші. Көңілге қайғы құштырып, құса ғып кеткен Құлагер өлімі ақын жанын кекпен меңдеп, жүрек түкпірін бұқпантайлаған талай шердің бұлақ басын ағыттырып, әмсе көкірегі оянып, есін жиғалы өмірінің өкінішке толы, аздаған қуаныштың өзі жанын қинай сергелдеңге түсіре келетіні, бірақ осының бәрі енді ғана санасын батылдықыпен бойлап, запыран боп сыртқа лықсыды. Ішінде қайнаған зар бетін жас боп жуа, тіршілік атаулы Құлагердің жансыз жанарындай солып, дүние кері айналып жүре берген сәтте сондай бір өкінішті өксік көмейінде тығылып қалғандай. Не әрі, не беріде жоқ, демі таусыла жаздағанда лық-лық атқан зар айналасын күңіrentіп әкетті. Сәл созыла түсіп, алдыңғы әзірдегі қайғыдан айбатты ашу боп тарамдана әбден қатайып барады. Жанды-жансыз атаулыны соңынан ілестіріп, ықтияры ауған жаққа қанат қаққан зар оқшаулана қалықтаған сайын төңіректі өзара жыласып-сықтасқан жоқтау билеп төстегендей. Сол жоқтау есіңнен тандыра селт еткізгенде, керең қалған

жалғанның керенау түбіне көміле жаздап, әлден уақытта қалтарыста қалады да, ақын жүрегі түн қойнауынан самғай лапылдап өзін де, өзгені де аптабына жандырып әкетеді.

Бір ысып, бір суыған ақын кеудесінің демі сені де шарпып, отты лепке шыдамай қысылғаныңда, жаның алқымыңа тығылғанда барып, анау кең дүниенің дарқан төсіне сыймай алысып-жұлысқандардың, күші жетсе қызғаныштан көк аспанды қара тасқа айналдырудан тайсалмайтын зұлым ниеттерінен қашып құтылудың еш амалы қалмағанын жүрек сыздатар өкінішпен ұғынасың.

Мыңның біріне бұйырар ақындық танымға табыну да өнер. Қанына дарымағанды қолымен «орнатқысы» келетін дүмшелер таң қала да, табына да алмайды. Қайран еліңнің бетіне шығар қаймағын осындайлар құраса, арғы жағын сұрама. Бірақ Ақанның тағдырына о бастан жазылған бақ пен өнерді мұқату мүмкін бе еді!

Мүмкін екен. Сүйгенінен бір, жүйрігінен екі айрылып, саналы ғұмырының қасіретпен өтіп келе жатқаны рас қой. Басынан айналсоқтап шықпай қойған қайғы-қасіреттен туған жырлары ғана медет жаралы жанына. Қатыгездік жайлаған тіршіліктің небір мөлдір тұстарын жиірек байқап, әніне өзек еткен композитордың жалпы творчествосына ұлпадай жұмсақ лиризм тән екенін ескерсек, «Құлагердің» әуендік сипаты әлдеқайда өзгеше.

Ақанның керемет сезімталдығы, сұлулықты қабылдауындағы өзіне ғана тән нәзіктігі мұнда зілмен біте қайнасып, терең мағынадағы қарсылықпен жалғасып жатыр. Соққы боп есеңгіреткенімен, шығарманың түп-тамырындағы күрес желісінен мұқалмас жігерді аңғарамыз. Алғашында күйректікке бастап әкетті-ау дегенінше, шып-шымыр, әр буынынан шерлі болғанымен қажырлы зіл төгіліп, ащы зарының өзінен

лиризмнің лебі жібектей есетін сәттері бар. Серінің өмірінде Құлагер қандай белес атқарса, өнер жолында үлкен кезеңін қорытындылаған керемет туынды болды. Тұлпар мен ақынның кертартпа қоғамдағы трагедиялық бейнесінің қазақтың арғы-бергі өнер тарихында мұншалықты әлеуметтік терең мазмұнын ашып бергені некен-саяқ еді.

«Құлагер» өзінің барша табиғаты: шерлі әуені, сабырлы мұңы, салқын айбаты, ызғарлы мазмұны, нәзік дірілімен адам көңілін қара ниеттен арашалап, өмірдегі жауыздық, жамандық атаулыға лағынет айтады. Бір ыңғайда ән болмысы ақын көңілін құлазытып кеткен сұмдық оқиғаның шеңберімен шектелгендей. Десек те, қанатынан қайрылып, болашаққа деген үмітін кесіп кеткендердің озбырлығына «неге, неге, не жаздым?!» деп шарасыз байбалам салмайды. Пасықтықтың, бақай есептің құрбандығына шалынған Құлагерін жоқтай отырып, жүрегін май, көзін қан, көкірегін шел басқан Батыраш-Қотыраштарды қиядан құлаған қырандай сығымдап, демдерін ақтық әупіріне келтіреді. «Атығай-Қарауылға олжа салып», бәйгеге қосқан елін шаттандырып, «шапқан жері ор болып қалатын», «ботатірсек, қыл сағақ, сандал керімнің» көлеңкесінде Құлагерді өлтірген жауыздардың бейнесі аянышты-ақ.

Ер намысына от тастап, ақынның салтанатын тонауға жанталасқан бейшаралардың бұдан былайғы тірлігін елестету де қиын. Халықтың сүйіктісін қапыда орға жыққызған қанішерліктің құны ештеңемен төленбейтінін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар қарғысқа ұшырағанын дәл қазір бұлардың түсіне де қоймауы. Қалай дегенмен, сатқындардың адамдар арасынан аластатылып, мәңгілік қарғыс атқаны, Батыраш, Қотыраш атауының жамандық пен зұлымдықтың анықтауышына айналғаны ақиқат. Олар енді ешкімді қуанта да, жылыта да алмайды. Көзі де, көкірегі де көрсоқыр,

ақ пен қараны ажыратарлық та қауқар жоқ бойларында, тек қана халық зауалына ұшырағандарын біледі. Ең қасіреттісі — ұрпағына өз атын қалдыру да қиямет. Жиіркенішті қылығымен тірідей көмілген олар...

Шығарманың идеялық астары кең. Ән мазмұны Құлагердің өлімі ғана емес, осынау қабырғанды қайыстыратын суреттің аясынан көзден бал-бұл ұшқан жастық шақтың елесін көресің. Ақын тағдыры да Құлагердің жұлдыздай жарқырап өткен өміріне ұқсас қой. Көңілінде титтей қақ тұрмайтын ақынның өзгеден жасырары да, жымқырары да болмайды. Табиғатынан еншілеген сыйын әрқашан ел жұртымен бөлісіп, сән-салтанаты да басқалардың көз алдында қалыптасады. Қадіріне жетсең, талант — ел игілігі. Ақынның қадірін түсінгендер бар, түсінбегендер одан да көп, ал қызғаныштан іші жарыла жаздап жүргендерге есеп жоқ. Бұл адамдардың пиғылы, сірә, ешқашан найза бойлатпас, шетінен атақтан, даңқтан дәмелі. Шеттерінен сұлу құшқанды, ат жүгіртіп, құс баулығанды, әлемдегі ең әсем арғымақ өзіне ғана бұйыруын қалайды.

Адалдық туралы айғайлап-ақ арамдықтың ұясын салар шолақ белсенді, жалаңтөстерден қауіпті ештеңе жоқ. Зұлымдықтың мазмұны бір, тәсілі мың. Мынау заманда оның терісін айналдырып сан құбылтсаң, ізін ешқашан таппайсың. Сақтануға да мұршаң келмейді, өйткені екіжүзділік пен жәдігөйлік бел асқан жерде ақыннан бақ та, даңқ та тайды дей бер. Ары мен жанын саудаламайтын ақын пысықтық та таныта алмас, кіл өңкей дабырласқан, шуласқан ортадан ең соңында ойын да, бойын да аулаққа жасырып, өзгелер қабылдамайтын жағдай кешер, соған мәжбүр етер. Дарынсыздық ешқашан дарындылықпен ашық айқасқа шықпайды. Жүйрікті қалтарысын тауып, қапыда құлату сондықтан да әрі ыңғайлы, әрі оңай.

Құлагер тағдыры — талант тағдыры. Ақын өмірін

одан бөле-жарып қарамаған жөн. Қатал да болса, келісуге тура келетін заңдылық. Бұған дейін де түрлі сипатта ыңғай берген Құлагер тағдыры кейін де бәйгеден озар талай жүйріктің алдынан шығар. Ер азаматтың бақытын тұсаулап, елдің жігін бұзып әкеткелі тұрған осынау жайт ақынды ойға бөлеп қана тынбай, тереңнен толғандырып, өзегін өртейді. Барған сайын ушығып, жарасы ұлғая берер күйзеліс дертінен арылу енді мүмкін де емес. Ертеңге жетелеген сенімін жойған оқиға енді өмірдің қатал заңына еріксіз бас идіргендей. Ерте ме, кеш пе, кім-кімнің де көңілін құлазыта, еркіңнен, мүмкіндігіңнен тыс келетін суық құбылыс.

Бірақ бұған ақын дірілдеп-қалтырамай, салқын тәкаппарлықпен қарап, уыз бөліскен со бір бозбала дәуренінің қайта айналып соқпас жалын-әнін, со бір шақтың асыл бағасын түсіне тұра өкінішпен жылап тұрып қош айтысқандай. Басынан аяғына шейін ән сазынан үзік-үзік, жүрегіңді талдырта сызылған әлсіз діріл қимастықты да сездіргендей. Мұның бәрін ән әуенінен естисің, дабырасыз сенесің, сене тұра қаймығасың, қаймыға тұра өнерімен елін сүйсіндіріп, бір өзіне табындыра жалт етіп өте шыққан ақын өмірінің әр сәтіне қызыға үңілесің. Ән құдіретінің басты ерекшелігі — ақын жанын тілгілей жарып, өмірін күйрете жаздаған ауыр қайғыда жатыр ма деп қаласың. Бірақ оны қаусаған дерттің күйзелісі, соңынан қалып бара жатқан қайырсыз тіршіліктің үмітсіз күңіренуі деп те әсте ойламайсың. Күңірене отырып күркірейді, зарымен қалың ұйқыдан оятып, бебеулеген шерімен ішкі сарайыңды селт еткізеді. Ешкімді селқос қалдырмайтын қайғыға тұнған ырғақ таланттың өлмес рухын жырлайды.

«Құлагер» жазылу тарихымен, қайталанбас әуенімен, өзіне тән ерекшелігі бар қасиетті ән. Соған орай

да оның орындалуы кез-келген әншінің қолынан келе бермейді, тіпті қандай көмейлі әншінің өзі алдын ала дайындықсыз бастап әкете алмас еді. Бұл әнді айту үшін тек дауыстың қуаты аз. Терең толғаныс, сезімтал жүрек, мінездің түрлі иірімдері қажет. Әншілік және актерлік қабілетті жеке бойында орайластырып, шеберлік шыңынан сыр алғанда ғана «Құлагердің» шынайы мәнін ұғуға болады. Бірғағынан сәл жаңылсаң, жай әншейін айғаймен сыдыртып кете барасың. Әр буыны жан дүниенен табиғилықты тілейтіндіктен де титтей жасандылықты көтермейді. Басынан аяғына шейін жалқы сәтке де босаңсымайтын трагедиялық желіні сол күйінде сақтап алып шығу аса қиын.

Ә дегеннен шырқау биігінен бір-ақ атылған әуенді өз деңгейінде қысылып-қымтырылмай игеріп әкетуге әншінің керемет сезім байлығы керек. Соның арқасында ән табиғатын алдын ала бағдарлап, қас-қағымда қабылдап үлгермесең, қанша әлектенсең де, оның ішкі сиқырын бойламайсың. Орындалуы аса күрделі, қиын болғандықтан да, өзінің нағыз иесін әр кез тауып жүрген жоқ.

Ақан сері шығармаларының қазақ ән өнеріндегі эстетикалық көрінісі тамырын тереңге жайған. Адамның көңіл күйін, сан алуан хал кешер сәттерін, сүйіспеншілік, ғашықтық дертін ұйқас пен ырғақтың классикалық үлгісінде жырлаған. Лирикалық әндерін Шуман, Глинка романстарының көркемдігімен салыстыруға болады. «Мақпал», «Ләйлім шырақ», «Сырымбеттегі» сезімнің небір құпия қалтарысы, әсемдікті түйсінудің қою бояуы, сөзі мен әуенінің бір-бірін толықтырып адам жанын тербеуі тым ғажап.

Әрбір шығармасы өз тұрғысынан өнердің шоқтығы саналып, бірінің екіншісіне ұқсамайтын оқшаулығы қайран қалдырады. Аяқталған драмалық туынды



ретінде Ақан серінің әндері өмірдің қарама-қайшылыққа толы құбылыстарын дөп басып, автордың сирек талант иесі екенін дәлелдейді. Заманының тынысын алыстан болжаған композитор таланты сан қырлы.

Ақындық тұрғыдан сұлулықты зерттеуде Ақансерілік қолтаңба қалдырса, дүниетанымының қалыптасуында да өзіндік ой-тұжырымдары бар. Күнделікті тұрмыста өзін қалай ұстап, қандай тірлік кешкеніне шейін, жалпы серінің соңынан аңыз боп тараған түрлі әңгімелерден, ең бастысы — артындағы мұрасынан Ақанның эстетикалық көркем талдауын бөліп шығарсақ, мұның төңірегінде қызық-қызық пікірлер туындайтыны анық. Ақан сері эстетикасы ұлттық өнерімізді одан әрі байытып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді. Кез-келген әні драма деп, бекер айтып отырған жоқпыз. Кейде лирикалық поэманың, кейде эпостық жырдың, кейде философиялық болжамның жүгін атқаратын шап-шағын шумақтардың құдіреті шынында да таңдай қақтырады. Қандай да шығармасы сияқты «Құлагердің» тартысты оқиға сюжетіне, бояуы айшықты суретке, психологиялық қақтығысқа тұнған музыкалық ірі жанрға сұранып тұруы да осыған байланысты.

### ТАҒДЫРААР ТАЛҚЫСЫ

М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының «Король Ричард III» трагедиясын қоюы жайлы. Режиссері — Александр Пашков, Ричард ролінде — Әнуар Молдабеков.

Әлемдік кең тыныстағы драматургиялық інжу-маржаны қазақ сахнасына таңсық еместігін ілтипатпен мойындағананымызбен, ұлттық театр өнеріміздің қалыптасып, шырқаған шағында ұлы туындылардың

ұлы демін әр кез сүйсініп, сезініп жүрміз дей алмаймыз. Жарты ғасырлық өсу жолында өзіндік өрнегімен халқымыздың жүрегін жылытып келе жатқан қара шаңырағымыз — М. Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрының бүгінгі таңдағы творчестволық мүмкіндігінің молдығын қаншалықты мақтаныш етсек, мұның ар жағында соншалықты талап-тілектің қиындығы жатқан жоқ па?! Сол үлкен талаптың мүддесінен шығып, өнердің абыройлы да ауыр азабын арқалайтындай нарлығы бар актерлердің үркер тобы қазіргі кезеңде қандай да кесек шығармаға жан бітіріп, толық қанды шынайылыққа бойлай алатындығы және ақиқат.

Ендеше дүние жүзінде есімін естімеген ел жоқ Шекспир сынды қаламгердің таңғажайып дүниелеріне үңіліп зерттеу, оны төл сахнамызда бейнелеп түсіндіру, жаңа ғана атап өткен: актерлерге деген шексіз сеніміміз үшін де, олардың өздері үшін де белгілі бір дәрежеде айтарлықтай сын. Әсіресе, тереңінен бойлауға кез-келгеннің шамасы жетпейтін Шекспирдің тарихи хроникалық шығармаларының жалғасы саналатын «Король Ричард III» трагедиясына баруы, тіпті де кездейсоқтық емес. Зұлымдықтың ата тегіне жіті үңіліп, адам баласының жауыздығы мен зомбылығы күрделілікпен көрсетілген трагедияның «ғұмырын» кешіп, «өмір сүру» актерлерге қай кезде де аса қажетті мектеп.

...Сахна неге қараңғы? (Суретші — Карагодин). Түпсіз тұңғиықтан шымырлаған мынау әуен (музыкасын жазған Қазақ ССР халық артисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ф. Жұбанова) өткеннен қалған әлдеқандай сойқанның сарынына басып, бұған дейін де ешқандай тыныштық болмағанын, бұдан кейін де ешқандай тыныштық болмайтынын, мәңгі мазасыз тіршіліктің астан-кестен ағысын күңірентеді. Қою қараңғылықтан титтей ұшқын ша-

шырап, тастай түннің құшағынан пайда болған Әнуар — Ричард, герцог Глостердің ашу-мысқылға, ызалы өшпенділікке толы жанары айналасын ашқарақтықпен тінткілейді. Әнуар — Ричардтың көзі: «Мынау дүниенің ақ-қарасының бәрін жұтып қояр ма еді, шіркін... жұтып қойсам да қақалып шашалмас едім», — дейді. Қапас тірліктің өз перзенті Әнуар — Ричардтың о бастан кемтар болып туған жарты денесі түннің өзінен ғана жаратылғандай. Сондықтан да ол осынау түндей тас жүрек, қатыгез-ау, әйтпесе неге мысқыл күлкінің түтіккен табы бір кетпейді жүзінен? Табиғатынан аяқ-қолын тең басып, тең сермеп көрмесе де, жалғанды жалпағынан басуға дәмесі зор. Бұған ақылы да, айла-тәсілі де жетер, ең бастысы өзінің күш-жігеріне сенімді, ақыл-ойына берік. Өз-өзіне сенгендер ғана өзгені сендіреді, иландырады, яғни Ричард не істесе де, ең алдымен өз қайратына, өз парасатына сүйенеді. Сірә, Ричардтың сахнада өзіне деген сенім күшінің шексіз әсерінен де шығар, өзі өлімге қиған бауыры, герцог Кларенстің (артист Т. Жаманқұлов) жаны қинала бұған титтей күмән келтірмейтіні, күйеуін бұл өлтірген леди Аннаның (Совет Одағының халық артисі, СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Ф. Шәріпова) қаралы қазаның үстінде-ақ бұның құшағына құлайтыны. Әлгі әзірде құлаш-құлаш қарғысты бұның басына үйіп-төгіп, тәңіріне жалбарынған леди Анна лезде өзгеріп, жарының сүйегі салынған табыты үстінде қас дұшпанының құшағына дес бере алмай, күйіп-жанып жатты. Қаралы жесір — байғұс әйелдің тұрлаусыздығының тез айғақталуына нану өте қиын болар еді, егер Ричард — Әнуардың дәл сол жағдайдағы қимыл-қозғалысының шынайылығын сезінбесек. Кеудесінен жүрегін суырып берердей аһ ұрып жұлынған, «ғашықтық» дертінен басын «өлімге» де ті-

гуге дайын жанның лықсыған сезімі алдында қайран әйел қайдан шыдасын! Бұл сәттегі Ричард — Әнуардың жанарындағы бөгде тілектің өзгеше нышаны құшағында талықсыған әйелдің емес, көрерменнің көкейінде қалады: қайткен күнде де, қандай соқпақпен аяңдаса да анау биікке апарар жолға түсу, қайтсе де алыстан жылт-жылт еткен анау алтын таққа жету, әйтеуір қалай да өзгелерге үстемдігі мен өктемдігін жүргізсе болғаны. Сол себептен де ол аянбайды ештеңеден, тайынбайды ешкімнен, тігеді басын тағдырдың опасыз, қандай да жазмышына.

Катал заманның қатігез адамдарынан Ричард — Әнуардың бір ерекшелігі — оның өзгелерге қарағанда әлдеқайда ақылдылығы, көкірегін кернеп әкетіп бара жатқан кектің айналасына жауыздықтың жай отындай лап етіп, аспанның астан-кестеңін шығара өртеуі. Ричард — Әнуардың бойынан тұтанған зұлымдық жан түршігерлік дертке айналып, жер дүниені жалынына шарпыта күйдіріп барады, күйдіріп барады. Оның тіпті де қаймығып, қайрылылар түрі жоқ. Өйткені өзіне дейін де осындай қантөгіс, өзінен кейін де осындай қантөгіс, қазір де қантөгіс, бәрібір, бәрібір таусылмайтын, толастамай жалғаса беретін қантөгіс.

Айлаңды асырсаң, үстемдік ет өзгелерге, олар да сен сияқты сұмырайлар, билікті ал қолыңа, құдіретің жетсе, мұның нендей айыбы бар екен? Зымиян ойлары жүзеге асқан сайын қатігезденіп, тұла бойынан зұлымдықтың небір жаңа қырлары табылған Ричард — Әнуардың табиғи болмысы тереңдей түсіп, жауыздық тамырының өсіп-өніп қаулағаны толық себеп-салдарымен айшықтанады.

Шектен шыққан ақыл-ой, айла-шарқының бақытсыздығын Әнуар Молдабеков іштей түйсініп, бұған жүрек дүрсілі, қимыл-қозғалысының шынайылығы, мимикалық байлығының әсері қосылып, Ричардтың күрделі тұлғасын «ұлы» да улы етіп, сомдаған. Үстем-

дікке деген құштарлықтан ақылын да, сезімін де құрбандыққа шалып, ақыр аяғында өзі істеген сұмдыққа өзі тұншыққан жексұрын да, бейшара Ричард — Әнуар, жауыз да бақытсыз Ричард — Әнуар, кемтар да кесек Ричард — Әнуар?! Залым да болса, арагідік қанталаған көздерінің жыпылықтап қалатынын қайтерсіз. Мүмкін, аспан аясындағы озбырлық атаулының ірілі-ұсағына шейін өлшеулі екенін, түптің түбінде соның бәрінің бір есебінен-ақ есеңгірейтінін сезінгені ме, өн бойынан өкініштің табы тәріздес әлдене қылаң етіп, ақталып, ақтарыла жаздап барып, қайтадан тас түйін қалпына оралады. Жауыз Ричард—Әнуардың жанары баяғыдай айналасына қомағайланып емес, сақтана үрке қарайтындай. Жо-жоқ, бұл лып етпе ғана алданыш, қанішер Ричард — Әнуардың әлі де ойрандайтыны, табанына таптайтыны әлі де жетерлік, әлі де алда.

Сонда құрбандыққа шалынып, жазықсыз жала шеккен кімдер? Ішкі есебі мол, айласы мен қулығы бір басына жетерлік герцог Бекингем бе (СССР халық артисі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ы. Ноғайбаев), баладан да, байдан да айрылып, өмірдің қызық-қуанышынан адыра қалған королева Елизавета ма (СССР халық артисі Ш. Жандарбекова) тәтті ғұмыр кешкісі келгенімен бұған айла-тәсілі жете бермейтін лорд Хэстингс (Қазақ ССР халық артисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты М. Сүртібаев) пе?

Әлде, бойынан қайраты, басынан бағы тайған Маргарита ма, әділсіздіктен запыран құсып тұншыққан. Атай көрмеңіз, көз алдында болып жатқан сойқан сұмдыққа ол мүлдем таң қалмайды, мұның бәрі ол үшін белшесінен басып жаншылған, өткерілген жайт.

Спектакльдегі Совет Одағының халық артистері Сәбира Майқанова мен Хадиша Бөкеева бейнелеген

Маргаританың көтеріп тұрған жүгі ауыр. Трагедияның терең философиялық ойын ашатын Маргарита тұлғасы мұндағы қасіреттің бояуын қалыңдатып, көрермен көкейіндегі негізгі сұраққа жауап беріп тұр.— Бәрін де уақыт көрсетеді. Мен қандай едім бір кезде, қандай еді Англия бір кезде, уақыт не істеді бізге, уақыт не істеді маған... бәріне төреші, бәріне кінәлі уақыт... уақыт... байқандар, байқандар,— деген Маргаританың ойы спектакльдің күре тамыры соғысын күшейте түседі. Сәбира Майқанованың Маргаритасы өзін тұншықтырған қайғы-қасіретін айналасына ашық бояумен «лақтырып», лықсыған сезімі мен ашу-ызасының шет-шегі жоқ сияқты. Ішкі сезімнен өрбіген лағынет-қарғысы жабайы қатігездікпен жалғасып жатады.

Хадиша Бөкеева суреттеген Маргарита бірден ашылып-шашылмайды. Өзара қырылысып, қырылысқандардың төбесінен шалқая қарап, «нағыз королева мен едім ғой» деп, төмен түсіп келе жатқандағы сәтінен оның, Англияның бір кездегі тәкаппар да бақытты кезеңі елес беріп, өзгелердің онсыз да қысылып-қымтырылған тынысын одан сайын тарылтып әкетеді. Маргарита — Бөкеева әрбір қозғалысына шейін есінде мәңгі сақталатындай сурет жасайды, әр қимылы, жүріс-тұрысы ой айтады және шебер айтады! Шекспир кейіпкеріне тән күшті рухты айқын сезген Маргарита — Бөкеева пьесаның бас-аяғындағы негізгі логикалық желісті одан сайын қатайтып, биікке көтеріп әкетеді.

Бірінің арам ниетінен екіншісі, екіншісінің арам ниетінен үшіншісі мерт болып жатқан кіл қатыгез жандардың қараң қалған тірлігінен титтей сәуле іздегеніңізбен, бәрібір таппайсыз. Тіпті, қайын атасы мен күйеуі Ричардтың сұрқия ниетінің құрбандығына шалынған, Генрих VI баласы, Эдуардтың жесірі леди Анна (Ф. Шәріпова), алғаш қарағанда қараңғы қапас-

тың түпкірінен әлсіз жылтыраған ұшқын сияқты, әділетсіздік құрбаны сияқты. Леди Анна — Фарида қайғыдан қан жұтып тұрғанымен басына түскен істі тәкаппарлықпен көтере алмай, өзі лағынеттеген әділетсіздіктің құшағына өз еркімен құлайды. Қолынан келер қайран жоқ сорлы әйелдің бойындағы дәрменсіздік, тағдырының бұйрығына көнбістік. Осынау жылылықтың да әсерінен болар — леди Анна — Фариданың табиғатынан жарық сәуле іздеп шарқ ұратынымыз. Қанша шарқ ұрғаныңызбен, ешқайсысының да кеудесінен сәуле таппаймыз, өйткені мұндағы қай кейіпкерді алсақ та, Ричард — Энуардың қаскөйлігіне ірілі-ұсақты қатысы бар. Түр-түсіне, дарынды-дарынсыздығына қарамастан, ақылды, ақымақтығына, күшті-әлсізіне шейін биліктен, ерліктен дәмелі. Кезкелгені бір-бірінің қабағын алдап тұрып-ақ бір-бірін сатып кетуге дайын тұрған опасыздар. Солардың бірі — сэр Ульям Кетсби (артист Ә. Боранбаев). Сұрқиялылығынан өрбіген екіжүзділік, жеке басының амандығын төңірегіндегі қандай да ұрыс, төңкерістен сақтауға қулығы мен айуандығы жететін кейіпкерін бейнелеуде Ә. Боранбаев аса нанымды ырғақ тауып алған. Бұл ырғақ актердің сөзі мен қимыл-қозғалысын әрлендіріп, ролінің жан дүниесін түсіндіруге көмектесіп тұр.

Жауыздық пен әділетсіздіктің қасіретін үш әйелдің королева Елизавета (Қазақ ССР халық артисі Ш. Жан-дарбекова), Ричардтың анасы, Иорктің герцогинясы (Қазақ ССР халық артисі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының Б. Римова, Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген артист Ә. Мұсабекова) және Маргарита (Совет Одағының халық артистері Х. Бөкеева, С. Майқанова) кездесу сәті, әсіресе, қалыңдата түскен. Бұлардың қай-қайсының да қайғысы бастарынан асып төгіліп, ендігі тірліктен еш қызық қалмағандай, соның өзін де бір-бірінен қызғанатындай, бір-бірін күндейтіндей

жағдайлары бар. Өткен-кеткен қырғи-қабаққа, қан төгіске бәрі-бәрі — бәріміз кінәлі дегенді аңғартады бұл көрініс. Ешқайсының да өзін ақтап алатындай мүмкіндіктері болмағанымен, бастарынан бақ тайғаннан кейін ғана осынша зұлымдықтың түп-тамырының неде екенін түсінгілері, түсіндіргілері, кеш те болса, сақтандырғылары келеді.

Спектакльдің қан тамырынан озбырлықтың арам шөптей қаулағанымен, түптің түбінде оның түбіріне балта шабылып, зауалы соғатындығынан қаншалықты қаймықсақ, адам баласының жүрегіндегі өшпенділік ниетінің қалай-қалай өріс алып, қалай-қалай құлдырайтынын көрсеткен актерге соншалықты сенеміз. Кейіпкерінің ішкі сарайына үңіліп бағдарлауда жан-жақты ізденістерге барған Әнуар Молдабеков зұлымдықтың тамырын, тегін батылдықпен зерттеп, қанішер қолбасшының тұлғасын ірілікпен суреттейді. Ричардты сыртқы әсермен емес, ішкі әлемінен лықсыған, буырқанған қайратымен шығарған. Табиғатынан кемтар болып жаратылған кейіпкерінің денесін де ол көрермендердің көз алдына көлденеңдеті бермей, жан дүниесінен ақтарылған ашу-ыза, ашыну арқылы Ричардтың (көзге ұрып тұрмағанымен) бүкір екендігін көрсетеді, яғни Әнуар кәдімгі қарабайырлықтан, әсірешілдіктен бойын мүлдем аулақ ұстай отырып, жан-тәнімен сендіреді. Жаны да, тәні де өзгенің қанынан сусындаған Ричард — Әнуардың қаһары сұстана төгілгенімен, ілкі әзірдегі көз соқыр өжеттігінің семіп бара жатқан үрейін де білдіреді. Даусында күдік, қимылында секемшілдік бірте-бірте оянып, әлдеқандай қорқыныштың азабы қинайды жанын. Бұл — зұлымдықтың, әділетсіздіктің қанша атойлап, аспандағанымен-дағы оған әйтеуір бір қақпан құрылатындығының алғашқы белгісі. Өзінің көл-көсір ақыл-айласының, жендеттігінің, күш-қайраттылығы арқасында соншалықты қиындықпен жеткен биік тақтан



«...жо-о-оқ, жоқ, жо-о-ооқ...» деп төменге құлдырай домалап түскен Ричард — Энуардың даусындағы әлде өкініш, әлде өрліктің, әлде ерлік, әлде ездіктің ащы үні биіктеп барып, жоғары буыннан кілт үзіледі. Қаскөйлік пен қиянаттың тамыры түбірінен жұлынып, жауыздық атаулы уақыт табанында жаншыла тапта-лып қалады. Көрермен де «жо-о-оқ, жоқ, зұлымдыққа жол жоқ» дегенді іштей әлденеше қайталап, манадан бері қараңғы сахнадан іздеген жарық сәуле өзінің, өзгенің, соның бәрі қосылып кеп көрермен залды құраған көпшіліктің өзінде қалғанын ұғынады, яғни спектакльдегі жағымды кейіпкер көрерменнің өзі ғана.

Коллектив көп еңбек сіңірген «Король Ричард III» спектаклінің толықтырылар, әлі де ойланып толғанған жайттарына назар салсақ, бұған ең алдымен актерлер ойынындағы ой қозғалысының жүдеулігін, тіпті қайсыбір кейіпкерлердің қандай мән-мағына білдіретіндігі анықталмай жатқандығын, «сахна неге қараңғы, тынысымыз неге тарылады?..» деп ойлана-ойламайтындығын айтар едік. Сондай-ақ, кейбір мизансценалардан әсіре жасандылық байқалып, Шекспирге тән шымырлықтың жібі спектакль желісінде болбырлана босап кететіні бар.

#### «ВЕНА ОРМАНЫНЫҢ ЕРТЕГІЛЕРІ»

Қою қараңғылық сейіліп, түн құшағынан баяу сыпырылған бұйығы орман көпке дейін тұнжыраған қалпынан айықпай дел-сал күй кешіп, таңғы тыныштықтың сиқырына әбден еліте тұтқындалды. Айнала тіршілік демін ішіне тарта момақанси қалған. Әлден уақытта еңсені езген қара бояулар кеңістіктің көз көрмес жағына сіңіп жоғалғанда, қалың ағаш үлбіреген көк жібекке малынып, өзге дүниеден оқшаулана берді.

Жер бетін бір түспен бүркемелеп, ондағы қан

тамырларындай тарамдалған іздерді бір ғана өлшеммен шектейтін түннің қатал әмірінен дәрмен тайып, меңіреулік құрсауынан ышқына қашып, жарыққа жанталасқан, беу, аппақ дүние-ай! Жаңа таң — жас ғұмырдың да арпалыспен басталғаны ма? Жо-жоқ, тұла бой балқып, жүрек дір етті ғой. Сонау алыстан сәуле жымыңдап, артынша-ақ жапырақтары жайқала, иін тіресе тізілген сан жүздеген ағаштардың арасынан сан мыңдаған сәуле-сырғалар тамшылады.

Күн көзінен үзіліп-үзіліп түскен мөлдір моншақтар Вена орманын батылсыз оятқанымен таңның алтын алқасын оранған жапырақтардың сыбдыры кәдімгідей ап-анық. Түнімен ауыр ойдан тұншыққан орман өз мұңын естілер-естілмес үнмен жеткізіп жатыр. Ұзақ уақыт ішінен тынған орман ұлы сілкініс алдында бауырын жазып алайын дегендей қомданып, жан-жаққа жамырай шашылған жапырақтардың еңсесі барған сайын көтеріліп барады. Әлсіз сызаттар жайқалған ағаштарды аймалап, қас-қағымда мерейі өсіп шыға келгенін қайтерсің!

Таң атты. Көктемнің алғашқы таңы. Вена маужырай оянып келеді. Өне, бұрыш-бұрышы көкте жүзіп, адамның ғарышқа құштарлығының куәсіндей биікке ентелеген Әулие Стефанның соборы. Жымдаса қиюласқан жуас тірліктің ортасынан ақыл-ойдың белгісіздікке, жұмбақтыққа ұмтылғанындай ерекше оқшауланып, өзгенің бәрінің төбесінен қараған мұнараларды аспаннан әрең-әрең шырамытасың.

Орман іші дір етті: ағаш-ағаштың арасын аралағанып етпе желден кейін жапырақ атаулы теңселіп-теңселіп қалған-ды. Сол үп етпе жел мен телегей-теңіз орманның бетінде жүзген күннің алғашқы нұрынан көзге көрінер дүние түгелдей алауланып, қалың ұйқыдан оянған ару ағаштар сылаң қаға бастады. Самалдың лебіне еркелей таранған жапырақтар жасқана дірілдегенімен, бірте-бірте өзара жымдасып, толқын-

толқын иірімдерге ұласты. Күннің алтын буы шалған тұстары айрықша жарқырап, орманның тынысы кеңіп жүре берді. Жанар жыпылықтатқан шапақтың әсерінен былайғы шақта селдірей көрінер тоғайдың кемкетігіне шейін жылт-жылт ұшқынға толып, көк-пен сары бояудың жалқыны өзгеше реңге малындырған төңірек түрленіп шыға келді. Қараңғылық құшағынан сытылып, өзінің айшықты көрінісіне енген сайын жапырақтардың сыбдыры да ұлғая түсті. Манағы сәтте әр бұрыштан ұяңдау, әлсіз естілген сыбыр-күбір енді үлкен екпінмен бүкіл орман ішін жайлап бара жатты. Ұшар биіктегі тұстары шайқалып барып, соңынан бәрі жаппай бір ырғақпен теңселгенде, жапырақтардың әнінен құлақ тұнды.

Жарық дүние бұлбұлдай сайрап қоя бергендей еді, бірақ лезде демін ішіне бүгіп, сәл саябырси қалды. Керемет ән алдындағы тыныстау. Үп еткен жел жоқ. Үнсіздік, таңғы тазалықтың қайталанбас сәтіне лажсыз табынған тіршілік. Вена орманының көктемгі тынысы таңғы тазалықтан өрілді: титтей түйткіл жоқ қаперде, көгілдір әлемге таңырқай, тамашалай қараған бейкүнә жас ғұмыр — жаңа таң!

. . .

...Осындай аппақ таңнан басталып еді Иоганн Штраустың өмірі. Венаға есімі белгілі скрипкашы, дирижер, композитор Иоганн (әкесі) мен гитараның құлағында ойнайтын сұлу да қылықты Анна Штраустардың тұңғышы Иоганн кішкентайынан сергек те сезімтал өсіп келе жатты. Бірде оңаша бөлмеде скрипка тартып, өзінің қимылына еліктеп есі кеткен ұлының үстінен шыққан әкесі алты жасар Иоганның мына қылығына қатты ашуланып, бұдан былай оның музыкамен әуестенуіне қатаң тыйым салды. Тек анасының көмегі арқылы жас бала музыкалық сауатын жасырын жалғастыруға мәжбүр болды.

— Музыканттардан сорлы ешкім жоқ, олар дүниедегі ең бақытсыз, ең аз ғұмыр жасайтын халық, сондықтан сен, Иоганн — коммерсант, сен Иозеф — дипломат, сен, Эдуард — инженер боласыңдар. Бірақ ешқашан да музыка емес, жоқ-жоқ, не болсаңдар, о болыңдар, тек музыкант емес, — деп жиі қайталанатын әке сөздерін естігенде, Иоганның арқасы мұздап қоя беретін. Ызамен, зығырмен айталатын сөздердің мағынасын түсіне де бермейтін. Бар ынта-жігерін музыкаға сарп еткен әкесінің неліктен бұдан балаларының алыс жүруін қалайтыны кіші Иоганн үшін мүлдем жұмбақ еді.

Кім білсін, өзінің бүкіл саналы ғұмырын өнерге бағыштаған адамның бақыты жанған тұсын сирек кездестірді ме, әлде қызығынан қиындығы көп жұмысқа ұлын шын мәнінде қимады ма, әйтеуір, әке мен бала арасындағы қарым-қатынас уақыт алға жылжыған сайын күрделене түсті.

Дүниедегі ең бақытсыз жандар неге музыканттар болады деп, сол сәтте назар тоқтатпағанымен, кейіннен бұл туралы талай-талай ойланған да шығар. Таланттың емес, дәулеттің ғана санатқа қосылар қоғам тірлігінде әкесінің ашу-ызадан туған өзіндік тілегін, ұзақ жылдар өткен соң ұғынуы да мүмкін. Ал, әзірге сүйек пен қанына жаратылысынан дарыған сиқырлы қасиет көкірегін күмбір-күмбір үнге толтыратын да, ұдайы беймаза хал кештіріп, есін ұрлайтын.

Жыл өткен сайын әке даңқы кең қанат жайды. Таң атқанша вальс ырғақтарын құрастырып, күні бойы мұны оркестрге салып, кешке қарай өнерлерін көпшілік сарабына салатын әкенің балаларымен айналысуға жағдайы да уақыты да келмейтін. Кейін алты баланың тағдырын әйеліне тапсырып, өзіне құрақ ұшып «табынатын» толып жатқан қыз-қырқынның бірімен қол ұстасып кете барған. Бар ауыртпалық есейіп қалған Иоганның иығына түсті.

Тұла бойын булықтырған ызадан құтылудың ама-лып тапшай, өзінің «мендігін» көрсетуге де шарасы жетпей, небір ойлардың құшағында жүретін жас жігіт алғашында қанша шарқ ұрғанымен, әлденені пайымдап-барлауға шамасы келе бермеуші еді. Әрбір сағатына шейін есептеулі күндерінің зымырап өте шығуы оны әрі ойландырып, әрі асықтырып, сенімі қатар жарысқан бір мақсат алға жетелейтін де тұратын.

Қинала жүріп, жанталаса жүріп алғашқы шығармаларын жазды. Ұзақ жүгірістен соң он тоғыз жасар Иоганн оркестрдің басын құрап, тынымсыз жұмысқа кірісті.

Кіші Иоганн Штраус бір-ақ күнде жарқ етіп, Венаның жүрегін лезде жаулап үлгерді. Алғашқы «Ана жүрегі» вальсін төрт рет, «Аллегориялық вальсін» он тоғыз рет қайталатқан тыңдаушылар түннің бір уағына шейін қол соғып отырып алды. Көпшілік құрметіне бөленіп, бұл кезде аса белгілі саналатын әкесі де творчестволық жолында дәл мұндай табысты басынан кешпеген. Концертті әкесінің ең сүйікті шығармасы «Лорелеяны» орындап аяқтады. Жанарындағы жасын тия алмай толқыған әкесінің досы Карл Хирш соншалықты тебіреніспен жас музыканттың анасын құттықтап жатты. Манағы әзірде концертке мүлдем бөтен пиғылмен келгенін есінен шығарған.

Есінен шығармауға мұршасы да жоқ-ты. Досының, яғни үлкен Штраустың, тілегін орындай алмады. Ұлының тұңғыш концертін қалай да құлатып, зиялы қауым алдында беделден біржола айрылуын қалаған әке қызғанышы жүзеге аспады. Қатты толқығаны соншалық, Карл Хирш концертке қандай пиғылмен келгенін де ұмытып кетті. Кіші Иоганн Штраустың талантына әр нәрсенің парқын бағалап үйренген К. Хирштің бас имеуге тіпті де шарасы қалмаған еді. Енді ол сүйікті досының баласымен ортақ тіл

тауып, татуласуын ғана мұрат тұтатыны анық. Мына бүгінгі кешті ұмыту мүмкін емес, қызу қанды жастың тұрған бойынан ойына алғанын орындамай тынбайтыны, ішкі байлықтан төгілген жігерлілігі байқалып, өнердің қадіріне жететін талғампаз қауымның зейінін өзіне дереу аударып алуында терең мағына жатыр ғой. Бұрын-соңды қаперіне кірмеген алабөтен ой жанын жегідей жеп, кең дүниеге қанатын жайған жас дарынның өнеріне бірден тәнті болған Карл Хиршке сол түнгі оқиға қайталанбас әсер етті.

. . .

Булығып келген балаң әуен арнасынан асып-төгіле, жолындағы бөгеттерді бұзып-жарып алысқа аттанды. Нені жырлап, нені сыр ғып айтып, не деп атоылап бара жатыр? Керек десеңіз, мұны өзі де анық білмейді. Әлде, ешкімге ештеңе деуге құлқы болмағандықтан айдалаға өз бетімен, өз екпінімен лағып бара ма?! Әйтеуір, әрі жұмбақ, әрі қорқынышты азаптан қашып келе жатқан сияқты, бірақ бәрібір алды-артын, орайды сол азап, бірақ бәрібір сол азапқа бой бермей алға ентелей аптығады. Мұның бәрі кейін... Ал қазір ше?

Көгілдір орманды таңғы тазалық нәзіктікпен оятқан жоқ па еді!

Күн нұры жер бетін бірте-бірте шапағаттандырып, түкпір-түкпірден батылсыз қылымсыған сәуле жарықшақтар барған сайын зорайып, ендігі кез маужыраған кеңістік құшағы айқара ашылды, тіршілік дөңгеленіп жүре берді.

Ойнақы да жылы леп шарпып өтті орманның өн бойын. Түнімен дір-дір етіп шыққан жапырақтардың жаны кіріп, жымың қағады. Әлсіз басталған үн созыла түсіп, созыла түсе жалғасты кең тынысты сазға. Алғашқы батылсыздықтың ізі де жоқ, толық қанды әуен орманның қоян-қолтығын қытықтап ала

жөнелді. Сол сәттегі ағаш шуылын естісеңіз: сықылықтай күлген дауысқа сан алуан үндер қосылып, бірін-бірі құшағына жыға, бір буын бір буынды айналай асқақтап барады.

Бөліп әкетерліктей титтей шекарасы жоқ біртұтас шырқалған әуеннің құдіреті дәл осы қалпында ұзаққа созылатын түрі бар. Сірә, біркелкі ұйып, өгей пиғыл, өгей үннен ада болғандықтан да мысы басым-ау. Бұ жалғанда ынтымақтан асқан ештеңе жоқ, қайысқан қара орманның жалпы келбеті соны аңғартса, қойнауынан ақтарылған жырдан да ұғатынымыз сол.

Алыстан мүлгіген тыныштық боп қызықтырғанымен, ортасына түссең, аспанға ентелеген әр ағаш, әр бұтаның өзіне тән сырын байқайсың. Түрлі-түсті бояу бір ыңғайға бағынып, желдің екпініне байланысты ұйқасып, ғажайып саз төккенде, бұған елітпеу, сірә де, мүмкін емес. Сынып түскен бұтақтың былайғы шақтағы қораш үніне шейін орман әнімен етене араласып жатады. Содан соң ірілі-ұсақты дыбыс атаулы қосылып кеп шырқағанда, орманның іші-сыртын сиқырлы әуен жайлап, көңілі сергек қауымның зейінін өзіне асықтырады. Ештеңеге тоқтамастан зымырап алға жылжыған жалған уақыт, қайран жарық тіршілік!

Сәл тоқтасаң, тапталып қалатының хақ. Есеңгіреп, енді құлап түсермін дегенінде, таңғажайып жұмсақ үн есіңді жиғызып, бұған дейін сезіп-білмеген нәзіктік құдіретіне табындырып, сені дүниедегі ең сұлу, ең момақан жан ғып шығарады. Жаңағыдан соң ұшып кете жаздап, өзіңді әрең тежеп қалғаныңда ғана түптің-түбінде қайтып тұрмастай бір құлап түсетіңді болжап, кез-келген бағытпен безіп кетерің рас. Безіп те кете алмассың, мұңлы шер жан азабының ащы тамшысын жанарыңнан мөлдіретер. Қимылсыз қалған жалқы сәтіңнен қорқып, қайтадан күшіне енген ырғақтың ыңғайына көшкен дүрмектің ішінде ілініп-салынып кете барарсың.

Жоқ, бірі екіншісіне, екіншісі үшіншісіне ілтипатпен ізеттесіп, топтаса қызықталған сән-салтанат думан екен. Мына дауыс адамды бірлікке, ынтымаққа шақырады: «Өмір қуанышын қызықтаңдар, сүйіндер және асығыңдар, асығыңдар...»— дейді. Кездейсоқ көңіл күйді емес, бабына балқи еніп, бүкіл дүниені өзінің құшағына сыйғызған мәңгі жастық — мәңгі көктемнің құдіретін жырлайды.

Әттең, адам тағдырына мәңгі көктем қуанышы жазылмаған. Сондықтан да сирек келер махаббат қуанышын уыстап қалыңдар, асығыңдар, адамдар, асығыңдар! Ертеңге үміт артқанның еш айыбы жоқ, дегенмен ұдайы үмітпен өзіңді-өзің алдап, ғұмыр кешкеннен сақтан! Күні ертең көзден де көңілден де бал-бұл ұшар жастығыңның қызығын сәнімен, салтанатымен өткергейсің басыңнан. Көз ұшында бұлдыраған сағым — махаббат ешқашан жеткізбестей көрінгенімен, оның жанынан қашан, қалай өте шыққаныңды да аңғармассың. Өкініш өзегінді өртемесін десең, қосыл мына дүбірге. Жығыларсың, сүрінерсің, бірақ құса боп өтпесің анық. Өмірге деген іңкәрлігі басым, адам баласының жасампаздығын әйгілеген әуенінің әлеуметтік мазмұны мұңлы лиризммен берілген.

Сол әуен, сол ырғақ енді сыбызғы үніндей ұза-а-ақ созылып, үміт және сезімге алдарқаттандырып, алға сүйрейді. Жылт-жылт ұшқын — жылт-жылт үміт. Таңғы сәттегі бұта-бұтаның арасын айқұш-ұйқыш кестелеген өрнек жоқ, күн Вена орманын биіктен нұрландырып тұр. Шаңқай түстегі тірлік өзінің нағыз шырқау шағында.

. . .

Композитордың өз шаңқай түсінде тындырғаны қандай еді? Атақ-даңқы біраз жерге жеткенімен, ұр-



пақтан-ұрпаққа мұра боп қалар «Көгілдір Дунай», «Артист өмірі», «Жаңа Вена», «Вена қаны» әлі жазылмаған. Әзіргі шығармалары Иоганн Штраустың (әкесі), Ланнердің Вена вальсін дамытуға қосқанын қарапайым қайталау, еліктеу болатын. Ұзақ жылдар бойы бір сарында қалыптасқан Вена вальсінің ауқымы тым тар көрінді.

Мұның толып жатқан себептері бар-тын. Вальс ырғақтарын дамытуда веналық композиторлар көбіне-көп үйреншікті дәстүрден ұзамауға, өзіндік қолтаңба қалыптастыруға тырыспайтын. Оңды-солын танып, музыканың сырына әбден қаныққан жігіттің шарқ ұра ізденуі әрі пайдалы, әрі заңды еді. Жазған шығармаларына бұрынғыдай масаттана қарамауды үйренді. Тек әншейін жұртшылықтың көңілін аулап, қалайда тыңдаушылар санын көбейтуді де жас кезіндегідей мақсат тұтқан жоқ. Әрине, өзінің күшқайратынан басқа сенетіні жоқ композитордың аяғынан шалған қиындық қай кезеңде де жиі кездесетін. Творчестволық жолының алғашқы кезеңінде әсіресе оңай емес-ті. Ептеп еті үйрене бастаған атақтың өзі мұндайда қатал сын.

Кіші інілері Иозеф пен Эдуардты көптеген ақыл-үгіттің және табиғи дарындарының арқасында капелласына келуге көндіріп, уақытын ұрлайтын дайындық, оркестрге басшылық жасау сияқты толып жатқан тауқыметтен арылғаннан кейін ғана творчествоның нағыз қадір-қасиетін ұқты. Бұған дейінгісі — шаңқай түске дейінгісі (200-ден астам полька, кадрили, вальс марш, т. б.) ойлап құрастырудың, жазып, шимайлап қайта жазудың, ұзақ түндер көмейін қылғындырып, тізгінінен ұстатпай кеткен әуен үзіктерін іздеудің қасіретіне апаратын қасиетті жол екен. Жеңіл ойнақылық, зілсіз әзіл, ұшып-қонба қызбалық, ғашықтық дертін ушықтырған алғашқы көзқарастың от сиқыры бірте-бірте алыстады. Бұдан кейін...

«Вена орманы»— Вена вальсінің алтын дәуірі басталды: дiттегенiне жанталасып, тұншыға шыққан манағы күдік аралас сақтық мейірімге ұласып, жүректі шымырлатып алады да сергек сезімге ерік бере кең тынысты сазбен тоғысып селдей толқыды. Жаңағы сәттік тылсым түбіне лақтырғалы тұрған тасқыннан тайсақтап демін ішіне бүккен үрей, таңғажайып жаңалық алдындағы жасқаныш, келе жатқан дауылдың еркінді тұтқындаған мысы екен. Тағы да құлады-ау, бейшара адам, өршелене түрегеліп, өрге ұмтылды қайтадан. Еркіне салса, жаншып тастағысы бар дүлей күшке қарсы өн бойында оянған намыс, әрекет, үлкен қозғалыс — үлкен өмірдің ырғақтары боп жалғасты.

Есін білгелі өзін өкшелей тықсырып, ығыр қылған ырғақтардан ығысып келеді, ығысып. Мойынсұнып емес, түптің-түбінде бір жетер бақытына дейінгі жолдың кедір-бұдырына назар аудармай, соқтықпалы соқпақпен әлі де созыла бермек сапарының азабын нардай арқалап, сан бұрыштан қосылған, сан тарауға ирелеңдеп, әбден тапталып біткен сүрлеуден мүлдем бөлек өз ізін, өз таңбасын тағалап келеді.

Күн батысқа құлаған сайын қалың ағаш мазасыздана ыңыранып, қойнау-қойнаудан естілген әуеннің екпіні қас-қаққанша жылдамдап, көгілдір түсінен қимастықпен айырылса да, асқақ әнге басты. Күні бойғы қам-қарекеттің қуанышы, азабы, сүйгендердің шаттығы, сарғая күткендердің мұңы, түсініспегендердің назы, өткеннен қалған өкініш пе, болашақтан күтер сенім бе, алма-кезек жарысып, алма-кезек ығысып, әйтеуір бір жанталасқан, аптыққан тіршілік ағысы.

Көкжиек қызара бөрітіп, от боп жанып жатты. Жаңағы бір үнді бір үн асыға жалғастырғанның жұрнағы да жоқ, әуеде қалқыған дара үн Вена орманына ұзақ сыңсыды.

Белгісіздіктің құпия құшағына ынтыққан күннің соңғы сәуле — соңғы үміті де үзіліп түсті. Қимастықтан жүрегің жараланса да, бәрібір үміт құдіретіне жалбарына жалынып тұрып, жылап тұрып, күн сәулесінің ең ақырғы алтын сынығын арғы бетке ұзатып салдың. Нәзік сәуле кенеттен ғайып боп, жападан-жалғыз жылаған үн сап тыйылды. Жан-жақтан дүлей дүбір кернеп, сан мың саз қосыла шырқалғанда, қайысқан қара орман жаңғырыққа тұнып, күркірей көтерілген ұлы әуен аспанға бір-ақ атылды. Вена орманының қиялдай ғажайып ертегі-әуендері есілдертіңді алысқа самғатып, биікке сіңіп жоғалғанда, сол ырғақ соңынан жүйрік көңілмен ұша жөнелгеніңде, ауа қарманған екі қолың көкке созыла қалды...

\* \* \*

Жанарын терезе әйнегінің аржағында мөлдіреген көгілдір кеңістікке қадап, әрлі-берлі қозғалуға халі жетпегендіктен шалқасынан жатыр. Етегі еденді сызғылаған жібек көйлектің жеңіл сусылын естіді. Сөйткенше-ақ, маңдайынан сипаған жұп-жұмсақ аялы алақанның әсерінен жүрегі мейірімге тұнып, тұла бойы сергіп сала берді.

Денінің сау кезінде кім ескерген, әйтпесе маңдайыңнан сипаған аялы алақан құдіретіне пара-пар не бар дейсің?! Беу шіркін, мейірімге толы жанар тілсіз түсініп, үнсіз еміреніп жатса, бұдан арғысын сұрап қажеті шамалы. Осы ғұмырының ішінде қанша жылы көзқарастың куәсі болды, өзі қанша адамның жүрегіне жақсылық дәнін себе алды, ара жігін ажыратып аларлық дәрмені болмағанымен, бір нәрсеге көзі анық жетеді — ұятымен, арымен ұстасқан тұсы жоқ. Қателескен, құлаған, өкпелеген, тіпті өзі де әлдекімді өкпелеткен тұсы жиі кездескен шығар, бірақ тірі пендені аяғынан шалған емес. Не істесе де — адалы-

нан, ақ пейілінен жарылатын. Ендеше, бұл дүниеден арқалап әкетер күнәсі жоқ.

— Аяулым Адель...— деп әлсін-әлсін ішінен қайталады,— күн шапағын шашып, қанша рақатына бөлесе де, оның әйтеуір бір сөнетіні, әйтеуір бір бататыны шындық қой, шындық...

Түні бойы орнынан тұра алмай қиналған Иоганн Штраус (бұл кезде 73-тен асқан) әлдеқандай тәңірінің, мүмкін, ып-ыстық саусақтардың құдіретінен есін жиды ма, ертеңіне ұзақты күн нота қағаздарынан басын алмады. Тұла бойында сергектік оянып, ұзақ уақыт жан-тәнін меңдеген сырқаттан құлан-таза айыққандай.

Талайдан бері көкірегін түйнеген үзік-үзік буындар енді өздеріне тиесілі ұйқасын тапқандай жүрегін қуаныш кернеді. Ап-анық боп саулай төгілген әуенді нотаға түсіріп үлгерейін деп, бәрін-бәрін іштей қайталап біраз жатты. Төңірегі жырға тұнып тұр екен-ау, терезенің кішкентай бөлігінен сағымдай қалықтаған ақша бұлттар тізбегі, одан әрі шексіз созылған әуе кеңістігі, жанына жайлы тиіп жатқан аяулысының жұп-жұмсақ саусақтары...

Шамырқана аққан Дунай толқындарының сарыны жетті құлағына. Орман шуылы мен көгілдір өзен ағысындағы мынау сарындағы ғажап ұқсастықты жас шағында — таң алдында сезініп еді. Қазір де соны түйсініп жатыр. Бірақ бір-бірінен әлі де дараланар, әлі де жіктелетін үндер бар екен-ау... Дәл қазір күннің барша атырапқа жайылған сәулесіндей, мұның да кеудесінен сондай күй төгіліп жатыр. Бұған дейінгісіне мүлдем ұқсамайды. Анау Дунай толқындары мен Вена орманының әнінен бөлек қанша құпия сыр жатыр жүрегінде. Сыртқа бұлқынады, асығады... Әттең, ақыл-ойы қаншалықты шалқар, өлшеусіз болса-дағы, соның бәрін жүзеге асыруға келгенде, адам баласының өмірі тым келте, өлшеулі ғана екен.

Бар ынтасы әлгінде кеудесін күмбірлеткен әуенге ауып, енді-енді таңғажайып хал кеше бергені сол еді, «Вена орманы ертегілерінің» соңғы буындарындай алапат күш жер-көкті керней жөнелді...

## ТАСТАН ТӨГІЛГЕН МҰҢ

Халық арасында алуан түрлі аңыздың өзегіне айналып, ғасырдан-ғасырға жетіп отыратын таңғажайып есімдер болады. Артына өшпейтіндей із қалдырған мұндай тұлғаларға қатысты кез-келген жайт адамдарға ерекше әсерін тигізіп, қандай да ұлттың тұтастай сипаты, этнографиялық негізі, эстетикалық көрінісінен елес береді. Қорқыт ата туралы сөз қозғағанда, жаңағының бәрі қосылып, ұлттық мағынадағы түсініктер барша адамзат рухының деңгейіне көтеріліп шыға келеді. Орта Азия елдерінің ішінде Қорқыт есімін иемденбейтін, оның философиялық танымымен етене жақындасып, өзімсінбейтіні некен-саяқ. Бұған таңданудың реті шамалы, адам-баласының арманынан туындаған ой, пікір, тұжырым нақтылы бір атаудың төңірегіне топтасып, уақыт алға жылжыған сайын түрлі ырғақта шырқалып, түрлі ыңғайда дамיתыны кездеседі. Міне, осыдан бір нәсілдің көзқарасы екінші бір нәсілдің игілік-мұратымен астасып жатады.

Қорқытқа байланысты қиялдай ұшқыр аңыздар мен ауызекі әңгімелер өте көп. Әр қилы халық өкілдері өздерінің арғы тегін, өткен тарихын Қорқытпен тікелей қатыстыра қарайтыны да заңдылық. Өмір мен өлімнің мәңгілік таласының шайқас алаңы — мынау жалпақ кеңістікте бәрі де өткінші десек, уақыт пен ұрпақтың арасын дәнекерлеп, тұрақтап қалар, сірә де, адамның миы мен санасынан туындайтын өнер шығар. Қорқыт атаға орай жүйеленген ғалым тұжырымдары

мен аңыздардың әрқайсысын таратып әкету бұл арада мақсат емес. Бірақ анықталған бір жайт: мейлі бүгінгі, мейлі ертеңгі толқын үшін, Қорқыт туралы аңыз-әуендердің әлеуметтік мәні ешқашан өшпейді. Қорқыт аты тұтастай құбылысқа айналып, қашан естісең де сезімді селт еткізетін, қалай тыңдасаң да жалықтырмайтын, әлемнің өзіндей шексіз аңыз-әуендер сан мың сауал тастап, парасатты ойға жүгіндіреді. Сол сан мың сұрақтың айналасынан адамның болмысын тани алсаң, аз болып па? Адамзат өзін танығалы бері өзін-өзі зерттеп келе жатқан жоқ па. Ендеше мұның бір сипатын Қорқыт ата — тарих қалыптастырған ұғымнан байқаймыз.

Біз үшін оның есімі ең алдымен көне ұлттық аспабымыз қобызды еске түсіреді. Қобыздың киелі иесі саналатын Қорқыттың соңғы жылдары музыкалық мұрасы жайлы қызықты деректер айтылып та, жазылып та жүр. Аңыздың дәлелге айналып бара жатқан осынау тұсынан Қорқыт атаға бағышталған қилы-қилы болжамдардың қай-қайсы да назар аударады. Әр кезеңде В. В. Бартольд, А. А. Диваев, В. М. Жирмунский, А. Н. Самойлович, А. Ю. Якубовский, Ә. Х. Марғұлан және басқа ғалымдардың бұл салада жазылған еңбектері, «Қорқыт дәдәмнің кітабы» төңірегіндегі көптеген зерттеулердің мәні әлі күнге шейін аса жоғары және солай бола бермек.

Ғылыми болжамдарды былай қойғанда, халық арасында кең тараған «Қорқыт» күйінен өз табиғатымызға тән бояу мен ырғақты соншалықты жақыннан сезінетініміз де рас. Сондықтан Қармақшының барқыт даласының сұлу төскейінде Қорқыт атаға орнатылған ескерткіш көзге де, көңілге де қуаныш ұялатып, кеңістік пен қозғалыстың символикалық бейнесіндей алыстан-ақ мен мұндалайды.

Негізгі арқауға қобыздың төрт сұлбасы алынып, дүниенің қай бұрышынан қарасаң да айқын көрінетін

ескерткіштің келбеті ерекше. Қайталанбас ұлттық өрнектен өріліп, техника мен өнердің төліндей кешегіден келер шаққа жалғасқан қобыз-таңба көкжиектің кез-келген бағытына бірдей құшағын айқара ашып тұр. Қобыздар әлемнің төрт құбыласынан зарлағандай баяулап кеп, ең соңында мүлдем жымдасып кеткен. Көк жүзімен астасқан ең далада бір өзі тұтастай архитектуралық ансамбль құрап тұрған тас мүсіннің жаны бар, демін ішіне бүгіп, тұншыға күңіренген үн бірте-бірте күшіне кіре бастайды. Жақындаған сайын нақ төбеңнен төне түсіп, жүйке-жүйкеңді бойлаған қобыз сарыны боп жалғасады.

Құлақ саңлауына жүгінсең, мұның өзі мәңгілік қозғалыстың ешқашан таусылмайтын жыры. Әлсіз шырыл, дәрменсіз күңірену емес, күн мен айдың, жер мен көктің, жұлдыз бен желдің өзегінен үзіліп-үзіліп туындаған сиқырлы саз. Жалаңаш сахараның қойнауынан құйылған әуеннен титтей жасандылық табу мүмкін емес. Өйткені симфониясы, оркестрі, дирижері — бәрінің ролін атқарушы табиғаттың өзі ғана. Жанталаса жүріп, былайғы шақта ескермейтін, тіпті мән берсек те санамызға әр кез сіңе қоймайтын, тіршіліктің сансыз құбылыстары дәл осы арада кенеттен ірі мағынаға ие боп жүре береді. Кенеттен ұзақ жылдар бойы іздегеніңді тапқандай, жаныңды қинаған сұрақтың жауабына кезіккендей хал кешесің.

Мәңгілік қозғалыстың үзілмейтін деміне шарпылғандай, әрі қуанып, әрі сескеніп, тас таңбадан төгілген аңыз — сарынның мысы биіктеп шыға келеді де бұған дейін астамсыған кеудені тас-талқан қылады. Мынау кеңістік пен көз ілестірмей зымыраған уақыттың алдында шексіз әлеммен тұңғыш рет бетпе-бет ұшырасқандайсың.

Адамның мәңгілікпен жүздескен сәтін көз алдыңызға елестетіңізші, қандай сезімді бастан өткізер екенсіз? Күдігі мен сенімі аралас, екі ұдай көңіл

күйде азап шегесің бе, әлде мәңгілік деген атаумен салыстырғанда, тірі пенде ғұмырының тым келте, тым қысқалығы тағы да жүрегіңді өкініш боп сызда-тып өте ме, жаныңның жараланып, мұңға бататының рас. Қалайда бірақ, мұның астарында адам баласының тұлғасын асқақтатар рухани мықтылық жатады. Тас пен желдің бірегей ынтымағынан жан-жаққа таралған әуен үзкітері тұңғиық ой мұхитына сүңгітіп алып, артынан тұла бойың жеңілденіп сала береді. Мелши-ген тыныштықты күңірене бұзып-жарып, қас-қағымда қалың ой орманын кездіруге мәжбүр еткен осынау әлсіз үннің қасиетіне қайран қалмау қиын-ақ.

Аспан астында сәт сайын бағытын өзгертіп, сан құбылатын тұрлаусыз желдің ыңғайына жығыла сарнай жөнелген кеңістіктің мазасыз ызыңы тіпті де бауырына тартпайды. Онсыз да қобалжулы көңілге үрей ұялатып, қантамырдан дәрменсіздік боп буады.

Адамның алдында дүние атаулы әбден шалқая-шалқая, аспандап кетеді. Манағы бір жанды жегідей жеген суық ой тағы кесе көлденеңдеп, қанша мойын-дамауға тырысқаныңмен, шексіздікпен жүздестірген мынау мазасыз ызың екенін амалсыздан ішіңе түйесің. Жер мен көктің құшағынан бұлқына ышқынған ызың тасқа тірелгенде, аптығы басылып, өзгеше сарынға ауысады. Міне, дәл осы тұстан өмір мен өлімнің арасындағы ешқашан бітпейтін күрестің ұзаққа созы-лар дау-дамайы басталады. Әрең естілгенімен, қойын-қолтығыңды аралап, сай-сүйекті сырқыратады. Әлсіз әуеннің негізінде айғайға бергісіз дабыл бар. Сыбыр-мен-ақ жетіп жатқан күшті дабыл. Әлденеге өлеңде-тіп алады да, есінді жиғызар-жиғызбаста сағынышы мен өкініші араласқан терең толғауға ұласады. Қор-қыт атаның айналасындағы аңыздардың алуан-алуан желісін аңғарасың бұл толғаудан.

Өмірдің құдайы, әлде өлімнің құдайы дейсіз бе Қорқытты, еркіңіз білсін, тек әйтеуір оның киелі



есім екеніне титтей күмән жоқ. Әулиені халықтың өзі туғызады, өйткені халықтан асқан әулие болмайды. Замандар бойы ұрпақтан-ұрпаққа көшетін аңыз, хикаялардан ұлы ұғымдар қалыптасса, Қорқыт атаның біздің сана-сезіміміздегі бейнесі соның тікелей нәтижесі. Қорқыт деген атаудан табиғат пен адамға тән қасиеттің кез-келгенін ұзақ сонар тарқатып әкетудің мүмкіндігі толып жатыр. Десек те, өмірдің шырқала берер жырынан көп жайтты үнсіз ұғамыз. Шыққан тегі мен аттанар жері белгілі ғой деп момақанси бас изескенімізбен, жарық дүниеге қонақ ретінде келіп-кетер адамзаттың рухы мәңгіліктің меңіреу күшінен бәрібір әлдеқайда мықты. Телегей-теңіз өлшеусіз ғарышта өлшеулі ғана ғұмыр кешетін қан мен жан иесінің қайрат жігерімен, қиялымен теңдесер ештеңе жоқ шығар. Бүлк-бүлк соғар жүрек дүрсілінен әлем қанша өзгеріп, қанша жаңғырды, әлі қанша өзгеріп, қанша жаңғырмақ?!

. . .

Түркі тілдес халықтарының, көшпенділердің әлеуметтік мазмұнынан, түйсіну, сезіну ерекшелігінен жинақталған Қорқыт атаның бүгінгі күнге жеткен тұлғасы қай дәуірде де маңызын жоймайды. Соның бір мысалын өзіміз тілге тиек еткен, Қызылорда облысының Қармақшы ауданында орнатылған ескерткіш мүсіннен көріп отырмыз. Манадан бері сол тас белгіден төгілген сарынның жүрек пен құлақ саңылауына тигізген әсеріне жүгінсек, енді осынау мәселенің таза техникалық жағына да сәл-сәл ойысып байқалықшы.

Жапан түздің ортасында, желдің өтінде көкке шаншыла өрмелеп, шанақтары түйіскен төрт қобыз — тас таңбадан үн қалай шығады? Бұның негізінде ең алдымен табиғаттың физикалық құбылысы жатыр.


Ұзақ жылдар бойы төгілген тер ақталып, шарқ ұра жанталасқан беймаза көңіл енді-енді сабасына түскендей. Ең бастысы — творчестволық еңбегі жемісінің халық кәдесіне асқанын сезінгені.

. . .

...Көкжиекпен ию-қиюы араласып кеткен даланың Жосалы алқабымен шектескен тұсындағы келбеті еріксіз таңдай қақтырады. Көздің жәуін ұрлап, бояудың небір түріне шомылған жазық беткейімен қанша жүрсең де жалықпайсың. Бір белден екінші бел асып, көкіректі қуаныш леп кернеген қалпыңнан айнымай, сағым жүгірген сайын далада еркін жүріп, құшағыңды кеңге сермейсің. Беу, жарық дүние, шалқар кеңістік, осының бәрін опасыз жалған деуге қалай ғана дәтің барар. Жайраң қаққан тіршілік тынысы кеудеңде күй күмбірлетіп, қылтиған көк шөптің жібек жел ырғағымен теңселе майысқанынан бастап, аспанда қалқыған, ертегі кейіпкерлерін елестеткен бұлттарға шейін өмірдің жасампаздығын жырлайды.

Маңдайыңнан сүйген самал әлдене деп сыбырлай ма, әйтеуір, бұл жердің ауасынан да әлқисса аңыз тарап жатқандай. Жер ортасының кіндігіндей, қай бағыттан қарасаң да, маңғаз қалпынан айнымаған тас таңба — төрт қобыздың шанағынан үрлеген жел Қорқыт күйіне ұласып, кеңістік құшағынан мәңгілік мекенін іздейді. Қобыз сарынының ұзаған жағына мойныңды созып, қалай адымдағаныңды өзің де аңғармай, зарлы әуеннің үзік-үзік буыны есіл дертіңді жаулап, соңынан жүгіре жөнелгеніңде, алдыңнан Ақсақ Қыздың моласы мұнартады. Жүздеген жылдардың демін бойына сіңіріп, құйын мен бораннан, жауын мен қардан, дауыл мен желден әбден мүжіле-мүжіле топырақтың бауырына тартылып, семуге айналған моланың бұдан бес, он ғасыр бұрын ба, қандай кейіпте болғанын елестету оңай емес.

# УБЕПТИОПА



Желдің аса жиі жылдамдықпен соғатын беткейінде орналасқандықтан, ауа райының осы мүмкіндігі ескерткіштің ұдайы мұңлы сазбен күңіреніп тұруы үшін шеберлікпен пайдаланылған. Көне музыкалық аспаптарымыздың ішінде қуыс қурайға ойық жасап, сан алуан дыбыс шығара алатын талай түрі кездескен. Құрылыс материалының күрделілігін ескермегенде, ескерткіштің о бастағы түп-төркіні де сондай музыкалық аспаптардың бірі. Ұшы бітеу темір құбырдың басында ойық жасалған. Қобыз шанақтарынан гуілдеген жел көлденеңінен қойылған тұтас темірге соғылып, тік тұрған құбырлардың кернеуіне жиналады. Құбыр іші ауаға әбден тығылып, ойық арқылы сыртқа жанталасады. Шанақтың ішіндегі қысым мен желдің күшінен, ауаның сыртқа теуіп, қайтадан лықсуынан құлақ құрышын қандыраар әуез төгіледі.

Шартараптан соғатын жел төрт қобыздың шанағы арқылы жетеді, мәселен жел оңтүстіктен соқса, сол жақ бөліктегі құбырлар, әйтпесе керісінше, іске қосылады. Тілмен айтып-жеткізуі аса қиын бұл жұмыстың тізгінін физика-математика ғылымдарының кандидаты Совет Исатаев иемденген.

Ауа райының құбылмалы мінезімен тасты «сайратып» қойған ескерткіш авторларын айтсаңызшы! Қорқыт ескерткішін салушы архитектор, Қазақ ССР Ғылым академиясы Философия институтының қызметкері Бек Ыбыраевтың көл-көсір еңбегі, творчестволық бағдары кім-кімді де бейжай қалдыра алмайды. Айтуға жеңіл болғанмен, қалың жұртшылықты елеңдетіп, алдағы кезеңде де қызықты зерттеулер мен болжамдарға жол ашатын, бүкіл бітіммен эстетикалық ләззәтқа бөлейтін Қорқыт ата белгісіне сіңірген қызметі өлшеусіз. Талмай ізденудің арқасында, шаршап-шалдыққанына қарамастан, асыл идеяны жүзеге асырып тынған Бектің еңбек жолында мұның өзі аса қиын да абыройлы мектеп іспетті екен, ойлап қараса.

жамырай жөнелгенде, жапырақтың шуылынан телегей-теңіз толқын көшетіні бар. Міне, сол сәтте орманның күрсінгенін ап-анық естисің. Тамылжыған тамыз тірлігіне мұның өзі тосын көрінгенімен, күні ертең-ақ төңірекке мұң шашып келер жүдеу шақтан еміс-еміс хабар бергендей. Беймаза бір ой шаншудай қадалса, не шара, ағаштардың сипаты да соны аңғартады, жап-жасыл жапырақтардың жанында мүлдем сарғыш тартқандары анадайдан оқшауланып, сағыныштың белгісіндей жүректі дір еткізеді.

Мәңгілік ештеңе жоқ, өсіп-өнудің, гүлденудің осынау кемелденген шағында тамыздың ұзаққа созыла қоймайтын жайсаңдығын пайдалана алмасаң, ешкімге өкпе артпа, кінәлі өзің ғана. Тіршіліктің өзек жарды құбылыстары адам баласының ыңғайына жығылып, тек қана құшағыңды аш дегендей, бұған дейін жасырғанының бәрін аямай төгеді. Ұзақ уақыт қызғыштай қорып, қызғанышпен мәпелеген аяулысын құтты жеріне қондырғандай жер-ананың мейірі қанып бусанып жатыр. Тамыз аспанынан тоқшылықтың бейқұт нұры тамшылайды.

Анда-санда екпіндей соққан желдің ығымен қою бұлттар үдере жөңкіліп, ауаны көгілдір бояудың жібек торғыны перделейді. Кеше ғана бет-жүзіңе қарамай шағып алар аптаптың қазір ізі де жоқ, өн бойыңды жадырата нәзіктікпен аймалайды күннің күміс шапағы. Орманның аржағына, беймәлім көкжиекке құлағалы тұрғанда ғана манағы алтын реңіне малынып, айнала атырапты тағы да сарғайған сағыныш сазына бөлейді. Күннің алтын буы шалған тұстары біразға дейін жымыңдап, орман қайтадан қалың ойға шомады. Сонан соң маужырай балқыған тамыздың тымық кеші басталады...

Тағы да бәрімізге белгілі аңызға жүгінеміз: Қорқыт күйін жақыннан естуге қырық қыз сапарға шыққан екен. Бұларға ақсақ қыз да ілеседі. «Сорлы-ау, саған не жоқ, мына түріңмен қалай жүресің, орта жолда өлесің ғой»,—деп, қырық қыз оны әбден мазақтайды. Ақыр аяғында жолдың азабына шыдамай қырық қыз қаза табады да, тек қана ақсақ қыз Қорқыттың күйін құмарынан шыға тыңдап, сол жерде жан тапсырған деседі.

Тағы да ойымыз сан-саққа бөлініп, адамның мәңгілікпен жүздескен сәтінің кәдімгі куәгеріндей құпия да мақтаныш халді бастан өткереміз. Аңыз сазына ерік берсең, тізгінінен ұстатпай мүлдем ауа жайылып кетеді. Әр сарынның аясында айғайлап айтылмаған, хаттап жазылмаған, көшпенділердің өмірді сезінуі, түйсінуі, зерттеуі жатыр. Ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойы қалыптастырған жер, тау, тас, ай, күн, дала сипатындағы философиялық танымның әулие Қорқыттың бейнесінде дамыған қасиетін қас-терлеп, тағзым ететініміз де сондықтан.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Алдағы уақытта «Өнер» баспасынан төл мәдениетіміз бен өнеріміздің көрнекті қайраткерлерінің өмірі мен творчествосына арналған «Өнердегі өнегелі өмірлер» сериясымен

СССР халық артисі Күләш Байсейітова жайында журналист С. Латиеваның — «Бұлбұл»;

СССР халық артисі Қалыбек Қуанышбаев туралы жазушы Т. Жұртбаевтың — «Дара тұлға»;

СССР халық суретшісі, СССР Көркемсурет Академиясының корреспондент мүшесі Қ. Т. Телжанов өмірі мен творчествосын толғайтын ақын С. Мұқтарұлының — «Ата мекен»;

СССР халық артисі Роза Жаманова жайында журналист О. Сағынаевтың — «Ақмарал сұлу еркем-ай» кітаптары жарық көрмек.

## ТАМЫЗ

Күн қызуының аптығы басылғанымен, ағаш-ағаштың арасынан сызаттаған алтын сәулелерден орманның іші думанға бөленіп, әлсіз дірілдеген жапырақтарына шейін әндетіп тұр.

Алыстан қарағанда бейнебір қорғандай тастүйін жатқан қалың жыныс қойнауына оңайлықпен бойлатпайтын сияқты еді. Енді кеп бауырына тартып барады, жақындаған сайын жылы ұшырап, жылт-жылт сырға тамшылар көздің жауын алады. Құстардың сайраған үнінен құлақ тұнып, тал, теректің ұшар басына қонақтаған желдің демі алыстан ескендей. Былайғы жерде әбден түсінікті көрінер жайттар қайысқан қара орманға тірелгенде, құпияға оранып шыға келетіні қызық. Таңғажайыптың бәрін ішіне бүгіп, қай кезде де өзгеше әлем кешер тоғай тынысынан саңлауы бар жан бірде аһ ұрып күрсінген, бірде шаттықтан айғайлап жар салған, бірде сыңси жылаған жыл мезгілінің сан алуан көңіл күйін сезеді. Тамыздың мынау маужыраған, қылтанақ шөптен бастап егіс даласындағы алтын дәнге дейін толысқан шағында орман да тұңғиық ойға шомып мүлгиді.

Өзінің нағыз бабына еніп, бал-бұл жанған тамызды қалай сынасаң да жүзі жарқын, діні жұмсақ. Көк пен жерді иектеген жылы шуақтың бұл аралықта топырақ нәрімен астасып, тасқа да жан бітірерліктей қуаты болады. Соның әсерінен дүниені ырыс-береке жайлап, мал-жанға мейірімін аямай төккен табиғаттың өзі де сылаң қаға, кез-келген көрініс көкейге қуаныш ұялатады. Тамыз айының мерейді үстем етер сиқырын ең алдымен түп-тұнық ауадан аңғарасың.

Үліп-үліп самалды дереу қағып алып жатқан зәулім ағаштардан сыздықтап төгілген әуен төменге жеткенше сыбыр-күбірге жалғасып әрең естіледі. Демін ішіне бүге сәл тына қалып, артынша бәрі қосылып






## Мазмұны

УВЕРТЮРА	
Медеу...о-о-о!	4
ПОРТРЕТТЕР	
Бәрі де домбырадан басталған . . . . .	10
Құдірет . . . . .	17
Мүсін тілі . . . . .	28
Мейірім . . . . .	35
Өмір тұнған толқын, ырғақ . . . . .	45
Із басы . . . . .	66
Бағы жанса бишінің . . . . .	72
Әлібек ән шырқайды әуелетіп . . . . .	80
Қиялда тоғысып сан тағдыр . . . . .	99
ЭССЕЛЕР	
Балқыған қорғасындай қайран «Гэкку!» . . . . .	110
Верещагин творчествосындағы шығыс әуендері . . . . .	124
Өнердегі Әлия бейнесі . . . . .	132
«Ақбай» . . . . .	144
«Құлагер» . . . . .	149
Тағдырлар талқысы . . . . .	159
«Вена орманының ертегілері» . . . . .	167
Тастан төгілген мұң . . . . .	179
УВЕРТЮРА	
Тамыз . . . . .	188

ҚР Үлгілі Ақпараттық технологиялар  
Национальн ақпараттық агентствасы РК



210030194415





**Магира Кожаметова**

**В МИРЕ ГАРМОНИИ**

Творческие портреты, эссе

*(на казахском языке)*

Рецензенты: **З. Сериккалнев, Ж. Темирбеков**

Редактор **С. Муктар-улы**

Художник **А. Ерискин**

Худ. редактор **Р. Наурызбаева**

Техн. редактор **К. Турымбетова**

Корректор **К. Аймакина, У. Махмутова**

ИБ № 211

Сдано в набор 15.08.83. Подписано к печати 14.11.83.  
Формат 70×108<sup>1/32</sup>. Гарнитура балтика. Усл. п. л. 8,4.  
Уч.-изд. л. 8,12. Тираж 6000 экз. УГ 21186. Цена 80 коп.  
Бумага офсетная 120 гр. Печать офсетная.

Издательство «Өнер» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.



Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1980 жылы «Күннің алтын сынығы» атты әңгімелер жинағы жарық көрген «Қазақстан әйелдері» журналында бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады.